

Марал Зейнел-Ғабиқызы



ӨЛЕНДЕРІМ-  
ЖҮРЕГІМНІҢ  
ЛҮПІЛІ





Издательство  
«Северный Казахстан»



**Марал Зейнел-Ғабиқызы**

**ӨЛЕҢДЕРІМ-  
ЖҮРЕГІМНІҢ  
ЛҮПІЛІ**



Петропавл қаласы 2021жыл

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналист, ақын, дәрігер, Марал Зейнел-Ғабиқызының "Өлеңдерім-жүрегімнің лүпілі" атты кітабына Тәуелсіз Қазақ еліне арналған жүрекжарды өлеңдері, "Ауылым Ортақкөлім - Атамекен" атты туған ауылы туралы естелігі және библиографиялық көрсеткіштері кірген. Автордың мақсаты өз өлеңдері арқылы өскелең ұрпақтың санасына патриоттық сезім ұялату.

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқырмандар! Құрметті менің жерлестерім, бауырларым!  
Осы аз ғана еңбегімді Сіздерге аманат етемін. Адам қанша өмір сүрсе де артына бір із тастайтыны мәлім. Қырық жыл дәрігер болсам да қол тигенде, көңіл толқығанда өлең жазу әдетім болды. Әрине өлең жазу әкемнен ауған қасиет екені баршаға белгілі. Менің әкем жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев 1960 жылдан «СССР Жазушылар одағының мүшесі» болған. Шалғай ауылда отырса да жазғандарын Алматыға жіберіп отырған. Көзі тірісінде талай кітаптары жарық көріп, ел игілігіне жараған. Адам оқып жазушы немесе ақын болмайды, табиғатында тегінде болса ғана өнері өрге басады. Мен әдебиет пен өнерге бала кезімнен жақын болдым. Оны мектепте ұстаздарым да аңғарды. Институтта да қабырға газетіне өлең жазып жүрдім, кейін аудандық газетке мақалалар жаздым. 1994 жылы облыстық теледидар ақын есебінде алғаш өлеңдерімді оқытып, елге танытты. Осы жинаққа дейін өлеңдерімді бірнеше рет аз ғана данамен кітап етіп басқан болатынмын. Ғұмыр өткен сайын сол жазғандарымды топтастырып, тағы да аз ғана данамен шығармақшы болдым. Мақсатым, келер ұрпаққа қазақ тілін, туған елін, туған жерін сүйөді насихаттау. Олардың нағыз қазақ болып өсуіне ықпал ету. Әр қазақ баласының ұлтын шексіз сүйгенін қалаймын. Ұлт мүддесіне еңбек етсе екен деймін. Қабыл алыңыздар!

*Марал Зейнел-Ғабиқызы Оспанова – ақын, Журналист,  
Қазақстан журналистер одағының мүшесі,  
дәрігер, мемлекеттік қызметкер.*

# АТА ЗАҢЫМ АРДАҚТЫМ

Қазақстан-оттан ыстық Отаным!  
Бауырыңда ойнақтаған ботаңмын.  
«Елім» десем, ет-жүрегім елжіреп,  
Өз тілімнің бал-шырынын тағамын.

Ата заңның аясында еркінмін.  
Сәні кірді бөркімнің де, көркімнің.  
Ұлттық сана, өнер, білім өркендеп,  
Қайда барса жолы ашық әркімнің.

Қуанамын әр бір атқан таңыма,  
Жыр құйылып, ән орнайды жаныма.  
Сүйсінемін жер жаннаты жеріме,  
Қайсар мінез, қажымайтын халқыма.

Төбесінде кең даламның көлбеген  
Желбіресін көк байрағы желменен.  
Алтын заңы-ата заңы әрқашан  
Бақ сынасын терезесі теңменен.

Азат елдің алтын заңын құрметтеп,  
Өту бізге өмір бойы болсын серт!  
Жаратқанның шапағаты мол болып,  
Жүректерге нұр-сәулесі толсын тек.

Ата заңым Елдігімнің белгісі,  
Қазағымның қасиетті болмысы.  
Ата заңым ақыл-ойдың жемісі,  
Таба алмайсың кем-кетігін, олқысын.

Күн астында, жер бетінде еркінмін,  
Еркін елде арманы жоқ ешкімнің.  
Атқан таңға қуанамын шаттанып,  
Ерке қызы сезінемін халқымның.

Жан аямай еңбек етіп келемін.  
Туған жерде желдей есіп, желемін.  
Бақыттымын, алаңсызбын сәбидей,  
Ертеңіме күмәнім жоқ сенемін.

Сөз бастаймын жасқанбаймын, сайраймын.  
Қорқып-үркіп көңіліме алмаймын.  
«Тура биде» туыс жоқ қой қашанда,  
Сөз келгенде іркіліп мен қалмаймын.

Соның бәрі Ата заңның аясы,  
Бар халыққа қамқорлығы саясы.  
Өсе берсін мәртебесі елімнің,  
Өсе берсін қазағымның баласы!

Қызыр келіп, бақыт қонсын басына!  
Ғұмыр берсін кәрісіне, жасына.  
Ата заңның әр бір сөзін ардақтап,  
Сай болайық Қазақ елі атына!

*1993 жыл*



## ӨЗ ЕЛІМДІ ҚАЛАРМЫН

Шолғыншыдай шолып шықсам жер бетін,  
Араласам төрткүл дүние төрт шетін,  
Елден ерек мегаполис қалалар,  
Ұмыттырмас ауылымның келбетін.

Мүмкін айтар, кімге керек ауылың,  
Көзі қысық сенің «қара» бауырың?  
Жан-жүрегім соларға тек езілер,  
Болғаннан соң кіндігім бір, тамырым.

Елден жырақ ұзап шыққым келмейді,  
Көңіліме кірсін менің «жел» мейлі.  
Таңғажайып бөгде елдің мекені,  
Болмас маған өз даламдай мерейлі.

Саяхаттап кетсем егер ел кезіп,  
Дәм татармын, отырармын бел шешіп.  
Болмас бірақ дәм-тұзымдай өзімнің,  
Қонағыммен бірге жеген кештетіп.

Басқа жұрттың жақсы сөзін естісем,  
Бар жаныммен ән-күйіне елтісем,  
Қазағымды толғандырып, толқытқан,  
«Қарағымға» қалай ғана жеткізем?!

Аңсамаймын аралдарын Канардың,  
Дәмі тартса мен де бірде барармын.  
Таңда десе таңғажайып мекен-жай,  
Бақ-тұрағым өз Елімді қалармын.

## ОТАНЫМ ДЕСЕМ...

Отаным десем, жүрегім менің езілер,  
Отаным десем, жанардан жасым төгілер  
Отаным десем, қуаныш кернеп кеудемді  
Жүрегім соғып, көңілде лаулар сезімдер.

Отаным десем, көлбейді жасыл белестер.  
Өреміз біздің өзгемен ертең теңесер,  
Отаным десем, мақтанып, тасып, тебіренем,  
Тек сонда менің айдарымнан жел есер!

Отаным десем, егіліп жаным елеңдер.  
Шабытым шалқып, оралар ойға өлеңдер,  
Отаным десем, қиялым ұшып қияға,  
Бақытты елдің ертеңі әркез елестер...

# ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ

Тәуелсіздік - өмір сүру жасқанбай.  
Тәуелсіздік – биік ұғым аспандай.  
Тәуелсіздік – адамзаттың арманы.  
Жарқыраған сәулесі мол ақ таңдай.

Бүгінгі күн қараймын мен қызыға,  
Желбіреген Тәуелсіздік туына.  
Көкіректі көрнеп шексіз қуаныш.  
Бусанамын бақытымның буына.

Ел басынан қыйлы кезең өтті шын.  
Ұмытпайды ақ патшаның тепкісін.  
Қырып салған «қызыл қырғын» аяусыз,  
Балқаймағын, зиялысын, тектісін.

Тәуелсіздік арман еткен қазағым.  
Көрген қиын жаугершілік азабын.  
Жүкті әйелдің ішін жарып қалмақтар,  
Нәрестесін найзаға ілген мазағын.

Дінсіздікті санамызға сіңірді.  
Ұмыттырды туған ана тілімді.  
Адастырды азаттықтың жолынан,  
Болды сәттер айта алмайтын шыныңды.

Халқым, міне, қайта түлеп сілкінді.  
Жаңа өмірге, жақсылыққа ұмтылды.  
Жаратушы күдірет күш шын қолдап,  
Танып, білді басқа халық ұлтымды.

Қонды біздің басымызға бақ құсы,  
Қуанбаған шаттанбаған жоқ кісі.  
Тәуелсіздік құтты болсын, халайық,  
Бейбіт өмір тыныш болсын ел іші!

## ТӘУЕЛСІЗДІК БАЯНДЫ БОЛСЫН!

Тәуелсіздік жасай берсін, жасасын!  
Қуанышым көңіл шалқып тасатын.  
Қазағымның маңдайына бақ қонып,  
Келді кезек жырдан шашу шашатын.

Орындалды асыл арман, ақ тілек.  
Төбемізде көк байрақ тұр желбіреп.  
Ақ аспаннан нұры жауып Алланың,  
Жарылардай қуаныштан бұл жүрек.

Аңсап күткен Тәуелсіздік таңы атты,  
Нұр-сәулесі санамызды оятты.  
Болашағы жарқын болып елімнің,  
Жер жүзіне жая берсін қанатты.

Жетіп жатыр түбегейлі мақсаттар.  
Халқымыздың абыройы асқақтар.  
Туған тілдің мәртебесін көтеріп,  
Арайланып атар талай ақ таңдар.

«Қазақ» деген «азат» деген сөз екен,  
Қазақ жері жерұйықтай бір мекен.  
Ата- бабам азаттықтың жолында,  
Намыс туын құлатпаған, бермеген.

Жорықтарда бес қаруын асынған.  
Қаһарынан жау жасағы шошынған.  
Ақылымен, айласымен ел қорғап,  
Болдырмаған басқаларды басынған.

Тәуелсіздік болсын мәңгі, баянды.  
Өткердік қой жақсыны да жаманды.  
Ашық аспан, ақ жол тілеп еліме,  
Жыр жазамын тербеп жүйрік қаламды.

# ТӘУЕЛСІЗДІК МЕЙРАМЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы!  
Желбіресін қазағымның байрағы.  
Қазақ елі күннен-күнге көркейіп,  
Гүлдей берсін ауылы мен аймағы.

Тәуелсіздік! Егемендік! Азаттық!  
Жер жүзіне жедел хабар тараттық.  
Қуанбаған ел қалмады біз үшін.  
Өзгелерді таң қалдырып қараттық.

Тәуелсіздік –арманы бар халықтың.  
Жеткізбейтін жұлдызындай ғарыштың.  
Мәртебесін ұлтымыздың асырып,  
Қазақ Елін бар әлемге таныттың.

Сан ғасырлар тілін, дінін жоғалтпай,  
Байтақ жерін басқаларға таптатпай.  
Ата - бабам сақтай білді біз үшін,  
Шекарадан хас жауларын аттатпай.

Нұрлы далам, сырлы далам жаңарды.  
Бүршік атқан жауқазындай жасарды.  
Бұлбұл құсым жүрегімді тербетіп,  
Көңіл –күйім шат-шадыман тасады.

Қазақ болып туғанымға қуанып,  
Тағдырыма тәубе айтып жұбанып.  
Шабытымды шақырамын мен бүгін,  
Жаратқан күш бізді қолдап тұр анық.

Тәуелсіздік болсын бізге баянды!  
Қызыр ата араласын даламды.  
Құт-береке орнай берсін Еліме,  
Күн шуағын төге берсін жеріме!

## ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ

Қазақ Елі - Егемен Ел - зайырлы!  
Тәуелсіздік құтты болсын, қайырлы!  
Бостандығы мәңгі болсын ылайым,  
Жоғалмасын салт-дәстүрі байырғы!

Тәуелсіздік - арманымыз арайлы.  
Аппақ нұры жүрегіме тарайды.  
Көкбөрінің көк байрағы желбіреп,  
Барша халық сүйсінумен қарайды.

Абройы аса берсін Елімнің!  
Бақ-дәулеті таса берсін Елімнің!  
Гүлге оранып, қаласы мен даласы,  
Көз ұялтсын көркемдігі жерімнің!

Елімізде өнер - білім өрлесін!  
Баршаңызға қазақ тілі дем берсін!  
Мемлекеттің жаны - қазақ тілінде.  
Қазақстан - Қазақ Елі, біліңіз!

Тәуелсіз Ел - Қазақ Елі, жасасын!  
Қуанғаннан тау суындай тасамын.  
Шаттанамын, еркелеймін Еліме,  
Елім үшін жырдан шашу шашамын!

## ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ - ЗОР АБЫРОЙ!

Ел үшін еңбек ету - зор абырой!  
Еңбексіз асқақтамас, өсіп мерей.  
Қырық жылдай келеді еңбек етіп,  
Бір қызың, айналайын, қалың Керей!

Таласып таңмен тұрып арайланған,  
Өсірді асыл әкем, қайран анам.  
Ұшырған баптап, тарап балапанын,  
Данагөй өздеріңді қайдан табам?!

Ризамын Тәңірімнің жазғанына,  
Арман, мақсат, талпыныс болғанына.  
Отбасы бақытын да нәсіп етіп,  
Адастырмай ақ жолға салғанына.

Ұстаздар ұлағатты естен кетпес.  
Оларсыз білімге еш қолың жетпес.  
Жаныма азық болды ғұмыр бойы,  
Ғибраты жақсылардың аты өшпес.

Қуанамын қазақ болып туғаныма.  
Жеріме кіндік қаным тамғанына.  
Шұрайлы, мағыналы, мәні терең,  
Ана тілім- қазақ тілі болғанына.

Еңбекке араластым он жетімде.  
Уақыт жоқ әлі күнге бел шешуге.  
Ризамын Егеменді Елім үшін  
Елу жыл шаршап- талмай тер төгуге!

## ЕЛІМ МЕНІҢ

Қазақ елі – туған елім – сен анам,  
Сені жырлап, толғанады бір балаң,  
Қайда жүрсем жүрегімнің төрінде,  
Көлбеп жатқан көгілдір тау, кең далам.

Шалқар көлім, орман, тоғай, өзендер,  
Бүлдіргенді жасыл жайлау, белеңдер,  
Төрт түлігі төскейінде жайылып,  
Қозы-лағы көрік берген көгендер.

Жазғытұрғы кара мақпал түні де,  
Шілдедегі аптап ыстық күні де,  
Жүрегіме жақын, маған саңқылдап,  
Көлде жүзген аққу-қаздың үні де.

Жырақ жүрсем асығамын жетуге,  
Ән мен күйін, әсем жырын естуге,  
Қазағымның қасиетін дәріптеп,  
Серт еткенмін өмір бойы өтуге!

Құдірет күш момын етіп жаратқан.  
Дүниеге жақсы көзбен қаратқан,  
Қайырымды, мейрімді қазағым,  
Жауға ғана берен мылтық дөп атқан.

Кең даламдай шексіз халық көңілі,  
Өзгелерге үлгі болған өмірі.  
Қамқор болып жетім-жесір, босқынға  
Бар халыққа мекен болған өңірі.

Қазақ елі - өскен жерім- сен анам,  
Бір өзіңе арнап талай жыр жазам.  
Бейбіт өмір, еселі еңбек тілеймін.  
Тарылмасын гүлжазира кең далам!



# ЖЕЛТОҚСАН БАТЫРЛАРЫНА

(НӘБИЖАН БӘЙТЕКОВҚА)

«Қазағым» деп Алатаудың асқар шыңын жаңғыртқан.  
Жүректері аттай тулап, басқа шапқан қызыл қан...  
Намыс оты лаулап жанып, жанарлары жарқылдап,  
Үстем ұлтты таң қалдырып, есін алып шошытқан.

Еркіндікті, бостандықты, азаттықты жақтаған.  
Әділеттің ақ жолынан таймай алға аттаған.  
Ата - бабам аңсап күткен жалаулатып арманын,  
Мыңдаған жас қыз - жігіттер ана сүтін ақтаған.

Желтоқсанның көк аязын жүрегімен жылытып,  
Оттай ыстық ықыласпен көктайғағын ерітіп.  
Жарқын жүзді, ақ көңілді, өрімдей жас өрендер,  
Жол көрсетті болашаққа көрмейтін еш кемістік.

Желтоқсанның батырлары –Егемен Ел ерлері.  
Ұмытылмайды әрқайсының қахармандық еңбегі.  
Ширек ғасыр өтті, міне, қасыретті күндерге,  
Офат болған қыз-жігіттер Егемендік көрмеді...

Желтоқсанның батырлары - мақтанышы Елімнің!  
Иелері, киелері салтанатты төрімнің!  
Жаны таза, ары таза, рухы биік қазақтар,  
Орын алған шокжұлдыздай көгінен әр көңілдің!

*2011жыл*

# ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТҚА

Армысыздар, замандастар, қандастар,  
Бармысыздар, азаматтар, ел бастар!  
Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы,  
Алып келдік Қызылжардан тойбастар.

Ауданымыз Қызылжардай өңірде,  
Таққандаймыз қызыл гүлді өңірге.  
Бүгінгі күн бақыт құсы сайрайды,  
Орнағандай көктем келіп көңілге.

Тәуелсіздік – қандай биік, тәтті ұғым.  
Тәуелсіздік – қуанышым, шаттығым.  
Еркіндігім, ана тілім – аяулым,  
Аңсауменен жеткен қолы халқымның.

Намыс, жігер, сана-сезім оянды.  
Өсіп көңіл кеуде керіп дем алды.  
Жүректерді кернеп шексіз қуаныш,  
Тілейді жұрт Тәуелсіздік баянды.

Кең даламда еркіндіктің таңы атты.  
Түледі ел қыран құстай қанатты.  
Өтті талай қиын-қыстау белестен,  
Көркейді жер, көбейттік біз санатты.

Қайраттанып қараймыз біз ертеңге,  
Түсері хақ қиындықпен әр теңге.  
Еңбектеніп, жұдырықтай жұмылсақ,  
Несібесіз қалмас бізде еш пенде.

Тәуелсіздік аса қымбат, әрине,  
Көк байрақты тіктік елдің төріне.  
Ие болдық шын мәнінде біз міне,  
Асқар таулар, аққу жүзген көліме.

Алдымызда көп қой әлі өткелдер,  
Жақсылықтар басымыздан өткерер.  
Сенімім мол, қонған бағын қазақтың,  
Барша халық ұшырмауға тер төгер...

Қазақстан – алтын ұя, туған ел,  
Қадіріңді Отан сүйген ер білер.  
Тәуелсіздік туын жықпай ешқашан,  
Тыныш өмір, бейбітшілік ел тілер.

Болсын елдің етек-жеңі жиюлы,  
Өзгермесін шекарасы қиюлы.  
Көз алартқан Егеменді еліме  
Көршілердің жөнін білсек тиюды.

Құтты болсын, Тәуелсіздік мейрамы!  
Орындалсын арман, мақсат ойдағы.  
Намыс туы желбіресін көгілдір,  
Жайнай берсін, жасыл жайлау аймағы.

*2001жыл, Аудан күніне.*

# ҚАЗАҚСТАН – АЛТЫН ҰЯМ

Қазақстан -  
Алтын ұям тұрағым.  
Ел таңбасы -  
Қалықтаған қыраным.  
Кең пейілді қазақ атты халқы бар,  
Азат елім,  
Теңдесі жоқ Тұраным.

Қазақ тілі -  
Бастау алған бұлағым.  
Елендейді ән мен күйге құлағым.  
Елдігіне сан ғасырлық қуанам.  
Сақтап қалған  
Салт-санасын, жыр-әнін.

Несібесін бір бөліскен өзгемен.  
Жамандыққа еш уақытта төзбеген.  
Ақша қардай, ақ ниетті қалпында,  
Бейбіт өмір, ізгілікті көздеген.

Бөтенді де  
Бөлесіндей санаған.  
Жатсынбаған.  
Жақынына балаған.  
Дастарханға толтырған бар мәзірін,  
Дархандықты үйренген кең даладан.

## ДАЛАМА

Жайсаң дала, жасыл орман жайқалған,  
Көркінді мен таңдай қақпай айта алман.  
Айдын көлім балқұрағы майысқан.  
Ерке қайық ақ толқынмен шайқалған.

Жампоз дала, жасыл желек жамылған,  
Жан рахаты бір өзіңнен табылған.  
Төскейінде төрт түлік мал тойынып,  
Құнары мол жайлауыңда жайылған.

Кәусар ауа, жарқыраған күн қандай!  
Күндей күлген керім, кербез қыз қандай!  
Бұлшық еті бұлтылдаған, бүлкілдеп,  
Қандай көркем қыр жігіті кең маңдай!

Дархандықтың белгісіндей далама  
Сүйсінбеуге таңданбауға бола ма?  
Кіндік қаным тамған жерге ынтығып,  
Сағынамын, сарғаямын, қалада.

## ЕЛ АСТАНАСЫНА АРНАУ

Жыр жазып тебіренем, толғанамын.  
Махаббаттың сыйқырлы жалғап әнін.  
Жер басып жүрген болсам азды-көпті,  
Ел үшін жан-жүрегім - жанған жалын.

Бағыт пен бағдардан еш адаспаймыз.  
Мүддесі жат елмен біз қолдаспаймыз.  
Жақсылыққа бір табан жақын жүріп,  
Достықты әруақытта ардақтаймыз.

Жерім бар Жерұйықтай ұлан байтақ.  
Жеріме тең келмейді ешбір аймақ.  
Бір сүйем жерін бермей жауларына,  
Ата-бабам найзамен қалған қорғап.

Қазақтың бақ-дәулеті таса берсін!  
Абыройы Елімнің аса берсін!  
Отанын, Елін сүйген азаматтар,  
Ел байлығын көбейтіп қоса берсін!

Әсем қала ежелгісің, сен Ақмола.  
Айнала гүлге оранған сай мен сала.  
Сәні мен салтанатың арта берсін,  
Сан ұлтқа пана болған, бұл астана!

Алғысым астанаға көп өзімнің,  
Куәсі ол - қиындық пен төзімнің.  
Арман қуып келген жап-жас шағымда,  
Орын берген ортасынан Елімнің.

Алты жылда оқудан бас алмадым.  
Неше түрлі дерттің түрін талдадым.  
Білім алып, мамандықтың иесі-  
Өмір жолын дәрігер боп жалғадым.

Қасиетті Қазақстан - Жерім менің!  
Соңы жоқ, жалғасы көп, жырым менің!  
Алтын діңің - астанаң өсе берсін,  
Жүрегі лүпілдеген туған елдің!!!

# ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Өзіңе арнап жыр жазам, Қызылжарым!  
Білгейсің осындай бір қызың барын.  
Гүлденіп, көркейе бер жылдан жылға  
Тұп-тұнық тыныштығың бұзылмағын.

Жырлаған талай ақын Қызылжарын,  
Кернеген тұлабойын нағыз дарын.  
Шын сүйгенге не жетсін туған жерін,  
Елі де ардақтайды асылдарын.

Жастығымның куәсі, Қызылжарым!  
Жазылмаған өзіңе көп жырларым,  
Сұлу Есіл, тал, қайың, қарағайлар,  
Көз тартады, бел, белес, көл, қырларын.

Қызылжарым, көрікті өлкем менің,  
Көріктісің халқыңмен төккен терін.  
Көбейткен ел байлығын ер-азамат.  
Арқау болған жырыма көптен менің!

## ҚЫЗЫЛЖАР ТУРАЛЫ

«Қызылжар» деп атыңды қойған бабам,  
Тарихы бай, сәулетті көркем қалам.  
Төрінде Абылайдың Ақордасы,  
Үш жүздің басын қосып ұрандаған.

Көшеңнен «Жібек жолы» басып өткен.  
Шаңдатып талай -талай керуен көшкен.  
Қасиетті топырағында Қызылжардың  
Дарынды өнерпаздар жайған өркен.

Қаламыз ерке Есіл жағасында,  
Сылдырап аққан баяу жар астында.  
Айнала майысқан тал қарағаймен,  
Көз тартқан ақ қайыңдар арасында.

Қызылжар елдігімнің белгісіндей,  
Жоғалмас қазағымның үлгісіндей.  
Тасқа басып жазғандай атауыңды,  
Жүрегіне бар қазақ бір кісідей.

Қызылжар - аманаты бабалардың.  
Кім білмейді осындай бір қала барын?  
Жайнасын, жарқырасын күннен-күнге,  
Шет жүрсе асығады балаларың...

Арман жоқ өз атыңды иемденсең.  
Елімнің картасынан орын тепсең.  
Әр қазақ шаңырағы шаттанады.  
Көтерілер менің де түскен еңсем.

Көз тастар әрбір адам өткеніне,  
Болашаққа, асығып күткеніне.  
Сенемін ғасырларға куә болып,  
Қызылжар «Қызылжар» боп өтпегіне.



# ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

Жұмағым менің, тұрағым менің- Қызылжар!  
Қызылжарда қазақтың қалың елі бар.  
Көңілі дархан, шырайлы көркем жандары,  
Шұрайлы алқап, даласы байтақ жері бар.

Есілі ерке есіліп жатыр қақ жарып.  
Долана, мойыл майысады ырғалып.  
Ормандары қарағайлы, қайыңды  
Көз тартады қалың өскен жайқалып.

Шалғы батпас шалғыны қандай десеңші!  
Балдай тәтті бүлдіргенін үзсемші!  
Қызыл жасыл гүлдерін теріп даламның,  
Бәріңе достар, гүлдесте жасап берсемші!

Көгілдір көлдер аққулар жүзген толқиды.  
Қыран құстар аспанды шарлап қалқиды.  
Төскейінде төрт түлік мал жайылып,  
Беткейінде еңбек үні шалқиды.

Қызылжарды ата-бабам жайлаған.  
Қыз ұзатып, келін алып тойлаған.  
Әншілер өткен аққу құспен үн қосып,  
Ақындары тереңен сөзді толғаған.

Ел қорғаған бағырлары болыпты.  
Жауды түріп елден әрі қуыпты.  
Балта Керей Тұрсынбайдай бабамыз  
Жоңғарларды қарсы келген қырыпты.

Азаттыққа қолы жетті қазақтың.  
Куәсі еді теңсіздік пен тозақтың.  
Ширек ғасыр Егемендік алғалы,  
Жарқырайды ашық аспан, алтын күн!

Елім менің, жерім менің Қызылжар!  
Өзіңе арнар жүрекжарды жырым бар.  
Кіндік қаным тамған жерім өзіңсін,  
Өскен ұям- анамсың сен, Қызылжар!

# ҚЫЗЫЛЖАРЫМ

«Қызылжар» деп атамады қызылдар да.  
Атамайды мекеме, ұйымдар да.  
Әулиелер қолдамай қоя ма деп,  
Атамайды кішілер, ұлылар да.

«Қызылжар» деп атаған аталарым.  
Беріп еді ұрпаққа баталарын.  
Аманатқа қиянат болары шын,  
Бақида тынши алмай бабаларым..

Қызылжардың тарихи тастары бар.  
Тастарында жазылған аттары бар.  
Қаланың жүріп өтсең көшесінен,  
Көрінбес көздеріңе хаттары бар.

Жүрегім қан жылайды, жаным күйіп.  
Жиырма жыл Егемендік алып тұрып.  
Тәңірдің ісіне мен таң қаламын,  
Осындай кереғарлық көріп тұрып.

Кеудемде жүрегім бар «елім» деген.  
Елі үшін талай адам жанын берген.  
Мен де сол аталардың ұрпағымын,  
Ел қорғап жау шапқанда көз ілмеген.

Жау іздеп көзімді мен алартпаймын.  
Жанымды түйткіл сөзге ауыртпаймын.  
Ел аман, жұрт тиыш боп жүре берсе,  
Мадақтап асыл сөзді сабақтаймын.

Бар халық ел мүддесін ойласа тек,  
Түйнегі шешілмеген шешілер ме ед?  
Қызылжар өз атына ие болып,  
Алланың нұры жауып шаттанар ма ек?

О, жұртым, аман болғын әруақытта!  
Көңілдің көкжиегін мұнарлатпа.  
Жарқын күн, жарық аспан аясында,  
Жетерміз біз де бір күн сол уақытқа!

## ТІЛЕГІМ МЕНІҢ

Баршаңызға тілейтінім жақсылық,  
Жақсылықтар бұл өмірде баршылық  
Ең алдымен аман болып отбасы,  
Алла берсін деніңізге саушылық.

Үміт-арман жетелесін бізді алға,  
Жетелесін биік-биік шыңдарға.  
Еңбек етіп, талмай, шаршап, қажымай,  
Абыроймен аттаңыздар жылдарға.

Өмір - өзен аға берсін тоқтамай,  
Жүріңіздер өкпе - назды сақтамай.  
Бір - бірінді құрмет тұтып, шын сыйлап,  
Адалдықтың аппақ жібін аттамай.

Тілеймін мен ұзақ ғұмыр баршаңа,  
Қиындықтар кездесе де қаншама.  
Бастарыңа қонсын келіп бақ құсы,  
Жақсылықты күтуден еш шаршама.

Өмір сүру оңай емес, әрине,  
Қиындықтың төзу керек бәріне.  
Күш-қайратты жиып, қысып уысқа,  
Жету парыз жақсылықтың төріне.

Жер бетінде аз ба, көп пе жүрсек те,  
Разы болып шаттанып шын күлсек те,  
Ізгіліктің қалсын ізі өшпейтін,  
Одан артық ештеңе жоқ білгенге.

Жер жаһанда жалғассын тек тіршілік.  
Аспанымда тұрсын алтын Күн күліп.  
Өсе берсін, өркендесін Еліміз,  
Жүректерде тұрсын әр кез сыр тұнып.

## ТІЛ ТУРАЛЫ

Бес қазақ отырамыз кабинетте.  
Сәлемдесу танертең «здрасте».  
«Қазақша хал сұрайтын күн бар ма?»-деп,  
Бір сұрақ жауап іздеп тұрады есте.

Басқа ұлттың көңілін біз көп ауладық.  
Жалынып жалбарынып аса алмадық.  
Иі жұмсақ ежелден исі қазақ,  
Өркөкірек өзгені баса алмадық.

Баса алмадық, теңіздей таса алмадық.  
Илеп жатса көзге де жас алмадық.  
Тоқпақтап төбемізден жерге тықса,  
Талпынып бойды тіктеп өсе алмадық.

Шыдадық «болмайық»- деп ұлтшыл, жікшіл.  
Адымды ашқызбады өңкей міншіл.  
Отыз жыл текке кетті жекпе- жекпен,  
Қанша сөз зая кетті болып «былшыл».

Орыс болу қазақтың өзіне сын.  
Айтамын осы сөзді ашына шын.  
Көшбойы озып жатыр басқа ұлттар,  
Болады олар тағы басынатын.

Жоқ емес ғалым, дана жастарымыз.  
Болашақтың тұтқасын ұстарымыз.  
Ұлт тағдыры сендердің қолдарыңда,  
Аманат қып тапсырып айтарымыз.

Болашағы Елімнің -өз тілінде,  
Дәстүрінде, Жерінде, өз дінінде.  
Десек те, кейбір қазақ түсінбейді,  
Не барын біле алмайсың көңілінде...

Мен үшін байлық, бақыт өз тілімде.  
Жарқырап сәуле шашқан Ай-Күнімде.  
Тілімнен қуат алам таусылмайтын,  
Тілімсіз шырқалмайды ән-күйім де.

Намыссыз болмайықшы, жан достарым!  
Түзу болсын сәлемің, қандастарым!  
«Аурудан әдет жаман»-деген сөз бар.  
Ары-бері тартысып арбаспағын!

# ҚАЗАҚ ТІЛІ - ЕЛІМНІҢ ЕРТЕҢІ

Қазақ халқы тілден майын тамызған.  
Баға жетпес шешендігі дамыған.  
Құдіретін көркемсөздің ұғынып,  
Көркемсөзге құдайындай табынған.

Қазақ тілі түркі елінің мәйегі.  
Сөзімнің бар дерегі мен дәйегі.  
Талай ғасыр тазалығы сақталып,  
Бола білген еліміздің тірегі.

Ата-бабам тілмен шешкен дауларын.  
Тілмен жеңген кей уақытта жауларын.  
Тас жармаса, бас жаратын сөзімен,  
Жүрген жоқ па аласартпай тауларын.

Асқақтаған әнімен де сәнімен,  
Болашағын ойлап әркез әріден,  
Намыс туын желбіретіп, құлатпай,  
Қазақ халқы келеді алда бәрінен.

Көкіректе жүрегіміз лүпілдеп,  
Жанып тұрса «тілім, дінім, халқым» деп,  
Болашағым жарқын болмай қайтеді,  
Елім тыныш, күнім тұрса күлімдеп.

Әр отауда жарық көрген нәресте,  
«Ана тілім - қазақ тілі» демесе,  
Өзгелермен, өзге елмен, әлбетте,  
Тұра алмаспыз тереземіз теңесе.

Қазақ тілін ғасырларға жалғасақ,  
Әр сөзінің мағынасын талдасақ,  
Ұрпақтардың санасына сіңіріп,  
Оқытуға, үйретуге талмасақ.

Қазақ тілі - Қазақстан тірегі.  
Қазақ тілі - қазақтардың жүрегі.  
Қазақтарды Қазақстан халқының,  
Барша халық ұйтқысы деп біледі.

Артық емес басқа тілді білуге,  
Дүние танып, ел қыдырып жүруге.  
Қанмен сіңіп, сүтпен бойға даритын,  
Ана тілінсіз болмайды өмір сүруге!

## АНА ТІЛІ

Қазақ тілі – ана тілім, асылым.  
Түлеп ұшар келді сенің ғасырын.  
Шыңы болған шешендіктің бабалар,  
Мұрат еткен ұрпағына жан сырын.

Ана тілім-құдыретті, Шын –пірім.  
Ана тілім-айтар әнім, Мың жырым.  
Ана тілім – сен бар жерде өлмек жоқ.  
Сен- жанысың, жүрегісің халқымның.

Ана тілім тамырларға тараған  
Ақ сүтімен әлдилеген анамның.  
Жүрегіме жырларымен дарыған  
Абай, Мағжан, Жамбыл сынды дананың.

Төнбесін бұлт ел-жұртымның басына.  
Шек келмесін абырой мен даңқыңа .  
Өскен сайын ел байлығы күн санап,  
Тіл байлығы жете берсін нарқына.

Ана тілім – ұлтымның жаны, жүрегі,  
Шаңырағын құлатпайтын тірегі.  
Ана тілім ғасырларға жалғасса,  
Орындар бабалардың тілегі.



## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қорқамын мен намысы жоқ жастардан  
Қолдың кірі – байлығына мастанған.  
Ел тағдырын бәске қойып, ойламай  
Аруағын ата-баба тапталған.

Табады әр кез жүйелі сөз жүйесін,  
Жүйесіз сөз ақылы жоқ иесін.  
Тіл мен дінге тиемін деп қозғама  
Қасиетті Жер-ананың киесін.

Алаңдатып отыр мені інілер.  
Елдің мұңын құлағына кім ілер?  
Тәрк еткенше болашағын халқымның  
Азаматы болсаңдаршы ел білер.

Қазағымның сақтаңдаршы елдігін.  
Батырлардың шешпендерші белдігін.  
Елін сүйген, тілін сүйген Қазақтың  
Көрсетпендер көз жасы мен кемдігін!

## АНА ТІЛІМ - ҚАЗЫНАМ

Қазақ тілі - ана тілім, қазынам.  
Жүрегіме өрнектеліп жазылған.  
Әннің сазын, жырдың мәнін ашатын,  
Жақсы көрем көркемсөзді жасымнан.

Сөз сөйлейміз тілдің майын тамызып,  
Қуанамыз сөзден маржан тағынып.  
Шешендіктің тұнығынан нәр алып,  
Ән мен жырым жатса, шіркін, ағылып.

Аса берсін абыройы тілімнің.  
Ашық болсын көкжиегі көңілдің.  
Дарқан далам, дарынды елім аман боп,  
Көк аспаннан нұры жаусын Тәңірдің!

## ӘКЕМДІ ЕСКЕ АЛУ

Өткенге көз жіберіп ойланамын.  
Тереңнен тебіреніп толғанамын.  
Әкемнің ақ дидарын шын сағынып,  
Мың мәрте ой әлемін шарлағамын.

Алдында ақ қағазы, қолда қалам,  
Көз ұшында көкорай нұрлы далам.  
Қос көлдің қу-қазына құлақ түріп,  
Ойларын өрбітетін болмай алаң.

Таң сәріде жазатын тың ойларын,  
Жайлаудағы шопанның мың қойларын.  
Жыл сайын миллиард пұт астық басқан,  
Диханшы қазағымның көп тойларын.

Көркем сөз -жан азығы өзі сүйген,  
Көңліне жастайынан танып, түйген.  
Мол еді жыйнағаны ел аузынан,  
Көз көрген, құлақ естіп, қолға тиген.

Тарихтың парактарын жазып кетті,  
Бір туар тұлғаларын танып кетті.  
Ұрпаққа танытуды мақсат етті,  
Ақыны Баймағамбет Ізтөлинді.

Әзілдесіп ортаңда отыратын,  
Кенелтіп көп қызыққа батыратын.  
Көнекөз қариялар келгенінде,  
Ақ таңды әңгімемен атыратын.

Қызғаныш бақталастық жат болатын.  
Жақсыға көңілі өсіп, шат болатын.  
Дарытпай жаман әдет, жат қылықты,  
Сегіз қырлы, бір сырлы мәрт болатын.

Әлі күнге жоқтайды ауылдасы,  
Бірге өсіп, бірге жүрген қауымдасы.  
Әкемсіз, оның мәнді сөздерінсіз,  
Ортайып қалған жоқ па ел ортасы?!

Бағбандық, аңшылық та кәсібі еді.  
Жыл бойы үйдің маңы жасыл еді.  
Ішінде ақ қайың мен алма ағаштың,  
Мың жылдық қарағайлар басым еді.

Ортақкөл- атамекен қасиетті,  
Жазушылық әкеме нәсіп етті.  
Қос көлі- қос айдыны балқұрақты,  
Ғұмыр бақи өзіне ғашық етті.

Айнала тұмсық өтпес қалың орман,  
«Қасқырлы», «Ақшалғын» мен «Қойқамалған»,  
Әкеммен аралаушы ек бала кезде,  
Қойнауын бүлдіргенге тұнып тұрған.

Балалық шақ- бал дәурен қайта келмес,  
Жадында жаңғыратын өнер өлмес.  
Ел үшін, ұрпақ үшін терін төккен,  
Туған жер тұлғалары төмендемес!

Мен әкемнің ақын жанды қызымын.  
Артындағы жоғалмайтын ізімін.  
Шабыт келіп шайқап кетсе санамды,  
Қап түбінде жата алмайтын «бізімін».

Суыртпақтап сабақтаймын сөзімді,  
Қайсармын мен қиындыққа төзімді.  
Сенемін мен Жаратқанның барына,  
Сүріндірмей алып жүрген өзімді.

Әкем менің ең бақыты жан екен.  
Тоқтаса да өз жүрегі кенеттен,  
Лүпіл қағып он жүрегі артында,  
Асыл жары босағасын күзеткен.

Соның бірі – мына менің жүрегім.  
Әкем үшін үзіп, жұлып беремін.  
Әке арманын желбіретіп желкендей  
Ақ айдында ақ кемемен келемін.

## ӘКЕНІ АҢСАУ

Өмірге келдім  
Жазғы бір күні шілдеде.  
Кінәлі жандай  
Кешемін бір күй мен неге?  
Өйткені әкем  
Тосқан ғой сонда ұл бала,  
Үшінші мәрте  
Берді екен Алла қыз неге?  
Ұл болсам,  
Шіркін, әкеме серік болар ем,  
Шаршаған шақта  
Қолтықтан сүйеп берер дем.  
Ел-жұртқа аян,  
Көп тосты әкем ұлдарын.  
Армандап жүрді  
«Кеңейер ме екен керегем?»  
Шырылдап кейін  
Ұлдары келді дүниеге.  
Одан артық  
Қуаныш бар ма дүниеде?  
Екеуі де  
Қахарлы қыста туған соң,  
Салқындау тұрар,  
Өссек те бірге, бір үйде.  
Мінезім кіді,  
Жүрегім жылы адаммын.  
Көкірегім ояу,  
Иірімі көп санамның.  
Жүз жасармын  
Жүре берсем куә боп,  
Жаксы ісіне,  
Сүйсініп қос баламның.  
Әкем менің  
Құштар еді өмірге.  
Құштар еді  
Жақсылықты көруге.  
Қалушы еді  
Сәл нәрсеге күйзеліп,  
Шыдамайтын,  
Нәзік жаны төзуге.

Мен әкемді  
Сағынамын, жоқтаймын.  
Жылап, жылап  
Мойынұсынып тоқтаймын.  
Әке арманын,  
Әке туын құлатпай,  
Қуат жетсе  
Әке үмітін ақтаймын!

## ӘКЕМ ТҮСІП ЕСІМЕ...

Көргенде ауыл қарттарын,  
Қараймын ұзақ тесіліп.  
Жан әкем түсіп есіме,  
Жүрегім тұрар езіліп.

Балалық шақтың базарын,  
Ортаңда, қарттар, өткіздім,  
Еске алып бүгін сіздерді  
Сағынып сәлем жеткіздім.

Ауылым менің ерекше  
Бай еді балғын бөбекке.  
Шақырушы еді сан отау  
Жыл ара қалжа жемекке.

Он шақты бала бір үйде  
Тебісіп өскен құлындай.  
Бытырап бүгін жан-жаққа  
Кетті ғой артқа бұрылмай...

Барғанда елге сағынып,  
Қарттардың халін сұраймын.  
Шетінеп кетсе біреуі,  
Күйзеліп қатты жылаймын.

## ӘКЕМЕ

Мен, Марал, Зейнел-Ғаби әкем аты.  
Керей Балта Бексейіт арғы заты.  
Ата-бабам мекені Ортақкөлден,  
Өркендеп өсіп, өнді көп жекжаты.

Тізетін әкем менің сөз маржанын.  
Түсінетін тереңнен сезім сазын.  
Жыр етіп жақсылықты өмір бойы,  
Қарсы алған зор үмітпен әрбір таңын.

Қадірлі, қарапайым, сүйкімді еді,  
Жақсы көріп әрқашан сүйсінді елі.  
Суық ажал кетті алып арамыздан,  
Көп болды қапаланып, күйінгелі...



## БАС ИЕМІН ӘКЕМЕ

Аққу сынды, қасиетті жан әкем,  
Адалдыққа баулап мені үйреткен.  
Қайратты, қасиетті, қажырлы еді,  
Тасты жарып шыққан гүлдей таңертең.

Алыс кетсем сағынар ма мені кім?  
Армандарға қанат жалғар енді кім?  
Туа біткен талантыңа бас иіп.  
Іздеріңнен ізгі өнеге іздеймін.

## АНАМА

Анам менің, алақаны аялы.  
Бәйтеректей көлеңкелі саялы.  
Өсіп, өрбіп, ұрпақтарың көбейіп,  
Бүгін, міне, бір елуге таяды.

Уақыт зулап, көз ілеспей барады.  
Көңілде тек естеліктер қалады.  
Куәлері қиындықтар көп көрген,  
Ажарыңда әжімдердің торабы.

Он баланың ардақтаған анасы.  
Отбасының ақылшысы, панасы.  
Бибәтімә анамыздай асыл зат  
Балаңыздың Сізге берер бағасы.

Әкем үйі –қара шаңырақ мекенің  
Өмір бойы жақсылық тек еккенің.  
Кім білмейді, жан анашым, асылым.  
Еңбегіңнің ұланғайыр екенін.

Қартайғанда көңіліңді табатын,  
Көрпенді де қымтап әркез жабатын,  
Науқастансаң сусын беріп жұбатар,  
Балалар бар отыныңды жағатын.

Тәубе- дейік жаратушы Аллаға.  
Аллаға шек келтіруге бола ма?  
Нәсіп болсын ұзақ ғұмыр өзіңе,  
Шарапатың тие берсін балаңа!

## ӘЙЕЛ-АНА, ӘЙЕЛ-ЖАР

Әйел-ана, әйел-жар, әйел-пана,  
Ұрпақты өрбітер тек әйел ғана.  
Әйел-дос әйел-ердің ақылшысы,  
Әйелден туған батыр, ғалым, дана.

Әйелсіз бір шаңырақ көтерілмес,  
Заңдылық өмірдегі өткерілмес  
Ананы ардақтайық, құрметтейік  
Ана алдында борыш көп өтелінбес.

Ана-өмірдің бастауы, балбұлағы,  
Бауырында баласы-балқұрағы.  
Күн көзіндей мейірім, шуағы мол,  
Аналардың біз үшін кең құшағы.

# АНАМА

## АНАМ КӘМЕШ БАЙҚАСҚЫЗЫНА

Ұйықтамайсың, мен сырынды білемін.  
Қашан тудым, қалай өстім, түледім?  
Ұзақ түнде, онымызды он ойлап,  
Езіледі, елжіреді жүрегің.

Күзетесің, телефонды күн ұзақ.  
Сыр тартасың, шашасың сен құмалақ.  
Әлде қайсы келе ме деп далаға,  
Шығасың сен неше қабат қарайлап.

Сен талмайсың қара жолға қарауға,  
Жаратқаннан жақсылықты қалауға.  
Балалардан жақсы хабар жетсін деп,  
Қайран шешем, күтесің сен қалай да.

Анам менің, жан анашым, сен асыл,  
Қолың созып шақырғандай боласың.  
Махабаттың құдіреті осы екен,  
Самғап келіп, көкірегіме қонасың.

## ОШАҚТЫҢ ОТЫН ӨШІРМЕЙ...

Қара шаңырақ,  
Ол - әкемнің қасиетті тұрағы.  
Түкпірінде жүрегімнің тұр әне.  
Еңселі үй жасыл шырша сәнімен  
Ел назарын тек өзіне бұрады.  
Қайран шешем, қоңыр күзде,  
Көшіп қонды қалаға.  
Тағдыр солай, қарап қалды  
Келін менен балаға.  
Әке аруағын риза етпей,  
Босағасын күзетпей,  
Сезінді анам, еш қажетсіз  
Қалғандай бір далада...  
Оңашада анам талай  
Көлдей етті көз жасын.  
Бұрды ақыры... елге қарай  
Көңілін де, көш басын.  
Ошағының отын жағып,  
Жаңа түскен келіндей.  
Қайраттанып жүреді ол,  
Қартайғанын сезінбей.  
Суымашы, алтын ұям,  
Ақ босағам аяулы.  
Мен өзінді қалай қиям,  
Жан-жүрегім қаяулы.  
Түсіме енді әкем менің,  
Өңі жарқын, алаулы...  
Күдіктенем, қанша қалды  
Ана өмірі санаулы...

## АНА ТІЛЕГІ

Түтіні түзу ұшсын деп,  
Қонағы дәмді ішсін деп,  
Сиыры сүтті болсын деп,  
Құт-береке қонсын деп,  
Ертелі кеш бір тынбай,  
Қайраттанып, қажымай,  
Қиындыққа жасымай,  
Мақтанып асып, тасымай,  
Анам Кәмеш жүретін.

Он баланы жылатпай,  
Күйдіріп және құлатпай,  
Жақсылыққа жақын ғып,  
Жамандықты дарытпай,  
Жыртық көйлек кигізбей,  
Ізгілікпен егіздей,  
Жаны дәрия теңіздей,  
Ақ көңілді ақ жарқын,  
Анам Кәмеш жүретін.

Немере өсіп келеді,  
Жиендер де жүреді,  
Жиеншарын сүйеді,  
Шаттанып анам күледі.  
Ұлдары да ұлықты,  
Қыздары да қылықты,  
Келіндері келбетті,  
Күйеулері сымбатты...  
Тілемейді өзге қымбатты.

## АНА БАҚЫТЫ

Аналардың шын бақыты балалардың көзінде,  
Балдай тәтті былдырлаған бөбегінің сөзінде.  
Көрінеді - ау жас баладай көңіліне ананың,  
Шаңыраққа ие болып, әке атанған кезінде.

Анасы үшін өз баласы дүниенің байлығы.  
Аспандағы жұлдызы мен жарқыраған ай-күні.  
Айналады, толғанады, Жасағаннан тілейді,  
«Сөнбесінші жарығы» - деп, «лайланбасын айдыны».

Көбейтеді ұрпақтары аналардың бақытын.  
Ұзартады ғұмыр -жасын, қызықтарын, уақытын.  
Шөберелер, шөпшектермен қаумаласа жан-жақтан,  
Әжелердің қайрағандай қайраты мен қуатын.

Қуанғанда әжелердің әжімдері жазылар,  
Жүрегінен неше түрлі жылы сөздер табылар.  
Көлдәрия көңлінен ақтарылар ақ тілек,  
Періштелер іліп алып, Жасаған күш қабылдар.

Аналарға қажет емес алтын, гаухар, асыл тас,  
Көңілді жайып салып, әңгімелес, ақылдас.  
Тіршілікте аналардың ауыртпайық жүрегін,  
Өкінбейік айрылғанда жуып бетті ыстық жас...

## АНАМ КАМЕШ БАЙҚАСҚЫЗЫНА

Камеш Байқасқызы, Зейнел-Ғаби зайыбы,  
Айтсам менің сөзімнің бар байыбы.  
Асыл анам, алтын анам, анашым,  
Мадақтасам жоқ қой оның айыбы.

Он баланың анасы да, панасы.  
Жүрегінде болмақ емес аласы.  
Орны бөлек Зейіні мен Зейнұрдың,  
Көз-айнаның ағы менен қарасы.

Анам отыр ақ босаға күзетіп,  
Отын жағып, түтінін тік түтетіп.  
Сеңгіріне сексен жастың шықса да,  
Жасымайды, қажымайды күш кетіп.

Анам менің асылдардың сынығы.  
Аталары ел билеуге жараған.  
Ағалары елі үшін, қан кешіп,  
Ерте кеткен шәйіт болып арадан.

Өзі де сол отқа оранған жылдарда,  
Өгіз айдап, соқа тартып қырларға,  
Жеңіс күнін жақындатып бір қадам,  
Сіңірді еңбек өмір жырын жырларға.

Жасағаннан жақсылықты мол тілеп,  
Бала -шаға арнап отыр көп тілек.  
Тулап, толқып, лүпілдейді соғады,  
Айналғандай бір жүрекке он жүрек.

Бұл дүниеде армансыз жан болмаған.  
Анамызды Алла әруақыт қолдаған.  
Орындалсын барша арманы анамның,  
Болмасын күн көңілі оның толмаған.

Аққу жүзген шалқар көлдей көңілі.  
Үлгі-өнеге ұрпақтарға өмірі.  
Бүгінгі күн туған күнін тойлауда,  
Туған жері – Ортақкөлдің өңірі.



Жүзге келсін аман болсын анамыз,  
Ақылшымыз, жолбасшымыз, данамыз.  
Бақытты өмір, зор денсаулық тілейді,  
Шын жүректен өсіп-өнген балаңыз.

# АНАМА

Асыл анам, алтын анам, ардақтым.  
Ең әдемі, ең маңызды, салмақтым.  
Борышымды тырыссам да ақтауға,  
Өмір бойы қарыздар боп қалмақпын.

Асыл анам, сана бердің ойлайтын,  
Өмірдегі жақсылықты қолдайтын.  
Сүйетін сен жүрек бердің үзіліп,  
Махаббаттың гүлін бердің солмайтын.

Көңіліме көрік бердің көктемдей,  
Жауқазыны жаудыраған бөктердей.  
Көзімді ашып алғаш саған қарағам,  
Сенен алғам жан шуағын, жан анам!

Біз ауырсақ, ол да от боп жанатын.  
Күні түні жанымызда болатын.  
Аппақ оның ақша қардай көңілі,  
Елестетер аққулардың қанатын.

Қазақ тілін - ана тілін үйреткен,  
Шығарып тек айтқан сөзін жүректен.  
Құдіретті Сөз өнерін құрметтеп,  
Анам менің көңіліме гүл еккен.

Асыл анам, алтын анам, ардақтым,  
Білемін ғой түскенін көп салмақтың.  
Он баланы азамат қып өсірдің,  
Қызығын көр елу шақты ұрпақтың!

# АНАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 40 КҮН

Аққудай аппақ анашым.  
Ақылды, текті дана едің.  
Жаны ашып бізге жүретін,  
Асқар таудай пана едің...

«Атамекен елім» деп,  
«Алтын бесік жерім» деп,  
Бармадың, анам, ешқайда,  
«Қадірлер менің төрім» деп.

Арманың анам көп еді.  
Пейілің сенің кең еді.  
Парасатың, көркің де,  
Ханшайымға тең еді.

Шақырсақ енді келмейсің,  
Жадырап бізбен күлмейсің.  
Қарсы алып шексіз қуанып,  
Еміреніп иіскеп сүймейсің.

Жұмақта болсын орының,  
Нұрға толсын қабырың.  
Қалғанға берсін береке,  
Көбейе берсін шөбере.

Шаңырағы шайқалмай,  
Өсе берсін ұрпағың.  
Еңбек етіп еліне,  
Үмітіңді ақтасын!

## ТУҒАН ЖЕРГЕ САҒЫНЫШ

Қандай ыстық жанға жақын туған ел.  
Көк шалғынды жасыл жайлау алтын бел.  
Жұпар жұтып төскейінде аунасам,  
Сергітеді, сейілтеді салқын жел.

Көз алдымда айдын шалқар көлдерін.  
Аңсап суын бұлақтардың шөлдедім.  
Қиыр Шығыс, Қап тауын да аралап,  
Сенен артық, сенен асыл көрмедім.

Қайда жүрсем сағынамын өзіңді,  
Аялаймын суытпай сол сезімді.  
Аңсаймын мен артта қалған алаңсыз,  
Келте бұрым, кекілді бір кезімді.

Іздеймін мен асыл әкем іздерін,  
Ғұмырының жарқын жазын, күздерін.  
Ізгі істері сайрап жатса жолында,  
Қалай маған іздерімен жүрмегін?

Ата – бабам арманына жеткен жер.  
Кірін жуып, кіндік қаны кепкен жер.  
Талай ғашық махаббатқа мас болып,  
Алаулатып бақыт отын өткен жер.

Туған жерім, мен өзіңнің бір балаң.  
Көз алдымда гүл жазира кең далам.  
Еркімнен тыс көздеріме жас алып,  
Сағынамын, сарғаямын, қиналам.

Ыстық маған ауылымның баласы,  
Ақсақалды көнекөз қарт данасы.  
Ошағының оты өшпесін ешқашан,  
Гүлдей берсін дархан, дара даласы!

## ЖҰЛДЫЗДАР

Ауыл түні ғажап қандай тамаша!  
Тұрар аспан дәл төбеңде аласа.  
Алтыбақан ай астында тербелер,  
Жастар ойнар ақсүйекке таласа.

Айналаны қараңғылық басқанда,  
Сансыз жұлдыз жымыңдайды аспанда.  
Анда-санда сырнайлатар көлбақа,  
Жұрт тыныстап, тойынған мал жатқанда.

Таң атқанша айлы түнде ойнаймыз,  
Жастық жарқын, ойынға біз тоймаймыз,  
Ертегі айтып, ән саламыз әуенді,  
Мақпал түнге қызығуды қоймаймыз.

Таласамыз ең әдемі жұлдызға,  
Мың құбылар ғарыштағы құндыздар.  
Жамандыққа жорушы еді үлкендер,  
Ағып түскен арман ба, әлде жұлдыз ба?!

Қара мақпал түні қандай Елімнің!  
Құнарлы, бай жері қандай елімнің!  
Ұқсамайтын еш уақытта ешкімге,  
Дана, дархан халқы қандай елімнің!

Жұлдызың, Елім, биік тұрсын ұдайы,  
Бағыңды бастан ұшырмасын құдайым.  
Еркіндікке қолы жеткен халқымның,  
Мәртебесі биік болсын, ылайым!

## ЖОЛДАР, ЖОЛДАР...

Қараймын да тарам - тарам жолдарға  
Батамын мен терең теңіз ойларға.  
Бұл жолдармен ақын Абай өтіпті,  
Бала Шоқан ғылым іздеп кетіпті...

Сапар шеккен хан Абылай қаншама,  
Батырлары, билері де ханша да.  
Қанша халық Меккеге де аттанған,  
Ұзақ сапар тым қатерлі болса да.

Жолдар, жолдар... Оларға егер тіл бітсе,  
Айтар еді кімдер өтті, кім кетті?  
Қанша ғалым, саяхатшы, саяткер,  
Арманына кім жетпеді, кім жетті?

Көшіп-қонып осынау кең далада  
Ата-бабам бағзы сол бір заманда.  
Кең пейілді, парасатты қалпымен,  
Намыс туын құлатпаған қалай да.

Бұл жолдарды ата-бабам күзеткен,  
Сан ғасырлар көш-керуен көп өткен.  
Тізбектеліп өтіп жатқан заман-ай,  
Көзден таса, кетпеген тек жүректен.

Жауға шапқан Балта Керей Тұрсынбай,  
Аруакты Ағынтай мен Қарасай.  
Бұл жолдарға қаны тамған азаткер  
Бабалардың Кенесары, Наурызбай.

Жолдар, жолдар, асықтырып арманға  
Жетелейді асқар биік тауларға.  
Көк шалғында жұпар жұтып, дем алып,  
Жетейінші қарағайлы орманға.

Жолдар, жолдар қалсын сенде іздерім,  
Беймәлім тек өтпесінші күндерім.  
Тіршілікте еңбек етсем Еліме,  
Тілер едім ұрпақтардың білгенін.

## ҚИМАСЫМ

Жолдарыма қыр гүлінен қызыл кілем жапқандай,  
Арайланып қызарып күн бақыт тілеп батқандай.  
Оралғанда боламын мен қимасымды тапқандай.  
Ұзап шықсам жүрекке мұң бейне мұз боп қатқандай.

Ерке бұлақ күміс кәусәр сылдырап жәй аққандай.  
Шық түскенде жапырақтар мөлдір моншақ таққандай.  
Туған жердің таңы маған әр кез күліп атқандай.  
Сиқыр сағым толқынданып, қолын бұлғап жатқандай.

## ҚАЗАҒЫМ

Қазағым әнші, күйші, дүлдүл болған,  
Көңілі бейне бақша бұлбұл қонған.  
Қаймықпаған билері хан алдында  
Қасқайған батырлары берік қорған.

Түркі тек күн еркесі, еркін болған.  
Төсінде туған жердің көшіп-қонған.  
Той жасаған, ас берген, көкпар тартқан,  
Төзімді, айласы мол оңнан-солдан.

Қазағым жау алдында тайсалмаған.  
Қыздары да қаһарман қайсарланған.  
Қан төгіп, жанын қиып жорықтарда,  
Кең даламды біз үшін сақтап қалған.



## ТІЛЕГІМ

"Қазағым" - деп мен айтпасам, кім айтар?  
Болмақ емен сылбыр, селқос, жайбасар.  
Өркендесе елім менің екпіндеп,  
Қуат алам қуаныштан мың жасар.

Кейбіреудей жайбарақат болмасам,  
Ел мүддесін, ел бақытын ойласам,  
Қалам тербеп толғанатын қызымын,  
Адаспаспын жақсылықты қолдасам.

Тынысың кең, қуатың мол білемін.  
Қолдаймын мен ата-баба тілегін.  
Тәй-гәй басқан қадамына елімнің  
Тәубе деймін, лүпілдейді жүрегім.

# САҒЫНАМЫН

Сағынамын кішкентай ауылымды,  
Көрмеген көптен бері бауырымды.  
Сағынамын қос көлді аққу жүзген,  
Құрбы-дос, үлкен-кіші тәуірімді..

Алыстан қол бұлғайды сағым-теңіз,  
Таңданбауға болмайды ешбір негіз.  
Тұнық сулы қос көлге қос жанардай,  
Тең келмейді, наныңыз, Қара теңіз.

Ортақкөл мен Жалтырша айдын шалқар,  
Сағынышым бір көрсем сонда тарқар.  
Ауылым қос айдыңның ортасында,  
Күнде той, күнде қызық ақар-шақар.

Әкемнің қатарлары сиреп қалды,  
Қайғыдан көңілімде түйнек қалды.  
Көз көрген Қабылқайыр, Қоспан аға  
Тізіліп қаздай жүрген ақсақалдан.

Нағашым Қайырбек пен Оразай бар,  
Өтті ғой Көшер, Мұқыш, Оразбайлар.  
Ізін басқан ағалар мүлде азайды,  
Алланың салғаны деп қойсам болар.

Күлзира кіндік шешем кірім жуған,  
Көтеріп қолына алып кіндік буған.  
Жетеді қайсарлығым бір басыма,  
Шешеге кіндік кескен тартып туғам.

Болмайтын ауылымда ұры-қары,  
Тұратын қатты сыйлап бірін-бірі.  
Берекенің ұйтқысы шешелерім,  
Алтын жұлдыз кеудеге таққан бәрі.

## ЫСТЫҚКӨЛ

Мөлдір көлім, айдын көлім, шоң көлім.  
Мен Қазақпын, Қырғыз туыс өз елім.  
Тамашалап таңғажайып көрінісін,  
Әсемдікке тебіренді жан сезімім.

Әдемі ғой асқақ, әсем Ала-Тоо,  
Айылы да ұқсап-ақ тұр ауылға.  
Үлбіреген қарапайым қыздары  
Өнегелі, көрік берген қауымға.

Айдын көлде балалар да жүзеді.  
Шаттанады, қуанады, күледі.  
Келешегі жарқын болып ылайым,  
Елдің болсын Азаматы тірегі.

Мен Қазақпын, Қырғыз менің өз елім!  
Гүлдей берсін жаннаттайын бар жерің,  
Асқар тауың, асау өзен, шатқалдар.  
Аман болсын қызғалдақты белдерің!

# МЕКТЕБІМЕ

Мектебім менің, аяулы менің мектебім!  
Өзіңде өтті балауса шағым көктемім.  
Бәйшешектей бас көтерген бөктерде,  
Саянда өсіп, көлеңкенде көктедім.

Өнерге жақын, білімге құштар жан едім.  
Бүршігін жарар солқылдақ нәзік тал едім.  
Ұстаздар соғар мүсінін жақсы адамның,  
Қанбаған иім бір түйір жұмсақ саз едім.

Ұстаздарым үйретті өмір қыр-сырын,  
Халқымның сазды күмбірлі күйін, ән-жырын  
Туған елдің өткеніне үңілтіп,  
Шын сүюді өз Отанын, өз тілін.

Ұстаздарым-ұлағатты, зиялы,  
Иманжүзді, инабатты, биязы.  
Көз алдымда менен де жас кездерің,  
Табылмайды арамызда біразың.

Құлағымда күміс қоңырау сылдыры,  
Мектеп іші толған қазақ ұл-қызы.  
Сүп-сүйкімді, бота көзді, қиғаш қас,  
Өсер елдің бір-бір жарық жұлдызы.

Күй де тартып, ән де салып беретін,  
Әрбір бала өнерпаздық сезетін,  
Мың бұралып билегенде құрбылар,  
«Балбырауын», «Қаражорға» желетін.

Ұстаздарым ақ арманға жетелеп,  
Арттарынан жүгіруші ек «тәтелеп»,  
Армандаушы ек ұқсасақ деп соларға,  
Ағаларым асқар таудай биік ед.

Үйретуден жалықпайтын балаға,  
Кеткен емес еңбектері далаға.  
Шапағатын ұстаздардың арқалап,  
Түлектер жүр қалада да, далада.

Бірі-ғалым, академик танымал.  
Бірі-актер, бірі-ақын сөзі бал.  
Заңгер де бар, дәрігер бар шипагер,  
Инженер мен фермерлер де табылар.

Қара шаңырақ, алтын ұя, мектебiм!  
Нұр сәулесiн төге берсiн көкте күн!  
Абыройың аса берсiн аспанға,  
Мәндi болсын, сәндi болсын ертеңiң!

*29.10.2005*

## МЕКТЕБІМ

Балалық шақ естен кетпес бал дәурен,  
Құлағымда сырлы қоңырау сазды әуен.  
Ұлағатты ұстаздарым бармысың,  
Қуәлары жастығымның гүлдәурен?

Баға жетпес ұстаздарым білікті.  
Көргемін жоқ өздеріндей биікті.  
Қара ормандай пана болған біздерге,  
Әке болған, шеше болған сүйікті.

Жақсылықтан жанымызға гүл еккен,  
Өмір сырын, өмір жырын үйреткен.  
Алыстағы армандарға қол бұлғап,  
Өрге сүйреп, жат мінезден жиренткен.

Көз алдымда ұстаздардың тізбегі.  
Салып кеткен сайрап жатыр іздері.  
Кейбіреуі озған болса өмірден,  
Мәңгі қалды шапағаты біздегі.

Құтты болсын, мерей тойың, түлектер!  
Орындалсын барша мақсат, тілектер.  
Ұстаз аты, ұстаз даңқы өрлесін.  
Лүпілдесін, бірге соққан жүректер.

## ҰСТАЗДАРЫМА

Мектебім менің, аяулы алтын бесігім.  
Қуанып әр кез, тебіреніп ашам есігін.  
Өзімді бала сезініп кетем ойнақтап,  
Өз үйімде еркелесем, несі мін.

Кетпейді естен балалық базар күндерім.  
Толқыған естіп, балауса сезім күйлерін.  
Аққудай аппақ көңілім де жас, асыққан,  
Терсем деп, шіркін, бағыңда бақыт гүлдерін!

Қол создым алыс арманға сермеп құлашты,  
Ұстаздар үлкен өмірге даңғыл жол ашты.  
Келемін міне жылдарды тастап артқа мен,  
Тағдырдың дәмі болса да кейде тым ащы.

Ұстаздың әр кез айтқанын бағып бой жеттім,  
Демеймін әлі шыңына ғылым мен жеттім.  
Саулығын сақтап, қорғасам ауру-індеттен,  
Халқыма берер, жемісі де сол, еңбектің.

## НАУРЫЗ АЙЫ

Наурыз айы әкеледі жылылық.  
Байтақ елім сезінеді ұлылық.  
Бәйшешектер бас көтерер ырғалып,  
Тоң астында қалған қыста тығылып.

Күн күлімдеп, сәуле шашып арайлы,  
Тас төбеңнен көз ұялта қарайды.  
Жан-жануар, бүткіл тылсым табиғат,  
Наурыз келсе ғашық етер талайды....

Тілейді ел Қызыр қонсын жеріме  
Жер көгеріп, егін өссін өріме.  
Ақ дастархан қуанышқа жайылып,  
Қора толсын төрт түліктің төліне

Құт-береке шаңыраққа орнасын  
Аруағы ата-баба қолдасын.  
Әр бір ана нәрестесін тербетіп,  
Бесік жырын ұрпағына арнасын

Наурыз айы құтты болсын, халайық.  
Зор сеніммен келер күнге қарайық.  
Ел бақыты – ұлы мақсат біз үшін  
Жаратқаннан тыныштығын қалайық.



## НАУРЫЗ КЕЛДІ

Наурыз келіп қалды даламызға,  
Көктемнің ісін алып қаламызға.  
Шығарып сап, қытымыр қысқы аязды,  
Қуанбаған Жан бар ма арамызда?!

Алты ай қыста аңсаған жасыл көктем,  
Қуаныштың аспаннан жасын төккен.  
Күн көзі күлім қағып, сәуле шашып,  
Құдіреттің күшімен тас жібіткен.

Көктем келді, алақай, көктем келді!  
Өзімен ол әкелі өктем желді.  
«Құралайдың желі» - деп қуанатын,  
Ұлағатты еске алам үлкендерді.

Сүйкімді көктем бізге желімен де,  
Айнала сазға батқан кезімен де.  
Бір қатып, бірде еріп мың құбылып,  
Кездері бар тоздырар төзімінді.

Құтты болсын, Наурыз келе берсін,  
Қолымыз жетістікке жете берсін.  
Қазақтың шайқалмасын шаңырағы,  
Халқымыз ғасырларға ере берсін.

## НАУРЫЗ ЖЫРЛАРЫ

Келді міне, кең далама Наурыз,  
Болсын биік шығар біздің тауымыз.  
Мәртебесі аса берсін елімнің,  
Шаттанбасын еш уақытта жауымыз.

Наурызда көңіл кірін жуайық,  
Бетімізді имандылыққа бұрайық.  
Ақ ниетпен аттап келер күндерге,  
Мың жыл бойы ел санатын құрайық.

Ақ мол болып, қара қазан қайнасын,  
Көгендерге қозы-лағы байлансын.  
Күй күмбірлеп жайлауында қазақтың,  
Кеудесінде бұлбұл құсы сайрасын.

Сай-саламда бітік өссін егін-жай,  
Әр отауда туа берсін Егінбай.  
Жерұйықтай жайлы болсын жеріміз,  
Асанқайғы арман еткен мекен-жай.

Молшылық пен бірлік келсін еліме,  
Толастамас тірлік келсін жеріме.  
Жаңартушы, жаратушы құдырет  
Қуат берсін адамзаттың бәріне!

## НАУРЫЗ

Наурыз! Наурыз! Наурыз!  
Жаңа күн – фарсыша біліңіз.  
Көктемнің көрікті мейрамын  
Қарсы алып балаша күліңіз!

Наурыз! Наурыз! Наурыз!  
Жаркылдап баршаңыз жүріңіз.  
Жаңарсын бусанып жер енді.  
Гүлдерді қырлардан теріңіз.

Наурыз! Наурыз! Наурыз!  
Он екі ай сағындық сені біз.  
Халқымның өткенін ұмытпай,  
Рәсіммен тойлайық бәріміз.

Жаңарсын қазақтың даласы,  
Құт толы сайы мен саласы.  
Күн түні өндіріс тоқтамай,  
Көбейсін, көгерсін қаласы.

Жұртымнан көп шықсын данасы,  
Данасы, елінің панасы.  
Терезем өзгемен тең түсіп,  
Халқымның оянсын санасы.

# НАУРЫЗ

Туған елім, бүгін, сірә,  
Қалармын ба, шаттанбай.  
Сағынышым, Наурызым,  
Келіп қалдың ақ таңдай.

Сәлем, Наурыз, төр алдынан  
Орын алғын жасқанбай.  
Сен біз үшін жылдар бойы  
Оқылмаған дастандай.

Ұлы мейрам Наурызды  
Қарсы алайық жатсынбай.  
Оң жағыңнан Күн күлімдеп,  
Сол жағыңнан тусын Ай.

Ырыс келсін елімізге,  
Желкілдесін егінжай.  
Аспан ашық, жүзің жарқын,  
Болсын әр кез көңіл жәй.

Қуаныш пен шаттық бүгін  
Кемерінен асқандай.  
Туған елім ән мен күйден  
Шашу шашып жатқандай.

Ата –бабам әдет –ғұрпы  
Жасай берсін, жаңарсын.  
Қазағымның даласына  
Береке мен бақ қонғай!

## НАУРЫЗ ЖЫРЫ

Наурыз айы жетті бізге сағынтып,  
Қысқы аязды еш қиынсыз бағынтып.  
Күледі күн сәуле шашып аямай,  
Тіршілікті бір өзіне табынтып.

Күн шуағы қуат берген әлемге,  
Шабыт шалқып, арқау болған өлеңге.  
Қимасы ғой жарық дүние адамның,  
Бермес ешкім жұмақтағы жүз күнге.

Наурыз айы - көктемнің ол жаршысы.  
Тойлайды оны жер шарының жартысы.  
Бейбіт өмір орнап бүкіл әлемге,  
Болмасын деп ел мен елдің тартысы.

Жер бетінде Азаттықты аңсаған,  
Аңсағаннан қан төгіліп, жас тамған.  
Жаңа Жылда еркіндікке қол жетіп,  
Талай елге теңдік берсін Жасаған.

Дүниеде аш - жалаңаш болмасын.  
Барша адамзат бірін - бірі қолдасын.  
Қазағым ба, әлде неміс, орыс па,  
Бір-біріне аппақ тілек жолдасын.

Көрік берсін көктем біздің көңілге,  
Бәйшешектен шашу шашып өңірге.  
Қараторғай, қарлығашым оралып,  
Аққу- қаздар қонсын келіп көліме.

Ақ жол болсын, ақ мол болсын ылайым.  
Жақсылыққа бастай берсін құдайым.  
Шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын.  
Өмір қысқа жоғалтпайық шырайын!

## «ӨЗІНДІ, ЖАНЫМ, ОСЫНДАЙ ШЫҒАР ДЕП ЕДІМ»

Өзіңді, жаным, осындай шығар деп едім.  
Кездесіп бүгін қуанышқа мені бөледің.  
Өтті ғой талай сағыныш толы күндерім,  
Ойлаушы ем жиі, қай жылы, қашан көремін.

Есімде әркез балдырған - бала шағымыз.  
Мөлдір моншақ судай таза жанымыз.  
Он бес жас пен он алтының арасы,  
Қайғы -мұңсыз арайлап атқан таңымыз.

Бір көргеннен лаулап жанды от - сезім.  
Ғашық болдым айықпастай - шын сөзім.  
Қоспағанмен басымызды қу тағдыр,  
Жалықпадым тосуға мен бір кезім.

Шаршатпаған арман, шіркін, арман ба?  
Жаратқан күш жеткізді ғой арманға.  
Бақыттымын шексіз, шетсіз, өлшеусіз,  
Бақыттырақ менен басқа жан бар ма?

Жете алмай саған ондаған жыл жүр едім.  
Жалғызсырап жақсы көрген жүрегім.  
Телегей теңіз қуанышқа мені бөледің,  
Өзіңді, жаным, осындай шығар деп едім...

# НАУРЫЗҒА

Далам менің, өскен жерім, Сарыарқам!  
Сары белден арайланып таңы атқан.  
Сарыарқадан түлеп ұшып ұл мен қыз,  
Орындалған аппақ тілек, ақ арман.

Сарыарқама келді тағы Наурыз.  
Ұлыс тойы аңсап күткен бәріміз.  
Жер бетінде жан - жануар масайрап,  
Жүрек тулап, жадырайды жанымыз.

Күн мен түннің терезесі теңеліп,  
Қыдыр баба үйімізге келді еніп,  
Наурыздың алтын күні ерітіп,  
Жылғалар мен өзендерге берді ерік.

Жүректерді тербеп сезім махаббат.  
Әсер алып гүл - көктемнен мың қабат,  
Мейірімді, қайырымды қазағым,  
Тартады алға бүгінгі күн ас -табақ.

Ас пен бірге жүрегін де жайып сап,  
Әсем әні аспанға өрлеп қалықтап,  
Сарыарқаның сары жәйлауын күй кернеп,  
Қыран құстар аспанында шарықтап.

Қазағымның даласында той-думан,  
Бәйге шауып, көкпар тартып, қыз қуған,  
Бір өкпе -наз болса егер көңілде,  
Кешіріндер, барша қауым, бар туған.

Ақ мол болсын, ас мол болсын әр үйде!  
Ақ жол болсын қиындықсыз әр кімге!  
Құт-береке отбасына тілерім,  
Жетіңіздер жақсылығы мол күнге!

## КӨКТЕМ КЕЛСЕ...

Көктем келсе бусанады Жер-Ана.  
Бар дүние түрге енеді үр жаңа.  
Алты ай қыста арып, ашып, аңсаған,  
Жазға шығу ел арманы-бір ғана.

Қар астында мүлгіп тұрған қара орман,  
Жасарады, жаңғырады, жаңадан.  
Ор қоян да тастай салып ақ тонын,  
Сұр қоянға айналады қайтадан.

Күн шуағы жылытады тәнінді.  
Көктем әні елітеді жаныңды.  
Қозы-лақтар қырға шықса жамырап,  
Аққу-қаздар келтіреді сәнінді.

Сең сөгіліп айдын көлдер тірілер.  
Жылғалардан сулар ағып жүгірер  
Жадыратып жаз да келер далама,  
Көгалдарға киіз үйлер тігілер.

Қыз-көктемді қарсы аламыз әнменен,  
Үміті бар әр адамның әр неден.  
Жүректерді сыздатар тек бір сезім.  
Бұл көктемді көрген де бар көрмеген.



# КӨКТЕМ

Көгілдір көктем, көгілдір көктем  
Күн нұрын төкті көгілжім көктем.  
Жауқазын гүлдер, жұпарын шашты.  
Қуанды халық өзінді күткен.

Қозы, лақ шықты, беттеді қырға,  
Бөленді жер-көк әдемі жырға.  
Қыс бойы үйде ауырып жатқан,  
Қарттар да шықты ілігіп сыртқа.

Кеудені керіп таза ауа жұтты.  
Көктемнен үлкен жақсылық күтті.  
Бусанып жатыр Жер- ана міне,  
Баршаның болсын, Көктемі құтты!

## КӨКТЕМ КЕЛДІ

Алты ай күткен көктем келді далама.  
Уақыт келсе табиғат тыс қала ма?  
Күлім қағып Күн -перизат төбеден,  
Сыландайды нұрын шашып тарана.

Қыс қыспағы өтті, міне, тағы да.  
Көктеммен біз қауыштық шын зарыға.  
Бұл көктемді көрген де бар, көрмеген,  
Өткендерді еске аламын сағына...

Өмір деген мұнша қысқа болар ма?  
Өлмейтіндей күй кешеміз әмәнда.  
Көктемі мен жазы кетіп келмеске,  
Ғұмырымның күзі келіп қалған ба?

Көктем келсе оралғандай жастығым,  
Балауса кез, ұмытылмас шаттығым.  
Махаббатым - жүрегімнің қуаты,  
Ақша қардай аппақ жаным, пәктігім.

Көктем келсе қуанамыз бәріміз.  
Жүрек қағып, жадырайды жанымыз.  
Құдыретті Күн көзінен қуат ап,  
Жүгіреді тамырларда қанымыз.

Төрт түлік мал қырға шығып жайылып,  
Төлдері де ойнақтайды тойынып.  
Айдын көлдер жарқырайды айнадай,  
Қысқы тоңнан, мұздақтардан арылып.

Оянғандай қалғып тұрған қара орман.  
Қалқан болған қара дауыл бораннан.  
Бұтақтары бүршік жарып бусанып,  
Қабықтары жасылданып жасарған.

Жаратушы, Жаңартушы күдірет,  
Барша жанды жақсылыққа жақын ет!  
Көңілдерге көктем орнап көрікті,  
Жарқын жүзді, қасиетті, бақытты ет!

## ЖАЗ КЕЛДІ

Жадыраған жаз келіп,  
Жайқалды жасыл жапырақ.  
Күн қыздырып даланы,  
Гүлге оранды атырап.

Аппақ бұлттар аспанда,  
Үлпілдейді мақтадай.  
Шырылдайды дамылсыз,  
Дәл төбемде бозторғай.

Ақ көбелек жанымда,  
Айналады желпілдеп.  
Көз тартады кең дала,  
Бидайы өскен желкілдеп.

Ақ қайыңдар қозғалмай,  
Ұйықтап кеткен секілді.  
Самал желге сап-салқын,  
Тосамын мен бетімді.

Айдын көл де жарқылдап,  
Күн көзімен ойнайды.  
Аққу-қазы саңқылдап,  
Шомылуын қоймайды.

Қырда жүрген қозы-лақ,  
Сүп-сүйкімді баладай.  
Секіреді ойнақтап,  
Шаршағанға қарамай.

Тірі жанның бәріне,  
Жазға жету бір арман.  
Жазға жетіп қуансаң,  
Алда тұрар тағы арман.

## ЖАЗ КЕЛДІ

Жаз келді  
Жадырады өлкем менің  
Не деген  
Туған жерім көркем едің?!  
Жамылған  
Жасыл желек орман-тоғай,  
Әкелді  
Көңіліме көктем менің.

Еске түсіп  
Жастық шақ, балғын кезім,  
Кетемін  
Гүлдер жинап, дала кезіп.  
Қол бұлғап  
Шақырғандай қыр астынан,  
Алғашқы  
Ақша қардай таза сезім...

## КҮЗ

Далам менің кызыл күрен,  
Сарғылт-кошкыл түске еніп,  
Кигізгендей ала шапан  
Өзбек ағам күз келіп.  
Балаусасы балқұрағы  
Қоңыр тартып, қуарып,  
Айдын көлім мұнаяды, жетімсіреп құс кетіп.

Қара суық жел еседі  
Өңменіңнен өтердей,  
Кеудеңдегі жылуыңды  
Суырып бір кетердей,  
Сұр аспанда бұлт көшеді,  
Түйіледі түнеріп.  
Жаңбыр жауып, сабалайды терезенді тесердей.

Сонда да бар қоңыр күздің  
Қайталанбас шақтары,  
Естен кетпес маужыраған  
Сары алтындай бақтары.  
Сары күзде ғашық жандар  
Жас шаңырақ көтеріп,  
Арайланып алғаш рет  
Атқан бақыт тандары.

Алқаптарда егін басып,  
Комбайндар жосылған.  
Еңбек үні қамбаларда  
Ән мен жырға қосылған.  
Берекелі бейбіт өмір  
Нәсіп болып халқыма,  
Ел басына келмесін тек  
Жамандықтар тосыннан.

Әлі талай  
Даламызға қоңыр сары күз келер  
Бұл өмірде таусылмасын  
Игі ырыс біз көрер.  
Күз суығы көп бөгелмес,  
Өтер, кетер тоңдырып,  
Суымасын жан жылуы  
Адамдарға біз берер...

## КУЗ КӨРНИСТЕРІ

Түнжырап аспан түнеріп,  
Жауады жаңбыр сіркіреп.  
Найзағайы жаркылдап,  
Өтпейді жылдам күркіреп.

Үйеңкілер сәнденіп,  
Алтын сырға тағынды.  
Орман -тоғай әпсәтте,  
Желегінен айрылды.

Ақ көбікті айдын көл,  
Аққу-қазсыз қалыпты.  
Жауын алған жанардың,  
Әсем гүлдер солыпты.

Алтын күздің сыйлығы-  
Толықсыған ақ бидай.  
Алла берген несібе,  
Халқымызға ақ маңдай.

Күннің көзі шықса да,  
Бұрынғыдай жылытпас.  
Күздің қара суығын,  
Ұнатпайды кәрі-жас.

Жаздағы жылы күндерді,  
Сағынып аңсап жүреміз.  
Ауа райы өзгерсе,  
Болжауға құлақ түреміз.

Қамбаларға дән толып,  
Ел байлығы оңалар.  
Жаздың жылы күндері  
Бізге қайта оралар...

## ҚЫС ТАЯУ

Қорғасын сұрғылт бұлттар қаптады да,  
Жөнкіді будақ-будақ аспанымда.  
Сілбіреп тоқтамайды, сұрғылт жауын,  
Ерте күзден хабаршы жетті мұнда.

Көкжиек көрінбейді мұнартады.  
Балалар да ойнауға құмартады.  
Қабағы табиғаттың бір ашылмай,  
Көңілсіз әр күн сайын таң атады.

Күз келді, қыс та таяу, алыс емес.  
Жаз деген біз байғұсқа болды елес  
Піспей тұрған егінді көрген сайын,  
Өр түрлі кейіс ойлар маза бермес...

## ҚЫС КӨРНІСІ

Аппақ дала, қандай пәктік, тазалық!  
Табиғаттың сыйы осы бір ғажайып.  
Аспан мен жер аппақ болып тұтасып,  
Көрінбейді көкжиегі қарайып.

Қар астында орман, тоғай, өзендер.  
Мұз құрсанды жарқыраған терең көл.  
Тіршіліктің білінбейді тынысы,  
Қымтап алған ақ көрпесін белеңдер.

Қар жамылған кең далаға қарасаң,  
Тіршіліксіз өлі екен деп қаласың.  
Бақыласаң, бажайласаң, үңілсең,  
Қайнап жатқан тіршілікті табасың...

Тебіндеген жылқылар жүр жайылып,  
Пысқырынып қарамайды қайырылып.  
Жоталары қырауланып, бусанып,  
Шүйгін шөптен қалардай бір айырылып.

Қар астынан ұшып шықты бір топ құр.  
Пыр-пыр етіп, доп-домалақ қоп-қоңыр.  
Анадайда жосып барад түлкішек,  
Айналада бір адам жоқ, ит түгіл.

Қарғалар да топ-топ болып ұшады.  
Мұнарланып күн де асығып батады.  
Жол бойында бірлі-жарым көліктер,  
Бұрқыратып борандатып барады...



# АУЫЛЫМ

Туған жерім, өскен елім, кең далам,  
Ыстық маған орман, тоғай, сай-салаң,  
Жас отауда туып еді шырылдап,  
Елу бірдің шілдесінде бір балаң.

Жерұйықтай көрінетін ауылым,  
Еркелеткен бала кезден қауымым,  
Балапандай жылы ұяңнан ұшырып,  
Арманыма қанат берген ауылым.

Оң мен солы – Ортақкөл мен Жалтырша  
Жарқырайды баяғы сол қалпынша.  
Қаз қаңқылдап, сұңқылдаса аққулар,  
Үйректері үн қосады артынша.

Ауыл кеші – тіршіліктің тынысы,  
Адамдардың тоғысатын мың ісі,  
Жан-жануар шуылдасып табысып,  
Толастамас көпке дейін дыбысы.

Туған жерім – жер жаннаты мен үшін  
Қызыр қонып, араласын ел ішін.  
Ардақтаймын әр отаудың иесін,  
Сағынамын жерошақтың иісін.

## ИМАНДЫЛЫҚ

Жаным менің жалғандыққа төзбейді.  
Жалған сөзді естігісі келмейді.  
Алдап-арбап айлалықпен ақша алған,  
Жәдігөйге, көріпкелге сенбейді.

Жаратқанның барына мен сенемін.  
Не салса да басыма тек төземін.  
Көріпкелдің айтқанына сенгеннің,  
Есін алып, құрт жеп жүр ғой өзегін.

Өсек теріп, өзеуремей жүргенге,  
Ақ ниетпен адал өмір сүргенге,  
Қызғанышсыз бақытына өзгенің,  
Не жетеді шын қуанып күлгенге.

Бал аштырып алды болжап болмайды.  
Жазмышынан ешбір адам озбайды.  
Жақсылыққа жақын болсаң, әлбетте,  
Атың озып, тоның сенің тозбайды.

Сандырағын көріпкелдің тындаған,  
Елден озып, жолы болып оңбаған.  
Аллаға сен, жүрегiңмен ақылдас,  
Тура жолын табады тек сонда адам!

## ҚОҢЫР ДӘПТЕР

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.  
Сезіміме күз болған мұңдасым.  
Бірде жылап, бірде шексіз қуанам,  
Мен анамнан адам болып туған соң...

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.  
Жақсылықты жаным менің жырласым.  
Беттеріңде қалып қойсын жыр -ғұмыр.  
Аппақ сезім ақтарылмай қалмасын.

Өмір жәйлі ой толқытсам несі айып.  
Бір қайғырып, қуанышқа масайып.  
Ақындардың ауызына сөз салған,  
Жаратқан күш ғаламат қой, ғажайып.

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.  
Келешекте ой -пікірлер тыңдарсың...  
Білемін ғой талғам -таным өзгеріп,  
Жалған дүние бір қалыпта тұрмасын...

Қоңыр дәптер, беттеріңе із тастап,  
Өткеніме ой жүгіртіп көз тастап.  
Аманатым замандас пен ұрпаққа,  
Тек өзіңсің қалтыратын мен хаттап.

## ҚОС ҚАНАТЫМ

Оң қанатым – тұңғыш ұлым Айбарым,  
Аңқылдаған, ақ көңілді, жайдарлым.  
Сол қанатым – қоңыр қозым Айдыным,  
Келсе кезек ел қорғайтын айбыным.

Екеуі де сегіз қырлы, бір сырлы...  
Ән салады, күй тартады мың түрлі.  
Айбар шықса, сахнаға айдай боп,  
Айдын өзі үйреніп жүр үш тілді.

## АЙБАРҒА

Айбарым менің,  
Алтын айдар бөбегім.  
Құндақтап күймен,  
Әнменен сені бөледім.  
Балдан тәтті қылығыңмен  
біздерді  
Қуанышқа,  
Қызыққа ғана бөлегім.

Ақ канатты  
Көгершінім бөбегім,  
Ананды аңсап  
Алаңдайсың жүдедің,  
Аз ғана күн  
Көрмеп едім өзіңді,  
Сыздап тұр-ау  
Сағыныштан жүрегім.

Көздеріңді  
Сағындырдың бөбегім  
Құлағымда  
Былдырлаған өлеңің  
Күлкің күміс,  
Көңілің еш қаяусыз,  
Тоқтық болсын,  
Талмасын тек өзегің.

Айбарым менің,  
Асылым менің, жүрегім.  
Күн сайын өсіп,  
Құлпыра бер, түлегім.  
Ата-анаңның  
Аманында ер жетіп,  
Ақылды бол,  
Азамат бол, түлегім!

## АЙДЫНҒА

Қуанышым көзнұрым,  
Кішкентайым, Айдыным.  
Ел басына күн туса,  
Қалқан болар айбыным.

Жақсылықтың қасынан,  
Табылғайсың, жан балам.  
Сергектік пен ақылға,  
Дархандыққа арқалан.

Алыстарға қол созып,  
Арманыңа аса бер.  
Оңға басып әр ісің,  
Табыстармен таса бер!

Өнер жолы – қиын жол,  
Домбыраңа серік бол.  
Қиын жолды таңдасаң,  
Табанды бол, берік бол.

## АЙБАРҒА

Балапаным, бауыр етім, балбөбек,  
Өмірімнің мағынасы сенде тек.  
Азаматы, болып елдің ертеңі,  
Қиналғанға, қажығанға бер көмек.

Сен туғанда бір жыладық, бір күлдік,  
Айтты бізге ғұмыры оның бір күндік.  
Жасағанға жалбарынып күн-түні,  
Жан жалындап, құса болып біз жүрдік.

Анаңның сен тас емшегін жібіттің,  
Өз әкеңнің жан-жүрегін жылыттың.  
Адал туыс, ауыл-аймақ қуанды.  
Абысынды қалжа жеуге жүгірттің.

Артта қалды ұйықтамаған түндерім  
Күйінген де, сүйінген де күндерім.  
Әсемдікке ғашық болып өс, балам!  
Қандай ғажап тартқан сенің күйлерің!

Қуантасың қылығыңмен анаңды,  
Айыра біл жақсы менен жаманды.  
Әр уақытта жақсыларға жақын жүр,  
Уламасын жаман әдет санаңды.

Көз жанарым, қарашығым, жұлыным,  
Мөлдір маржан, судай таза тұнығым.  
Азаматсың, жігіт болдың сен енді,  
Бакытты бол, ұзақ жаса, құлыным.

Оқып, танып үйренуден жалықпа,  
Қыран құстай еркін ұшып қалықта,  
Қанат серме алыстарға, асқарға,  
Қиындыққа қайыспа да камықпа.

# АСЫЛХАНЫМ

Асылханым, ботақаным, бөбегім.  
Ақ бетіңнен еміреніп өбемін.  
Ақ жүрегін, ақ тілегін жайып сап,  
Арнап отыр әжең саған өлеңін.

Асылханым, қошақаным, алтыным.  
Жаратқан күш бере салған, жарқыным.  
Ақылдысың тырнақтай сен болсаң да,  
Сау-саламат өсе бергін, Ай- Күнім.

Ер-азамат Елі үшін туады,  
Тыныштыққа қорған болып тұрады.  
Өткел бермес асау өзен ел-жұртың,  
Ал сен оның сылдыраған бұлағы.

Асылханым, балапаным, бал- бөбек.  
Азамат бол, мұқтаж жанға бер көмек.  
Қайырымды, мейірімді болғайсың,  
Ел-жұртыңның жанашыры, шын керек.

Асылханым, көгілдірі аққудың.  
Астында сен өсе бергін көк тудың.  
Парасатты, дарқан, дара, дарынды,  
Жаны жайсаң ұлы болғын халқыңның.

Асылханым, кіп-кішкентай немерем.  
Күнде өзіңмен қуанышқа кенелем.  
Айналамын, толғанамын, сөз таппай.  
Аймалаймын, еркетайым, ертемен.

Атасы мен әжесінің көз нұры,  
Кекіліңде ойнай берсін күн нұры.  
Әкеден тек жалғыз болма, құлыным,  
Алла берсін еріп жүрер бір іні.

Асылханым, аппақ менің алтыным.  
Көргендеймін күннің нұрын жарқылын.  
Сенсің менің қайталанбас көктемім,  
Баға жетпес айдай әсем, жарқыным.



Асылханым, балдай тәтті баласың,  
Еркелейсің жаулап жанды аласың.  
Қисық болсаң кешіремін әпсәтте,  
Әжеңнің сен көңілін тез табасың.

Асылханым, ақ қанатты көбелек.  
Баталы бол, батамен ұл көгеред.  
Көпшіл болып өссін деген ниетпен,  
Әжең сені қыдыртады жетелеп.

Үлкендерге сәлем бер сен жасқанба,  
Абыроймен асқақтап өс, аспанда.  
Мақсат – мүддең биік болсын қашан да,  
Жас күніңнен болымсызға алданба.

Жарқырасын маңдайдағы жұлдызың,  
Сәнім менің, әнім менің, құндызым.  
Сені ойласам жан жүрегім елжіреп,  
Көргенімде шаттанамын, құлыным.

Алла берген Асылханым, аппағым.  
Әруақытта жақсылықты жақтағын.  
Азаматы болып туған еліңнің,  
Ата- анаңның ақ тілегін ақтағын.

# АЙДОСҚА

Бала, бала, балапан.  
Алла өзіңді жаратқан.  
Ата-әженді қуантып,  
Бал жүзіңе қаратқан.

Күні бойы ойнайсың.  
Ойынға бір тоймайсың.  
Атаң, әжең отырса,  
«Ойнаңдар» - деп қоймайсың.

Атаң ат боп шабады.  
Әжең ит боп қабады.  
Ойнамасақ өзіңмен,  
Көзіңнен жас тамады.

Ойының қызар жатарда,  
Ұйқыға тәтті батарда.  
«Жатпаймын» - деп қашасың,  
Сөйтуші еді папаң да.

«Ля-ля-ля» деп айқайлап,  
Ән айтуды сүйесің.  
«Дударайды» салмасақ,  
Бірге дейін жүресің.

«Пимпи» сұрап жылайсың,  
Көзіңнің жасын бұлайсың.  
«Мамба» іздеп ақтарып,  
Сөмкені ашып қарайсың.

«Биби ата» мінем деп,  
«Ағаға мен кетем» деп,  
Жиналасың күн сайын,  
«Тетеме де жетем» деп.

Кіп-кішкентай болсаң да,  
Екі жарымға жаңа толсаң да,  
Бауырмалсың, жақынсың  
Асылхандай ағана.

«Аға» деген түріңнен,  
Балдай тәтті тіліңнен,  
Айналайын, Айдосым!  
Айналайын күнімнен!

Түсініктеме: «Пимпи»-кәмпит, «Мамба» - кәмпиттің түрі. «Тете»  
–Гүлмира тәтесі. «Биби ата»- атаның машинасы.

## АЙДОС БІРГЕ ТОЛҒАНДА

Туған күнің құтты болсын, Айдосым!  
Қызығыңа ата -анаң тоймасын!  
Сана-сезім, ақыл берсін жаратқан.  
Ақ жолыңда тосқауылдар болмасын!

Талай-талай бола берсін тойларың.  
Нағашылар сыйлай берсін қойларың.  
Өскенінді көре берсін өркендеп,  
Әке - шешең Айдынжан мен Көгаршын.

Күндей күліп, жүре берші, жарқыным.  
Баршамызды шын қуантып, алтыным.  
Азаматы Азат Елдің ертеңі,  
Болашағы сен боласың халқыңның.

## ЕРДАРҒА

Томпиған сүп-сүйкімді балапаным.  
Жүп-жұмсақ кіп-кішкентай алақаның.  
Түп-тұнық мөлдіреген қара көзің,  
Ұқсапты жанарына жан анамның...

Мұрының келіп тұр ғой жан әкеме.  
Ұқсап тұрсың менің де көлеңкеме.  
Мың мәрте сұраймын мен Жаратқаннан,  
"Жақсылығын берсін" - деп немереме.

Жүзіңді ұқсатамын анама мен,  
Анамның жасын берсін, таланымен!  
Бақытты ұзақ ғұмыр нәсіп болсын!  
Атаңның атын берсін, қаламымен!

Тәтті-ақ балам, томпақ балам, Ердарым!  
Бекзат балам, аппақ балам, дегдарым.  
Таудай болып өскеніңді ержетіп,  
Жатсам тұрсам көру менің арманым!

## ЕРДАРҒА 1 ЖАС

Ердар деген бала бар.  
Тамашалап қараңдар.  
Бүгін тойлап туғанын,  
Ойнап-күліп тараңдар.

Ердар өссін, ержетсін.  
Раббым ғұмыр жас берсін!  
Ата-анасы сау болып,  
Жақсылығын көп көрсін!

Елдің болсын саңлағы,  
Абыройлы ардағы.  
Ақыл-ойы дария,  
Биік болсын арманы!

# АСЫЛЖАННЫҢ 1 ЖАСҚА ТОЛҒАНЫНА

Асылжаным, аппағым, күміс күнім!  
Құтты болсын, қайырлы туған күнің!  
Өсе бер, өркендей бер, еркелей бер,  
Қызғалдағым, қуанышым, қызыл гүлім.

Ақ маңдайың жарқырап ақылды бол.  
Тайға мінсең жол бермес тақымды бол.  
Еңселі ер жігіт боп ержеткейсің,  
Серік болсын өзіне адал - ақ жол.

Алла берген ғұмырын ұзақ болсын!  
Шаңыраққа өзіңмен шаттық толсын!  
Асылхан екеуіңді ер жеткізіп,  
Әке-шешең той тойлап қызық көрсін!

Атаңның жүрегісің лүпілдеген.  
Әжеңнің балапаны үлпілдеген.  
Атасы мен әжесі еркелетсе,  
Әкесі «бүлдіред» деп күнкілдеген.

Асылжаным, немерем, көркем айым.  
Керегемді кеңейткен еркетайым.  
Асылхан, Айдос, Ердар - төртеуіңді  
Алма кезек иіскеп аймалаймын.

Қуантты бірге келіп Асылжаным.  
Тілейміз жасына жас қосылғанын.  
Туған-туыс, бауырлар, құда-жекжат,  
Келе берсін тойына Асылжанның!

Бүгін бірге «кіндіктой», «тұсаукесер»,  
Салт-санамен қасиет қанға сіңер.  
Инабатты, ибалы, тәрбиелі,  
Көгершінге берілер кіндіккесер.

Асылжан сүрінбесін ғұмыр жолда.  
Көк туы қазағымның болсын қолда.  
Ер жетіп «Елім» деген ұлы болсын,  
Жүретін шапағатын шашып сонда.

Дәрігер болсын Абай атасындай.  
Болмасын жайбарақат жататын жай.  
Жан-жүрегі сезімтал, сергек болсын.  
Кеңпейіл, қайырымды, көңілі жай.

Аллаға шүкіршілік айтып бүгін,  
Қиналмай көтеріміз артқан жүгін.  
Тілейміз отбасының амандығын,  
Жарқырап, күлімдесін көкте күнім!

Хош көрдік өздерінді, туған-туыс!  
Тойымыз баршаңызға болсын жұғыс!  
Гүл бітсін жолдарыңа жүріп өткен,  
Жалғассын арамызда барыс-келіс.

Қос ұлы шаңырақтың Айбар, Айдын.  
Ержетіп «әке» атанды құлындарым.  
Айбардың Асылжаны бірге толып,  
Шақырдық құда-жекжат, қайындарын.

Құтты қонақ болындар осы тойда!  
Қауқылдасып қаламыз осындайда.  
Жаратқан қабыл етсін тілегімді,  
Өрқашан жүздесейік жақсы жайда!



## НЕМЕРЕМ ҚАЙСАРҒА

Қайсаржаным, кіп-кішкентай бөбешім!  
Күн сайын сен есейесің, өресің.  
Атаң, әжең аңсап сені келгенде,  
Күліп-ойнап, қолдан қолға көшесің.

Қайсаржаным, балапаным, балбөбек.  
Өсе берші баршамызға еркелеп.  
Ағаларың қамқор болсын өзіңе,  
Ағаларда болмақ емес жан бөлек.

Қайсаржаным, айналайын аппағым!  
Немеренің ең кішісі тәттағым.  
Қасиетті қазағымның бір ұлы,  
Арайланып ата берсін ақ таңың.

Қажырлы бол, атыңа сай қайсар бол!  
Ұзақ болсын Алла берген ғұмыр жол!  
Жаратқаннан шын жүректен тілерім,  
«Қайсарымды Қазақ рухы, қолдай гөр!»

Ұрпақ үшін алаңдамас кім бүгін?  
Жолың ашық, жарқын болсын ақ жүзің.  
Ер-азамат ел-жұртының қорғаны.  
Ер намысын қолдан берме, сен күнім!

Ұл туғанда «атұстар» деп қуанған.  
Шыққан талай батырларым Тұраннан.  
Көбейсін сол батырлардың ұрпағы,  
Ту ұстайтын жауынгер боп жаралған.

Бес немере бес ауыл боп көбейсін!  
Ата-баба аруағы жебесін!  
Елін сүйген азаматы болыңдар.  
Елін сүйю, оны қорғау-Ерге сын!

Қазағымның адал ұлы болыңдар!  
Білім алып, толған айдай толыңдар.  
Үлкен-аға, кіші-іні тату боп,  
Ата, әжеңнің ізін басып қалыңдар!

19.04.2021

## ӘР БАЛАҒА АРНАУ

Анаң саған дүниенің бар қызығын сыйлаған,  
Жақсылығын ақ сүтімен өнбойыңа жинаған.  
Еркелеткен еміреніп, иіп сені емізген,  
Қуаныштан жүрек тулап кеудесіне сыймаған.

Анаң сені туғаныңда бір өліп, бір тірілген.  
Туғаннан соң тыным таппай күні-түні жүгірген.  
Көңілің қош, қарының тоқ болсыншы деп әруақыт,  
Сен өскенше қуат кеміп, белі иіліп, бүгілген...

Жақсы болса әкең сенің асқар таудай қорғаның.  
Жаман болса панасыз, жанашырсыз болғаның.  
Тірі болса анаң ғана қосары шын санатқа,  
Армандаған баласының толықсып бір толғанын.

Ата-анаңның үңіле біл көңіліне, көзіне,  
Құлақ асқын ауызынан шыққан әрбір сөзіне.  
Өкінбегін өткенде олар дүниеден баз кешіп,  
Ащы жасы мол қайғының тұнып қара көзіңе.

## КӨҢІЛ КҮЙІ

Көңілім бейне шалқыған шалқар теңіздей,  
Мөлдір, таза таңдағы шықтың өзіндей.  
Мінезім кіді, көңілім кіршең, бейне бір  
Қытайлық жібек, Самарқандтың бөзіндей.

Жақсылыққа жаным құмар жасымнан,  
Күтем оны досымнан да, қасымнан.  
Жақсы адамдар аз емес қой дүниеде,  
Табылатын қиналғанда қасыңнан.

Бірін - бірі көңілдерін қалдырмай,  
Болымсызға қабақ шытып болдырмай,  
Ұстап тұрса бар әлемді –махаббат,  
Жүрген жақсы аппақ гүлін солдырмай.

Көңіл, шіркін, сәл нәрседен қалады.  
Көңіліңді сәл нәрседен табады.  
Бәріміз де қонағымыз өмірдің,  
Пендешілік жеңбесінші сананы.

Ақ жүректі, ақ көңілді, ағайын.  
Көңіл кілтін баршаңыздың табайын.  
Жырларыммен жаныңызды жылытып,  
Ақ батасын үлкендердің алайын.

Нұрлы болсын көңілдерің көктемдей,  
Сәнді болсын қызғалдақты бөктердей.  
Мұңсыз болып жас баладай, ылайым,  
Таза болсын жанбыр жауып өткендей.

## ЖАЛҒЫЗДЫҚ ТУРАЛЫ

Жалғыздық - ол сыңарыңның жоқтығы.  
Сыйласыңның, сырласыңның жоқтығы.  
Жыласаң бір жасың сүртіп, жұбатар  
Жаныңдағы жанашырдың жоқтығы.

Жалғыздық - ол қатарыңның жоқтығы.  
Болмағаны көңіліңнің тоқтығы.  
Жас шағыңда тай - құлындай тебіскен,  
Құрбы - құрдас, достарыңның жоқтығы.

Жалғыздық - ол бауырыңның жоқтығы,  
Қамқор болар тәуіріңнің жоқтығы.  
Бағың ұшып, басыңа бір күн туса,  
Арашалар етжақынның жоқтығы.

Қанша адамның жанын жеген - жалғыздық.  
Жалғыз жанға достық керек мыңжылдық.  
Жанын жаулап, жүрегін шын жібітер,  
Керек оған ыстық көңіл, жылылық.

## МЕН НЕГЕ МҰҢАЯМЫН...

Мен неге мұңаямын ойға батып,  
Тұрғандай дертім мендеп жанға батып.  
Көңілде болмаса да ешбір кірбің,  
Жазылмайды қабағым қалған қатып...

Мен тегі сағыныштан мұңаямын.  
Жеңе алмай тағдырымның қияларын.  
Білмеппін кіп-кішкентай жүрегіме,  
Шегі жоқ сезімдерім сыйа аларын.

Қыс түссе сағынамын жарқын жазды,  
Айдын көлде шомылған аққу -қазды,  
Самал желді, шуақты күннің көзін,  
Табиғаттың ән -күйін, сырлы сазды.

Сағынамын даланың жусан исін,  
«Киік отын», құрбым-ау, білемісің?  
Тең келмес француздың иісмайы,  
Аңсап жүрем сағынып жұпар исін.

Мен тегі сағынамын жастығымды...  
Қайта оралмас қуаныш шаттығымды.  
Тұлымшағым желкілдеп жүгіретін,  
Алаңсыз балалығым пәктігімді.

Іздеймін балалардан шаттығымды.  
Іздеймін немеремнен пәктігімді.  
Өмірдің өткелдерін өтсем дағы,  
Серік етем әруақыт жастығымды...

## БАЛА ДОСҚА

Аспандағы айды көрсем қуанам,  
Сәулесіне шомылып мен оянам.  
Жанымда сен болмаған соң, әрине.  
Сұлулыққа сүйсінгенмен мұңаям.

Жарқыраған жұлдыздарға қараймын.  
Жетпесем де есебіне санаймын.  
Ең жарығын жымыңдаған төбемде,  
Жаксы досым, мен өзіңе балаймын.

Ай да алыс, жұлдыздар да тым алыс.  
Арман-мақсат, жетер меже ол да алыс.  
Шалыс басып, қалыс қалып жүрмеуге,  
Жетелейді мені әрқашан бір намыс.

## АЙТАРЫМ БАР...

Келген едім өмірге мен іңгалап.  
Тағдырымды Алла жазған арқалап.  
Қиындығы, қайшылығы аз емес,  
Жарық дүние есік ашты жарқырап.

Көзімді ашып көрдім асыл анамды.  
Баласы үшін жанын берер панамды.  
Үй сыртында тағат таппай жан әкем,  
Тосқан екен қыз емес ұл баланы.

Жолы жіңішке қыз бала боп туғанмен,  
Тосқауылдар жиі алдымда тұрғанмен,  
Қайсарлықпен қарсыластым әрқашан,  
Опасыздар өрмек-торын құрғанмен.

Өмір - күрес, оған артар кінә жоқ.  
Шыңдаласың соққы көрсең, сірә, көп.  
Өз құқыңды қорғамасаң өзгеден,  
Жаның күйер түскендей бір ыстық шок.

Кімге болсын айтарым бар, халайық.  
Арман-тауға адаспай біз барайық.  
Заңнан асып ала жіпті аттамай,  
Әділдікті, адалдықты жақтайық!

## ӨЗГЕШЕМІН

Өзгешемін, басқаға ұқсамаймын,  
Баршаға бір күн күліп, туса да айым.  
Шабыт келіп тұрткілеп маза бермей,  
Өлең жазып кей түні ұйықтамаймын.

Өзегім бар, тінім бар, ділім де бар,  
Танымым да, нанымым, дінім де бар  
Үміт, сенім, махаббат, арманым да,  
Табынатын Айым да, Күнім де бар.

Қанмен кірген қасиет- өлең жазу,  
Сөз өнерін құрметтеп біліп -тану.  
Теңіздей тереңінен маржан теріп,  
Тер төгіп жыр жолында күйіп -жану.

Өнерде бақталастық болмаса екен,  
Көңлім әріптестен қалмаса екен.  
Өсер елдің баласы батыр десе,  
Қатайып қанаттарым талмаса екен.

Өзгешемін, басқаға ұқсамаймын,  
Сұлулықтың есігін ашқандаймын.  
Ізгілікті іздеймін жүректерден,  
Айналаға нұр - сәуле шашқандайын.

Кей құрбым көйлек кісе қуанады.  
Қамқа тон, гауһартасқа жұбанады.  
Байлыққа қызықпаған қайран әкем,  
Байлығым жыр жолынан құралады.

Келемін еңбек етіп бала жастан,  
Қиындық неше түрлі өтті бастан.  
Таңдадым өнер жолын қиын-қыстау,  
Алдымда алатын көп асу, арман.



## ТАНЫМАЙМЫН МЕН АЙНАДАН ӨЗІМДІ

Танымаймын мен айнадан өзімді,  
Мұң басқан ба қарақаттай көзімді?  
Әжім түсіп сызаттай бір маңдайға,  
Ұмыттырып бара ма жас кезімді?

Кеше ғана әдемі едім еліктей,  
Көздерім де жаңа піскен өріктей.  
Күлуші едім күрек тісім жарқырап,  
Жүруші едім ешуақытта зерікпей.

Ауыртпалық аз түспеді иыққа,  
Тірелген де болды кездер тұйыққа.  
Өмір кейде көлдей, сірә, тартылып,  
Кейде сені батырады тұныққа.

Үміт, сенім алып шығар тұйықтан.  
Жел - кемесі Тәуекелдің тұнықтан.  
Салың суға кетпесе тек болғаны,  
Аспасаң да Алла жазған бұйрықтан.

Айнаға мен өкпелегім келмейді.  
Жастығымды ешкім қайтып бермейді.  
Кәріліктің көріксіз, сұр келбетін,  
Көз жанарым көргісі тек келмейді.

## ӨМІР ТУРАЛЫ

Өмір маған талай сынақ ұсынды.  
Тағдырымнан талай көрдім қысымды.  
Қыйындықпен өтіп жатыр ғұмырым,  
Тау мен тасқа ұрғандай бір басымды.

Бала кезде қызылшамен ауырып,  
Өлі есімде төсек тартып жатқаным.  
Айналам бір алаулаған от жалын,  
Естен танып қып – қызыл боп жанғаным.

Көзімді ашып қымыз сұрап жыладым.  
Қымыз қайда, қыс болатын ызғарлы.  
Өлсіредім жүре алмадым бір адым.  
Жүрегімде қалды аурудың ылғалы.

Өліп те мен тірілгендей күй кештім.  
Кетпейді естен көңіліме түйген соң.  
Ота жасап дәрі беріп шектен тыс,  
Дәрігерлер тән мен жанды бөлген соң.

Жатыр екем жарық, жәйлі бір жерде,  
Сыймайды екен рахат сезім кеудеге.  
Тәнсіз жаным шексіз шетсіз қуанып,  
Оралғысы келмейді екен бұл жерге.

Кенет жаным жанұяға қонды кеп.  
Көрген түстей көңілімде қалды тек.  
Оралғандар болмағанмен бакидан,  
Өзім барып келгендеймін не керек!

## ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Өмір – бізді еркелетсе бір уақыт.  
Кеудеңе кеп орнағандай шын бақыт.  
Алға басып сәтгілікпен әр ісің,  
Қуантады жақсылықпен таң атып.

Уақыт әсте бір орнында тұрмайды.  
Бақытыңды бір күн келіп ұрлайды.  
Жанарыңды жарқыраған нұр шашып,  
Қайға-мұңның көлеңкесі торлайды.

Нық сеніммен болашаққа қарандар.  
Қара тұман торласа да, жарандар!  
Қарсы тұрар қиындыққа қайыспас,  
Рухы биік, діні берік адамдар!

Өмір-қысқа, дүние – жалған, алай да.  
Бақыт іздеп сандаламыз қалай да.  
Тіршілікте байлық іздеп, жоқ іздеп,  
Жоғалтуға өмір сәнін жарай ма?

Бақ-куаныш жүрегінде әркімнің.  
Жан жылуы нәрі емес пе көркіңнің?  
Өзгеге арнар «айналайын» болмаса,  
Сұрқы қашар келбетіңнің тұрқыңның.

Өмір өтіп барады, өмір өтіп...  
Келбетімнің шырайы - сәні кетіп.  
Зулап жылдар барады тоқтамайды,  
Ой-сана тоқырайды кері кетіп...

Уақыт жүйрік тұрмайды ғой орнында.  
Не болары бір Алланың қолында.  
Отырып ойға батып еске аламын,  
Өткерген өткелдерді өз жолымда...

## БАҚЫТ ТУРАЛЫ

Қарсы болмай тілегіне ананың  
Орындады міндетін ұл баланың.  
Алып келіп бір шүйкебас кіргізді,  
Орнықсын деп қам көңілі ананың.

Өзі сүйді басқа қызды елжіреп,  
Ойлап жүрді кездесуді шын тілеп.  
Өмір бойы санасынан шығармай,  
Тынши алмай лүпілдеді құр жүрек.

Алла берді ақырында тілегін,  
Алып келді көз алдына Жібегін.  
Өтіп кеткен қырық жылдың есесін,  
Түсінді тек қайтара алмай жүрерін.

Ақыры сол ауру болып жабысты.  
Бар қайғысы ішке түсіп жанышты.  
Арпалысып қарсы тұрып ажалға,  
Әр күн сайын арыстандай алысты.

Айналдырған ауру алмай қоймады,  
Жақсыларға қара жер де тоймады.  
Татар дәмі, көрер қызық таусылып,  
Іздегенмен дертке шипа болмады.

Қол жеткенмен талай ірі табысқа,  
Қайран көңіл алаңдады алысқа.  
Армандады бірге өмір сүруді,  
Жете алмады сондай жақсы уақытқа.

Қалды артында баға жетпес дәулеті.  
Қатын-бала, ауылы мен әулеті.  
Жүрегінде сүйгенінің мәңгілік,  
Қалды оның салтанаты, сәулеті.

Бақыттысың біреуді шын сүйе алсаң,  
Бақытты ғып сол адамды жүре алсаң.  
Өмір бойы Алла қосқан жарыңмен,  
Қуанышты, қайғы-мұңды бөле алсаң.

## ТІЛЕГІМ

Көңілімнің көкжиегі мұнартып,  
Келер күнге үмітімді мол артып,  
Соңғы кезде отырамын елеңдеп,  
Жақсы хабар естуге мен құмартып,

Келер жылдар арманыма жетелер,  
Ел алдында қарызым көп өтелер.  
Қосақталып қайғы - мұң мен қуаныш,  
Болар сәттер күйінер де сүйінер...

Бақ пен дарын бірге жүрсе болғаны.  
Көңілімнің әруақытта толғаны.  
Жүрек соғып, сезім шалқып, толқыса,  
Жыр «Аққұсы» қолыма кеп қонғаны.

Жарық көрер әлі талай кітабым,  
Қуанышқа толар талай құшағым.  
Аманат - жыр ұрпағыма қалдырар,  
Бұл өмірден тек қана сол ұтарым.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Аз емес менің өмірден танып білгенім,  
Өмірден көріп, көңілімде көп түйгенім.  
Қайрат беріп сәулелі жарқын жақтары,  
Көмескіден түңіліп қатты күйгенім.

Жазғытұры өмірге жылап келгенмін,  
Балалық шақта алаңсыз мен де күлгенмін.  
Есейе келе өмір жәйлі толғанып,  
Қапаланып, қиналып көп жүргенмін.

Еңбектен мен шошымадым жиреніп,  
Адам болдым еңбектеніп үйреніп.  
Қозы бақтым, қой да күттім ерінбей,  
Ән де салып, би биледім айналып.

Оқу оқып маман болғым келетін,  
Ата-анама қол ұшымды беретін.  
Өсіп келе жатқан бауырларыма,  
Қамқор болып жан шуағын себетін.

Бәрі кетті пыр-пыр ұшып ұядан  
Көру бізге болды қазір бір арман.  
Анам отыр ақ босаға күзетіп,  
Жалғыздығын ойламай мен жүре алман.

Ауырса егер емдеп жазып аламын,  
Кездескенде бала болып қаламын.  
Анам салған ақ төсекте мың аунап,  
Еркелеймін, қуанамын, тасамын.

Жалғыз жанның жанында тек Алла бар,  
Көрші - қолаң, туыстар бар алданар.  
Асыл анам отырады қайталап,  
«Аман болсын қайда жүрсе балалар!»

## ҚАЙРАН АҒАЛАРЫМ

Жойылсын соғыс!  
Атылмасын оқ ешқашан!  
Түршігер жаным, күрсінем егер, еске алсам.  
Кетті ғой құрып қаншама біздің қандастар,  
Туған жерінің топыраған қайта баспастан...  
Нағашым Қамза болар ма еді жақсы ақын  
Байланып оққа өлмесе егер жас қыршын.  
Жеті жыл жүріп, оралды Жағыпар нағашым,  
Ұрпақсыз өтті жарақат алған, кім білсін?!  
Құдайберген, Қалинұр, Назар - боздақтар  
Сендерсің әр кез еске алып, ұрпақ ардақтар.  
Төрт ағайын біреуінен тек қана,  
Үш бұрышты қара қағаз - айғақ бар.  
Хабарсыз кеткен, моласыз қалған ағалар!  
Қан жұтып қалды артында қанша аналар.  
Мөлдіреп жап-жас, қарайсыңдар суреттен,  
Жар құшып, бала сүйе алмай кеткен, паналар!  
Жойылсын соғыс!  
Бермесін басқа ешқашан!  
Түсімнен шошып, оянам егер еске алсам.  
Ағаларын аттандырған майданға  
Күтіп жүр анам, ұмытар емес ешқашан.

## ЖЕҢІС КҮНІНЕ

Жетті хабар,  
«Соғыс, соғыс басталды!»  
Ел дүрлікті, ақтарылып ас қалды.  
Қан майданға ер азамат аттанып,  
Нәрестелер бесіктегі жас қалды.

Қанды соғыс, қайыстырды ел-жұртты,  
Жұмылдырды жұдырықтай бар ұлтты.  
Он жетіде түбіт мұртты жігіттер,  
Тез есейді, балалықты ұмытты.

Қанша қалды азаматсыз шаңырақ,  
Аналары шашын жұлып, аңырап?!  
Қанша қалды жас келіншек сүйілмей,  
Жасаң талдан жаңа бесік иілмей?!

Батыс жақтан кара бұлт қаптады,  
Жауыз фашист шекарадан аттады.  
Қазағымның кара-торы ұл-қызы,  
Ел намысын, ер намысын ақтады.

Жау жолына жолбарыстай атылды,  
Көрмепті ешкім қазақтардай батылды.  
Кеудесімен тұншықтырған дзоты,  
Кім білмейді ең алғашқы батырды.

Жауыздарды тықты қайта көріне,  
Желбіретті Жеңіс туын төріне.  
Қан майданнан Европаны қақ жарып,  
Үш ай бойы жаяу қайтты еліне.



## ӘЖЕМ БӘДИ АҚШАЛҚЫЗЫНА

Әлі есімде аңсаушы еді Ақ әжем,  
Туған жерін, Жаңарқамды көрсем деп.  
Аштық жылы айырылған ұлының  
Маңдайынан иіскеп шіркін өлсем деп.

Оңжақтағы сол көркем қыз келбетті,  
Келін болды, нәрестесін тербетті.  
Бақытты еді жұрдай болды бәрінен,  
Ойламады көремін деп нәубетті.

Біреу өлсе басқа түсер қасірет.  
Өлшеуі жоқ болды емес пе тақсірет.  
Дала, қала толып кеткен мүрдеге  
Бұйырмады миллионға ақырет.

Ондай сұмдық енді қайтып болмасын!  
Бәйшешектер өспей жатып солмасын.  
Ақ жаулықты аналары қазақтың  
Көкірегің қасіретке толмасын!

Жаса мәңгі, көркейе бер, сен, қазақ!  
Басқаларға болма ешқашан, сен, мазақ.  
Ұлтшыл емен құдай өзі сақтасын,  
Ұлтжандымын жасырмаймын мен бірақ.

Қаншама рет қырса-дағы қазақты,  
Төндіртсе де неше түрлі азапты,  
Халқым менің қайта өрледі, түледі.  
Көктемдегі қызғалдақтар сияқты.

Африкада мың жылдық бар – баобаб.  
Сені отырмын сол ағашқа мен балап.  
Терең жайған тамырларың құрғамай,  
Мәуелей бер, мәңгі жаса, сен, қазақ!

## ӨСИЕТІМ

Өлерімде жыламаңдар, ағайын.  
Алтын күндей арайланып батайын.  
Өткен бүткіл ғұмырыма разы боп,  
Ең соңғы рет дәм-тұзымды татайын.

Өмір бар да өлмек бар ғой тегінде.  
Ұзақ ғұмыр тілеймін мен бәріңе.  
Менсіз жері кеңейсін тек күншілдің,  
Тынышталсын жан-жүрегім менің де.

Өмір-қызық, қызығына тоймаймын.  
Ержетсе де балаларды ойлаймын.  
Асыл анам кейуананың жасында,  
Қартайсам да еркелеуді қоймаймын.

Мен өлгенде қарамандар, ағайын.  
Ақ шымылдық тасасында жатайын.  
«Жақсы ит те көрсетпеген өлігін»  
Күліп мәңгі естерінде қалайын.

*Қазан, 2005 жыл.*

## АРЫМА

Құбылам менің, шұғылам сенсің өзімнің.  
Жырым да сенсің, нұры да сенсің көзімнің.  
Жаза бассам өзіңе ғана жүгінем,  
Жаным да таза, бұлақтай мөлдір көңілім.

Біреудің алыстағы арманымын.  
Біреудің баға жетпес ардағымын.  
Тұңғыық түбіндегі жарқыраған,  
Әдемі, қолы жетпес маржанымын.

Біреудің мың құбылған гауһарымын.  
Оқ жетпес асқар шыңның арқарымын.  
Қасиет, қадіріме жетер болса,  
Ер жігіттің лайланбас шалқарымын.

## ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Әлі де мен биіктерден көрінем,  
Әлі де мен өлең болып өрілем.  
Жүректерден табыламын іздесең,  
Көрінемін көңілдердің төрінен

Кісілікке басымды иіп өтемін,  
Жақсылықтың дәнін жыйып өтемін.  
Әрбір жаннан сұлулықты табамын,  
Ғашық болып өмірден мен өтемін.

Мұңайтпасын, жасытпасын Жаратқан,  
Төбемізде жарқырасын ақ аспан.  
Суымасын жастық жалын, ыстық қан.  
Келер күнге талпынамын талмастан.

## О, ТІРШІЛІК!

О, тіршілік, бәрімізге балдайсың.  
Жақсыға да, жаманға да шын байсың.  
Мың құбылып, жүз түрленіп, өзгеріп,  
Бір орында ешуақытта тұрмайсың.

О, тіршілік, соныңмен сен қызықсың.  
Өтеді адам тек өзіңді сүйіп шын.  
Рахатына жұмақтағы жүз күнгі,  
Бермек емес жәй бір күнгі тірлігін.

## СЫРЛАСУ

Отырам жиі өзіммен өзім мұндасып,  
Өзіммен өзім өткенді шолып сырласып.  
Қиналған кезде көмекке келер өлең-жыр  
Қуантып шексіз, келгендей құрбы-құрдасым.

Жылаған кезде шашымнан сипап жұбатар,  
Жанымда жан жоқ көзімнің жасын құрғатар.  
Ақ жүрегін жәйіп салып кіршіксіз,  
Жарқырап көзі, нұрланып реңі тіл қатар.

# «САҒЫНЫШЫ МЕНДЕЙ МЕ ЕКЕН БАРШАНЫҢ»

ДЕГЕН АҚЫН ЗЕЙНОЛЛА  
ӘКІМЖАНОВТЫҢ ӨЛЕҢІНЕ ПАРОДИЯ

Зеке-құрдас! Зейнолла!  
Сағыныштан жүрек сыздап бара ма?  
Басқалардың сағынышы, сеніңше,  
Зейнеттегі шалға ұксап қала ма?

«Менікіндей» әлде «мендей» білмедім.  
Болмау қажет сөз саптауда, жырда мін.  
Дауды шешіп, жауды жеңген Сөзімді,  
Ақын досым, өкпелетіп жүрмегін!

## ӨКІНЕМІН ТЕККЕ ӨТКЕН КҮНДЕР МЕНЕН АЙЛАРҒА

Өкінемін текке өткен күндер менен айларға,  
Таба алмаймын ешбір уаж, ешбір себеп айтарға.  
Жарты ғасыр өте шықты көз ілеспей зымырап.  
Жастық жігер, күш-қуатым енді маған қайтар ма?

Арқадағы мен бір елік үйірінен адасқан,  
Тұрса дағы күн күлімдеп, шәйдай ашық ақ аспан.  
Болғаннан соң бұра тартқан бұралаң жол алдымда,  
Қалай ғана айтындаршы бұл жалғанда адаспан?.

Өзім сүйген көркемсөзден қалдым ұзақ көз жазып,  
Шалажансар арман қалды кете жаздап қоштасып.  
Орға жаста қайта түсіп тар жол тайғақ кешуге,  
Ұшса, шіркін, көк пырағым ақ аспанмен астасып.



# ІЗДЕЙТІНІМ - ІЗГІЛІК

Теңіздей толқып кеткенде,  
Толғанып өлең жазамын.  
Көңіліме демеу, сүйеніш  
Өлеңнен әр кез табамын.

Жамандық көрсем егіліп,  
Күйзеліп жылап қаламын.  
Жақсыға жаным еліктеп,  
Қуанып маздап жанамын.

Өзімнің тура жолымды  
Адасып кейде табамын.  
Шытырман өмір соқпағын  
Түсінбей кейде қаламын.

Осынау қысқа өмірде  
Ренжіспей неге жүрмеске?  
Біріңді-бірің шын сүйіп,  
Шаттанып неге күлмеске?

Сыйласып жүрсек баршамыз  
Береке, бірлік болады.  
Татулық қонса үйіңе,  
Қуаныш бақыт сол әні.

Бар адамның жүзінен  
Бақыт нұрын іздеймін.  
Тұнығынан көзінің  
Ізгілікті іздеймін.

Кейбіреудің көзінен  
Көлгір күлкі көремін.  
Кейбіреудің сөзінен  
Жалғандықты сеземін.

Түлкі бұлаң заманда  
Қалай өмір сүремін?  
Шын жыламай, шын күлмей,  
Қалай ғана жүремін?

## ЖЫРТЫСЫМДЫ ЖЫРТПАСЫН

Қайда жүрсем дос табуға тырыстым,  
Құрбылармен сырласып көп ұғыстым.  
Шын жүректен көмегімді ұсынып,  
Аямадым жан жылуын, қол ұшын.

Ауырса да жандарынан табылдым,  
Ем жасадым жасағанға жалындым.  
Тілеп жүрдім ұзақ ғұмыр, жақсылық,  
Күйөші еді достар үшін жаным шын.

Жан-жүрегін үзіп берер дос қайда?!  
Өркімдердің көздегені тек пайда.  
Жалған «достар» жанымызда аз емес.  
Сатып кетер кездесе екі талайда

Кеш түсініп опық жедім әрине,  
Жүрек мұздап, көңіл қалды бәріне.  
Жаны жүдеу адамдармен дос болсаң,  
Қалмайды екен бұл өмірдің сәні де.

Соңғы тілек болары шын адамда,  
Тіршіліктің ақыры - қаза бар да,  
Жалақтап мен өлгенде жалған «достар»  
Жыртысымды жырtpасын жаназамда!

## БАЛА ҒАШЫҚ

Балалық шаққа саяхат жасап қайтайық,  
Іштегі сырды ақтарып бірден тастайық.  
Періштедей құрбыларды еске алып,  
Бала-ғашық, сағыныш жырын бастайық.

Балалық шаққа саяхат жасап қайтайық,  
Көрікті жырды көңілде жүрген айтайық.  
Өтсе де жылжып арманға толы талай жыл,  
Оралмас мәңгі өткенді шолып байқайық.

Балалық шақты түсімнен әр кез іздеймін.  
Туған жердің сағымынан іздеймін.  
Анашымның мейірімді жүзінен,  
Бала-ғашықтың жүрегінен іздеймін.

Балалық шағым, балауса шағым, бал шағым,  
Арайлы таңдар шуақты күндер аңсадым.  
Елігіндей Сарыарқаның елеңдеп,  
Келер күнге зор үмітпен аттадым.

Жоғалтпай жүрсің сезімге толы жаныңды,  
Бұлқынып жүрек суытпай ыстық қаныңды.  
Жүре берші жарысып ұзақ жылдармен,  
Бала-ғашық, арнадым осы әнімді.

*30.07.05ж. Алматы*

## БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫ ЕСКЕ АЛУ

Кездескенде еске түсті балалық шақ базарлы,  
Күйді кештім бойжеткендей әдемі бір ажарлы.  
Сен де кеттің жас жігіттей көз алдымда жасарып,  
Осындай да болады екен жасағанның ғажабы!

Қанша жылдар қайрылмастан сырғып, жылжып кетіпті,  
Оқу, өнер, табыстарға қолдарымыз жетіпті.  
Арман, мақсат орындалып, асуларды алғанмен,  
Жүргендейсің толтыра аламай көңілдегі кетікті.

Жаның таза, жүрегің ақ, аруақ қонған жігітсің,  
Алатаудың ақ шыңына аппақ үйлер тігіпсің.  
Алла саған нәсіп етсін ұзақ өмір, шын бақыт,  
Сарыарқаның сары баласы, елің үшін туыпсың.

## САРЫАРҚАДА САРЫ КҮЗДЕ ТУЫП ЕҢ...

Сарыарқада сары күзде туып ең,  
Көңіліңе жақсыны тек түйіп ең.  
Отбасының аңсап күткен баласы,  
Өн бойыңа тектілікті жиып ең.

Жүрген едің қозы-лақпен жарысып,  
Ойнап едің тетелеспен шалысып.  
Томпаң қағып жүгіруші ең күн ұзақ,  
Балалықтың базарымен бөлісіп.

Бес жасыңда жетім қалдың әкеден.  
Жалғыз еді бір атадан Өтеден.  
Қу соғыстан аман келіп еліне,  
«Жіңішкенін» жабысқаны өкпеден.

Ауыл-аймақ үміт артып өзіне,  
Ардақтады жас алдырмай көзіңе.  
Шаңырақтың иесі деп әруақыт,  
Отырғызды ақсақалдай төріне.

Арман сені жетеледі шыңдарға,  
Қол создың сен арайлы аппақ таңдарға.  
Сусындадың терең бойлап білімге,  
Тосқауыл жоқ алға ұмтылған жандарға.

Атақ-даңқың асқақтады өрледі.  
Анаң сенің қиыншылық көрмеді.  
Бейнетіңнің рахатын көруге,  
Тағдыр саған мүмкіншілік бермеді.

Тірі болсаң толар едің алпысқа.  
Бөленер ең мол тілек пен алғысқа.  
Асығушы ең атар таңға әруақыт,  
Білгендей бір ғұмыр жолың тым қысқа...

## АРМАНШЫЛ ҚЫЗ

Көремін көз жіберсем бал шағыма,  
Арманшыл жасөспірім бала қызды.  
Жүгіріп күн астында күнібойы,  
Гүл теріп, аралайтын ой мен қырды.

Көл жағалап, көз тігіп тұңғыыққа,  
Сүйсінген балғын майса балқұраққа.  
Қызыққан көктегі әсем жұлдыздарға,  
Бейне бір шашыраған шамшыраққа.

От- бишік, жарқылдаған найжағай да,  
Шартабақ, жұмбақ жарық, алтын Ай да,  
Гүл- көктем, жайдары жаз, ақсары күз  
Қиялшыл қыз көңілің ауламай ма?

Арманның ең бастысы оқу еді.  
Көңілге бар жақсыны тоқу еді.  
Жинақтап өнер білім өнбойына,  
Өмірден бақытты боп өту еді.

Өсе берді алаңсыз арманшыл қыз.  
Өте берді белгісіз көктем мен қыс.  
Ғашық болып өскен ол әсемдікке,  
Қалмады өнерден де, өмірден тыс.

Он бес пен он алтының арасында,  
Көз салды сүп-сүйкімді сары бала.  
Сезсе де ақша қардай ақ сезімін,  
Жүретін көз астынан байқап қана.

Сүйкімді сары бала бүгін жігіт  
Қол жеткен табыстарға аса биік.  
Қажырлы еңбегімен Елге таныс,  
Келеді өмір бойы Елін сүйіп.

Бұралаң жол әкетті ала қашып.  
Ашылды, алшақтады арақашық.  
Қырық жыл өтсе дағы содан бері,  
Жүреді ұмытпай тек балағашық...

## БАЛАҒАШЫҚ

Мен тегі айта алмаймын «ғашық едім»,  
Аяулы, ардақты едің, асыл едің.  
Жабырқап бір уақытта жүргенімде,  
Жарқ еткен аспанымда жасын едің...

Мен тегі айта алмаймын «ғашық едім»,  
Ғашықтық- қол жетпейтін асыл сезім.  
Сүю, күйю, жылау-сықтау- пендешілік.  
Ғашықтық- сөз жетпейтін дара сезім.

Ғашық болып өлу де бақыт екен.  
Жол көрсетер ғашығы жалғыз желкен.  
Өмір бойы қол созып арманына,  
Жете алмай кеткен жалғыз өзің бе екен?

Есімде ұшқын атқан қос жанарың,  
Оттан ыстық аялы алақаның.  
Дегенің кездескенде шын қуанып,  
«Бақыттымын! Мен қандай бақыттымын!»

Балағашық, мен сені ұмытпаймын.  
Өзіңді әруақытта ұлықтаймын.  
Текті туған асылдардың ұрпағы едің,  
Азаматы ең еліңнің шын жоқтайтын.

## ТУҒАН КҮН ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жасыңа жасың қосылған сайын,  
Көтерген жүгің көбейіп.  
Алшақтап балғын балалық шағың,  
Жылдарды қуып есейіп.  
Келіпсің бүгін елу бес жасқа,  
Өткен күнде белгі бар.  
Жапырақ жайған бәйтеректей,  
Кешегі бір нәзік тал.  
Өмірдің әркез сәулелі жағын  
Көруге жүрдің ынтығып,  
Кісіліктің тұғырынан  
Көрінуге ұмтылып.  
Еселі еңбек, кемел табыс  
Кеткен емес айналып.  
Абыройлы азаматсың  
Отырмаған жайланып.  
Жан- жүрегің әруақытта  
Елің үшін езіліп,  
Жақсылыққа шын қуанып,  
Жамандыққа егіліп,  
Жүре берші жүз жыл бойы  
Сезіміңді суытпай.  
Бақытты бір шақтарыңды  
Санандағы ұмытпай,  
Кісіліктің биігінен  
Көріне бер, жақсы дос!  
Өміріңнің сәні, мәні  
Бағаласам екі «бес»!

16.10.2005



## ІЗДЕДІҢ БЕ?

Сен мені іздедің бе қуанғанда,  
Көңілің әлде неге жұбанғанда.  
Сәттерде жүрегінді шаттық кернеп,  
Жас баладай алданып уанғанда.

Сен мені іздедің бе қиналғанда,  
Төбеңе қайғы бұлтты жиналғанда.  
Ренжіп, қажып, шаршап, шын мұңайып,  
Жалғызсырап бір мезгіл жылағанда.

Сен мені аңсап кейде сағындың ба,  
Оралып қайталанбас сағым-жырға.  
Жүректе сақталды ма пәк сезімің,  
Тағдырға басқа түскен бағындың ба?

Адамның өз тағдыры өз қолында.  
Кездесер неше сынақ ақ жолында.  
Достық пен махаббаттан айырылу,  
Кезігер ғұмыр атты жол барында...

## КЕРУЕНБАСЫМ

Болса өмір-бір керуен жүк артқан,  
Өмір жүгі болады екен мың батпан.  
Алып жүру тауқыметін өмірдің,  
Күшке түсер жауырынға шын батқан.

Керуен басым болғың келсе өмірде,  
Тосқауылдар толып жатыр жолыңда.  
Адастырмай алып жүрсең мен дайын,  
Ақылың мен парасатың молыңда.

Керуен басым өзің болсаң арман жоқ,  
Баққұсымның төбеме кеп қонғаны.  
Кім біледі сәтсіз болып сапарым,  
Жүгім ауып қалмаса тек болғаны.

## ӨМІР ЖӘЙЛІ ОЙ

Мағыналы өмір сүрсем арман жоқ,  
Мақсатыма жете берсем көңіл тоқ.  
Жақсы ісіме сүйсінетін ел болса,  
Шығар тауым, асуларым алар көп.

Шаршатады күйкі тірлік күйбеңі,  
Ұсақ-түйек шаруалар үйдегі.  
Үнемі бір алаң болып жүргенім,  
Текке ойлап түкке тұрмас дүниені.

Өмір қысқа, дүние жалған әуелден.  
Өтеу қиын ата-анаңның қарызын.  
Бар тілегім, ұмытпасын ұл мен қыз,  
Ел алдында азаматтық парызын.

Өз басыңның қара қамын ойламай,  
Күйкі тірлік күйбеңіне бойламай,  
Биік мақсат асыл арман жолында,  
Жете бергін табыстарға толағай.

## МЕН ӨЗІҢДІ...

Мен өзіңді аспандағы,  
Қыран құсқа балайын.  
Жүрегіңе өз атымды,  
Өшпейтін ғып жазайын.

Әнің болып әруақытта,  
Айтылмаған қалайын.  
Ақ жолыңа сәуле шашқан.  
Жалғыз шамдай жанайын...

## ЖАҚСЫ ЕКЕН...

Жақсы екен әсте сүйетін жанның болғаны.  
Түспейді еске дүниенің сонда жалғаны.  
Махаббат сезім толтырып жер-көк арасын,  
Білдірмес саған дәм-тұздың қанша қалғанын.

Кеткендей бірде қанатты құсқа айналып,  
Қалғандай кейде шырмалып жіпке байланып.  
Жанымды қояр жер таппай кейде қиналам,  
Сағаттар бойы міз бақпай қатты ойланып.

Данышпан айтқан өмірдің өзі - азап деп.  
Бұл дүниеде махаббат сезім ғажап тек.  
Көрсек те қанша жауыздық, соғыс, аюандық,  
Әлемді сақтар - ғашықтық сезім қалар тек!

## ЖАНЫҢДА БОЛСАМ...

Самал желдей желпір едім аптап ыстық шілдеде,  
Көбелек боп қонар едім сен ұнатқан гүлге де.  
Сен қайғырсаң мен де өзіңмен күрсінер ем «аһ» ұрып,  
Шаттанар ем шын жүректен сен қуанып күлгенде.

Болсам егер мен жаныңда періштедей қорғар ем.  
Арманыңа қанат беріп, үмітіңді жалғар ем.  
Жаурап жаның қалтыраса, күш - қайратың азайып.  
Алаулаған от-жүрекке орап сені алар ем...

## АЛҒАШҚЫ ҚАР АЛМАТЫДА

Сырлы қала, сұлу, сәнді Алматы...  
Қыс түссе де алғашқы қар жаумапты.  
Қап - қара жер, жапырақсыз ағаштар...  
Әйнектерге аяз сурет салмапты.

Алатаудың ақ шыңдары жарқырап,  
Тылсым күшпен бар назарды тартып ап,  
Көз алдымда көлбеп жатыр алып тау,  
Жоталарын күнге тосып шуақтап...

Алғашқы қар жауып кетті ақыры...  
Көз тартады күміс қардың жарқылы.  
Кең дүние аққа оранды әпсәтте,  
Нұрға толды, жан-жүрегім толқыды.

Жапалақтап жауып тұрды ақша қар...  
Ақтығымен ақ сезімді аңсатар.  
Іштей ұғып, көзбен ғана тіл қатып,  
Ақша қарға қол ұстасып із тастар...

Аппақ нәзік махаббаттың гүлдерін,  
Алматыда ақша қардан іздедім.  
Аялаған алғашқы пәк сезімін,  
Жан досымның жанарынан іздедім...

## **НҰРЛЫ СЕЗІМ АЛЛАДАН**

Мені біреу сүймесе егер үзіліп,  
Кетер едім бұл өмірден түңіліп.  
Жүремін мен риза болып Аллаға.  
Ақ нұрына ақ жүрегім жылынып.

Сырлы сезім, нұрлы сезім Алладан,  
Кейбір адам өзін-өзі алдаған.  
Сүйкімділік, сүйе білу бақыты,  
Кез келгеннің маңдайына жазбаған.



# МЕН СЕҢІҢ ШЫНАРЫҢМЫН

Жүрегінде сақталған тұмарыңмын,  
Шерменде, таркамаған құмарыңмын.  
Есіңнен ешуақытта шығармайтын,  
Елестеп көз алдында тұрарыңмын.

Мен сенің шыңға біткен шынарыңмын,  
Адасып қалыс қалған сыңарыңмын.  
Кеуденде тұнып тұрған әдемі бір,  
Айтылмаған сағыныш жыр-әніңмін.

Мидағы маза бермес ойларыңмын,  
Армандап, тойланбаған тойларыңмын.  
Сұқтанып, сүйсінетін бала кезде,  
Шыт көйлекті өзіңнің шырайлыңмын.

## ШЫМБҰЛАҚТА

Алатаудың шатқалында кездесіп,  
Аспалы жол талбесіктей тербетіп.  
Ақ аспаннан төккенін мен сезіндім,  
Қуаныштың ақ жауыны селдетіп.

Қызығып ақша бұлттар қарағандай,  
Бізбенен жарысқандай қарағайлар.  
Мейірімді күн көзі күлім қағып,  
Күш - қуаты өнбойға тарағандай.

Шымбұлақтың шыңына шын сүйініп,  
Құдіреттің күшіне мың сыйынып,  
Жанарыма жазып ап қалайын деп,  
Қарай бердім қия алмай тым қиылып.

Қарай бердім ақ басты Алатауға,  
Бөктердегі миуа бақша- бауға.  
Аппақ сезім жетелеп әкелгендей,  
Біздерді бүгінгі күн осы тауға.

Өзіңмен қалып қойды жан - жүрегім.  
Амандығың тек қана бар тілегім.  
Ләйлісіндей Мәжнүннің шын қиналып,  
Арыла алмай бір күйден мен жүремін.

Қос шыны асқар таудың сияқтымыз.  
Сылдырап аққан таза бұлақтаймыз.  
Нұр шашып жан жағына жарқыраған,  
Қатар тұрған қос жұлдыз - шырақтаймыз.

Түйіспейтін қос соқпақ тәріздіміз.  
Ұмытпаймыз парыз бен қарызды біз.  
Жаратқанның маңдайға жазғаны бар.  
Айта алмаймыз өкпе – наз, арызды біз.

## СЕЗІМ

Сезімсіз өткен түндерім мені қинайды.  
Ықылассыз күндерім мені қинайды.  
Арнамаған асыл сөзді жарыма,  
Салқын қанды сәттерім мені қинайды.

Сарғайып, аңсап сағынғанға не жетсін!  
Қуанысып қауышқанға не жетсін.  
Адам болып туғаннан соң анадан,  
Шын ниетпен, жылағанға не жетсін!

Қызығамын бірге жылап, күлгенге.  
Бірін-бірі шын өбектеп жүргенге.  
Қайғы мұңды тең бөлісіп көтеріп,  
Жәй-күйінді сұрамай-ақ білгенге.

Бедірейген бетсіздерден қорқамын.  
Қасиетсіз тексіздерден қорқамын.  
Жүрегі мұз, жаны жүдеу, тас бауыр.  
Рухы төмен адамдардан қорқамын.

Шалқиды сезім телегей-теңіз дәрия.  
Көңілім көркем шынайы жібек дүрия.  
Жарқылдап жәйдай өмірден өтсем арман жоқ,  
Із тастап артқа, болардай елге жәрия.

## МАХАББАТ МҰҢЫ

Сен сияқты мұңға батқан жан бар ма?  
Сен сияқты ғашық болған жан бар ма?  
Көкірегі қарс айрылып қайғыдан,  
Өле-өлгенше ойлап өткен жан бар ма?

Пәк сезімін аялаған жан бар ма?  
Арманынан қуат алған жан бар ма?  
Арпалысып ажалымен жатса да,  
Махаббатын ұмытпаған жан бар ма?

Кезің болды сағыныштан шаршаған,  
Мезі болған адамдардан қоршаған.  
Сарыарқаға кеткің келіп біржола,  
Арманыңа асығушы ең аңсаған...

Тағдыр сені жеткізбеді ойыңа.  
Сұр жыландай жатып алды жолыңа.  
Қайран менің жаны сұлу, жан досым,  
Сене алмаймын бұл дүниеде жоғыңа!

## МАХАББАТ- НҰРЛЫ ДҮНИЕ ҒАЛАМАТ

Сырлы сезім құдіретті махаббат.  
Сыр сандықта сақталатын аманат.  
Жаратқан күш сыйламаған әркімге,  
Теңдесі жоқ нұрлы дүние ғаламат.

Махаббат- ол ханзадаңа кезігу.  
Ал өзіңді хас сұлудай сезіну.  
Нұрлы дүние ғажайып бір өлкеде  
Шексіз шетсіз қуанышка берілу.

Махаббат -ол сүйіп, құшып, аймалау,  
Құрмет тұтып, қамқор болу, аялау.  
Тіршілікте бір сәт естен шығармай,  
Басқалардан биіктетіп даралау.

Махаббат -ол бір адамды шын сүю.  
Қос аққудай жұбын жазбай бір жүру.  
Қиындық пен қуанышта бірге боп,  
Әруақытта бірге жылап, бір күлу.

Махаббат -ол таусылмайтын ұзақ жыр.  
Күміс күлкі, сылдыраған бұлақ бір.  
Қапшықта жүрек жырын жоғалтып,  
Талай жандар аңсап, іздеп, жылап жүр.

Махаббатың тасқа қашап жазғандай,  
Жүрегінде арайланған ақ таңдай,  
Ғұмыр бойы темірқазық тәрізді,  
Жол көрсетер түнде жарық жаққандай.

Сүйген жанға қол жетпейтін асу жоқ.  
Шабыты мен жігеріне жасу жоқ.  
Алға бастап қайрат берер шын сезім,  
Ғашық жанға шаршап бір сәт қажу жоқ.

Жер бетінде жақсы істердің бәрі де,  
Жасалынар махаббаттың төрінде.  
Зұлымдық пен опасыздық кездесер,  
Нұрлы сезім қалғып кеткен кезінде...

Махаббат-ол қызғалдақтай құлпыру,  
Жан-тәніңмен жақсылыққа ұмтылу.  
Көздеріңде сүйгендіктен алаулап,  
Алтын кірпік жарқыраған Күн тұру.

Сүйгеніңе асыл, ақық бір сөзің.  
Естігенше таусылғандай бар төзім.  
Қалмасыншы қаңырап бұл бар Әлем,  
Өлмесінші нұрлы, сырлы шын сезім.

## ТІЛЕГІМ

Ойы тұнық, жаны таза, көзі ашық,  
Азаматқа болам әр кез мен ғашық.  
Парасатты, сымбаты сай келісті,  
Адамдармен жүздесуге мен асық.

Жүрсем бүгін сау-сәлемат жер басып,  
Кемерімнен кетпек емен мен тасып.  
Жақсылықтың жолында мен шаршаман,  
Жамандықты көрсем қалам мен жасып.

Жақсылыққа жаным құмар әрқашан.  
Дарқандықты күтемін мен баршадан.  
Топас, мекер, менмендікке шырмалып,  
Арыла алмай жүрген жоқ па қанша адам?

Шын жүректен мен тілеймін бәріне,  
Сәулесі мол нұрлы әсем шақтарды.  
Бұл өмірдің жоқ емес қой қалтарыс,  
Көлеңкелі тым көмескі жақтары.

Ой-өрісі биік тұрса әркімнің,  
Ертеңіме қиналмас ем бәлкім мен?  
Өзін ғана ойлағандар болмаса,  
Кем қалмаспыз еш уақытта ешкімнен.

Адам болып келгеннен соң өмірге,  
Адам болып өлу бізге парыз ғой.  
Азаматы болағаннан соң елімнің,  
Халқым үшін еңбек ету қарыз ғой.

## СЫР

Жылағанды жырларыммен  
жұбатсам,  
Еңсе түсіп езілгенді  
қуантсам,  
Жан жүрегін мазасыздың  
тербетсем,  
Жазылмайтын жараларын  
емдесем.

Ақ қанатты армандарын  
жалғасам,  
Уақыт жүгін арқалаудан  
талмасам.  
Досым үшін алаулап бір  
жанбасам,  
Несі жақсы жүректерде  
қалмасам?!



## ҚҰРБЫЛАРҒА

Өмір өтіп барады қайтқан қаздай,  
Терістікте болатын қысқа жаздай.  
Кеше ғана қыз едім желкілдеген,  
Жаулық киер күн жақын ақша қардай.

Мәз боламыз бәріміз мың жасардай,  
Кеше өткен соқпақты тың басардай.  
Жол қысқарып, аларға ажал келсе,  
Мұрша бермес пендеге тіл қатардай...

Әр сәтін нұрлы өмірдің бағалайық,  
Мәңгілік жоқ. Өткенді саралайық.  
Ғұмырдың мағынасы адалдықта,  
Біз қонақ бұл жалғанға, шамалайық.

## ӘСЕМДІКТІ ҚИМАЙМЫН

Мен сүйемін қырдың әсем гүлдерін.  
Жарқыраған айдын шалқар көлдерін.  
Толықсыған айды көрсем қуанам,  
Ұнатамын күркіреген күндерін.

Табынамын, табиғатқа тасып тым.  
Көгендегі қозы-лаққа ғашықпын.  
Жас баланың иісіне ғашықпын.  
Жақсылармен жүздесуге асықпын.

Өтеді өмір, дәм өлшеулі, өтемін.  
Мен де алланың сызығына жетемін.  
Бүкіл дүние тіршіліктің тынысын,  
Әсемдікті қалай қиып кетемін?

## АРМАН

Арман, арман, қызыққа адам тойған ба?  
Шаршап, сірә, армандамай қойған ба?  
Таңданадың жүзге келіп өлгендер,  
«Арман-ай» деп соңғы демін алғанда.

Ес білген соң армандаймыз өсуді,  
Сүйген жармен басымызды қосуды.  
Үй болуды армандаймыз іргелі,  
Немере мен шөберені сүюді.

Арман деген – адамның ғажап ойлары,  
Арман деген – қасиет, қадір бойдағы.  
Өмірге құштар ықыласы, ынтасы,  
Жігерін қайрар таптырмайтын қайрағы.

## АСЫҒАМЫН

Асығамын күн сайын  
келер таңға  
Асығамын қыс түссе,  
келер жазға  
Асығамын айтуға бар сырымды  
Мені танып, сезінер  
білер жанға.

Қарсы аламын қуанып,  
қайтқан қазды.  
Тебіренем естісем,  
күйді сазды.  
Елеңдеймін еліктей еркелеймін,  
Асығамын көруге  
сүйген жарды.

Қанша қалды аңсатқан,  
Ақ таңдарым.  
Жетелейтін арманға  
Бақ таңдарым.  
Үлгерермін жетуге бір белеске,  
Қонса менің басыма  
Бақ пен дарын.

Алла, маған бере гөр  
Ақ жолыңды  
Көтергізіп білекті,  
Жәй қолымды  
Алдым тұман, артым жар болмасыншы,  
Сәуле түсір басыма,  
бер жолымды.

Мен аттайын алдағы  
жылдарыма.  
Ғұмыр берсін,  
Жаратқан, жырларыма  
Мен кетсем де, жыл сайын көктемде  
Сән берейін гүл болып,  
Қырларыма.

## ӨМІР ЗАҢЫ

Қартайып, бойдан қуат әл кеткенде,  
Кескін- кейіп, сымбаттан сән кеткенде,  
Қасиет пен кәдірден алыстарсың,  
Ұшқыр ой мен сөзіңнен мән кеткенде.

Көзбен шолып қарарсың айналаңа,  
Келді дерсің басыма қайдан нала?  
Еске түссе жігерлі жастық шағың,  
Сезінерсің қалғандай айдалада.

Қартайғанда жұбыңнан айырмасын.  
Жаны ашып алдыңа ол қояр асын.  
Үйің толған ұл мен қыз болса –дағы  
Құдай қосқан қосақтай қайдан болсын?!

Жарың сені мәпелеп еркелетер.  
Жаман қылық көрсетпес өкпелетер.  
Жалғыздық аллаға тән. Ер мен әйел  
Болса, шіркін, өмірден бірге өтер!

Өмір қатал, өмірдің өз заңы бар.  
Өлшеулі әрбір күнің, атар тандар.  
Аз ба, көп пе, жүргейсің шын сыйласып,  
Адалдық, пәк сезімнен аттамаңдар!

## БАКУГЕ БАРҒАНДА

Кім ойлаған бұл Бакуге келем деп,  
Ескі қорған, музейлерін көрем деп,  
Сырлы сазды шығыс әнін елеңдеп,  
Тыңдаймын да тәнті болып қалам деп,  
Қарай бергің, қарай бергің келеді.

«Қыз мұнара», «Ширваншахтың сарайы»,  
Ескерткіші он екінші ғасырдың  
Құпия бір қасиетпен қарайды.  
Дуа жасап тастағандай жасырын.  
Талмай көзің, қарай бергің келеді.

Есте қалар жарқыраған күндері,  
Қызыл, жасыл, әсем нәзік гүлдері.  
Асып-тасып қарт Каспийдің кемері,  
Кейде баяу, кейде қатты «норд» желі.  
Келе бергім, көре бергім келеді.

## ШІРКІН-АЙ!

Жақсы жанды көбіне көзге ілмейміз,  
Мазалап, тірісінде көп күндейміз.  
Көзден таса болғанда көңіл айтып,  
Көлгірсіп, көзді сулап, сөз сөйлейміз.

Жаманды көріп әсте қорланамыз,  
Жақсыны «жақсы» деуге арланамыз.  
Қызғанып атақ, даңқты текті жаннан,  
Айрылып қалғанда тек ойланамыз.

Жақсыны танытуды көздемейміз,  
Тәйірі ондай адам аз ба, – дейміз.  
Қазақтың қанға біткен іштарлығы  
Тұсау болып аяғын күрмелейміз.

## КӨҢІЛІМНІҢ КӨКТЕМІ

Кім сүймейді көк желекті табиғаттың көктемін.  
Әкелетін өзіменен тіршіліктің от демін.  
Гүлжазира маужыраған осынау бір нұр дала,  
Еліктіріп іздетеді көңілімнің көктемін.

Күтем оны жасыл қырды қызғалдақтар жапқанда,  
Күтем оны алма ағаштар аппақ гүлін ашқанда.  
Ойнағанда көк жиекте толқынданып ақ сағым,  
Арманымның ақ құсындай аққу көлге қайтқанда.

Кей уақытта елегізіп, отыра алмай үйде мен,  
Дала кезіп, гүлдер теріп, сағым қуған күйдемін.  
Кең даланы құшағыма қиналмай-ақ сыйғызып,  
Құлазыған көңілімді толтырып бір келемін...



## ЖАСТЫҚ ШАҚ

Өзгеше ғой жастық шақта өміріңнің әр күні,  
Өзгеше ғой дірілдеген жас арудың кірпігі.  
Жарқылдаған жалын жанар жарқ етіп бір қараса,  
Жаңылысар жігіттердің жүрегiнiң лүпiлi.

Өзгеше ғой барша жастың мөлдіреген көздері.  
Өзгеше ғой арман, мақсат, сырға толы сөздері.  
Жеткізе алмай құрбысына нәзік, сәби сезімін,  
Өзгеше ғой жас жігіттің қиналған бір кездері.

Кеудесінде әрбір жастың буырқанған теңізі.  
Жүрегінде, жігерінде бар сарқылмас сезімі.  
Ондайларға бұлтты күні, тұнжыраған аспаннан  
Күн күлімдеп, сәуле шашып, ай көрінген секілді...

## АРУ ҚЫЗ

Ақ төсекте аппақ ару іңкәр жүрек егілді.  
Қара шашы сусып төске төгілді.  
Дірілдейді демалысы, алқынады жиілеп,  
Кеудесіне сыйғыза алмай сезімді.

Жас жүрегі махаббатты алыстағы аңсайды,  
Ару қызға таң да атып, жұлдыздар да батпайды.  
Көз алдына сұлу жігіт елестейді еркелеп,  
Ұмсынады, буыны бос, бірақ оны таппайды.

Асықпашы, аққу сынды арман қуған, ару қыз!  
Сыңарыңды бұл өмірден, көп ұзамай табарсың.  
Домбыраның қос шегіндей жарасып,  
Қосағыңмен қосылып ән саларсың...

## СҮЙІСПЕНШІЛІК ТУРАЛЫ ОЙ

Сүюден адам егер жаратылса,  
Сүюімен әр пенде дара тұрса,  
Бар әлемнің адамзаты тек қана  
Сүйікті мен сүйгендерден жаратылса...

Жүрекке мұң, көзге жас толмас еді.  
Жер бетінде жамандық қалмас еді.  
Жаныңды жаралайтын жарым ниет,  
Жайдақ мінез адамдар болмас еді...

## АЛДАМШЫ СЕЗІМ

Жасырайын мен несін...  
Жалт етіп жылы қарайтын.  
Жанымның нәзік пернесін,  
Тербетіп нұры тарайтын.

Кездесіп қалсам бейуақыт,  
Жүрегім қатты тулайтын.  
Сезуші ем сонда мол шаттық,  
Кеудемді кернеп симайтын.

Білмеппін сол бір күндердің,  
Сағымдай бұлдыр екенін.  
Уақытша ғана жылытып,  
Тондырып мені кетерін...

## СЕНСІҢ ЖАНЫМ

Сенсің жаным,  
Көкөрім талы көктемнің.  
Қызғалдағы  
Көкорай шалғын бөктердің.  
Кетпейді естен  
Көзіңді тігіп көзіме,  
Құшақтап белден,  
Абайлап беттен өпкенің.

Сенсің жаным,  
Алыстап кеткен арманым.  
Ап-ашық күні  
Адасып қалған, іңкәрім.  
Қиялай ұшып,  
Құзар шыңға шыға алмай,  
Қанаты талған  
Құрыш канат сұңқарым.

Алып ұшқан  
Өтті талай түндерім.  
Сағыныштан  
Аңсауменен жүдедім.  
Көре алмаймын,  
Баса алмаймын кеудеме,  
Оралмайды  
Қуанышты күндерім.

## БІЛМЕПІН

Білмеппін, жылжып өткен көңіл жазын,  
Білмеппін, тыңдамаппын жүрек назын.  
Кетіпті қайрылмасқа саумал шағым,  
Іздеймін тоқтаусыз сол сезім сазын.

Аласұрып, іздеймін, шарқ ұрамын,  
Адалдық, махаббаттың бақ тұрағын.  
Қайдасың, оттан ыстық ынтызарым,  
Мәпелер бейне менің бал-құрағым?

Жас жаным бақыт аңсап асығады,  
Жүрегім жиі шаншып басылады.  
Кей кезде кете жаздап қош айтысып,  
Қаламын жердің бетін басып әлі...

## СЕНІ ІЗДЕДІМ

Екеуміз өткен жерлерді көрсем қиналам,  
Түсімде кейде кездесіп, шексіз қуанам.  
Көргім келсе бірге жүрген бақ ішін,  
Сен тосқандай асыға мен жиналам.

Кинозалға кірген, кейбір кезімде  
Орындығың көрінер ыстық көзіме.  
Қатарласа отырса біреу өзіме,  
Ұрланып қана қараймын оның жүзіне.

Бейтаныс адам бұрылса маған сол сәтте,  
Назарымды тайдырып мен де мезетте,  
Ойлаймын сені, ой түбіне жете алмай,  
Жалғызсырап, қиналамын әлбетте.

Думаны мол студенттік кештерде,  
Концерт, кино, бақ ішін бір кезгенде.  
Әлде қалай тілдесем бір жігітпен,  
Сенің бейнең биік тұрар әр кезде.

Кешірімді кеш сұрадың сен неге?  
Кешер қуат таба алмадым мен неге?  
Бірін-бірі құлай сүйген қос жүрек,  
Қиналады екен, қиналмақшы мәңгіге.

## АБАЙҒА

Қасында науқас өткіздік жылдар жартысын,  
Күн сайын көрдік өлім мен өмір тартысын.  
Жаратқан құдай жар болып бізге бір өзі,  
Абыройменен өткердік өмір талқысын.

Науқаспен бірге ауырып, қатты қысылып,  
Олармен бірге қуарып, күйіп, ысынып.  
Ұйқысыз түндер жарысып бірге жүгірдік,  
Келгенде кезек, көмекті бірге ұсынып.

Жатса да адам дәрменсіз мүлде, тым нашар,  
Үмітін үзбей дәрігер емін шын жасар.  
От болып жанған өміріне науқастың,  
Қарлығаштай қанатымен су шашар.

Тәуірлеу болса, күлімдей қарар көздері.  
Жылытар жанды алғысқа толы сөздері.  
Қоштасар сәттер саушылықпен үйіне,  
Дәрігерінің де ең бақытты кездері.

Екеулеп, Абай, елу жыл еңбек етіппіз,  
Белорта жасқа екпіндеп лезде жетіппіз.  
Зейнетін көріп, өткізген бастан бейнеттің  
Жүрсек-ау, шіркін, ақсақал жасқа жетіп біз!?

Қуанар адам көгеріп өскен бұтаққа,  
Толтырса егер алқызыл гүлді құшаққа...  
Үйленіп ұлдар немере сүйсек – арман жоқ,  
Береке берсін, жаратқан құдай ошаққа.



## АБАЙДЫҢ 60-ҚА ТОЛУ ТОЙЫНА АРНАУ

Құтты болсын ата жасы - алпыс жас!  
Болсын әркез денің таза, жаның жас.  
Аяғыңды қадап басып жүре бер,  
Болмасыншы тосқауылдар алынбас.

Еңбегіңмен таныла бер Еліңе.  
Қыдыр келіп қонып кетсін төріңе.  
Бала-шаға, немерелер қызығын,  
Жазсын Алла өзiңе тек көруге.

Аман болсын туған-туыс, жекжатың.  
Құдаларың, бауырларың -бекзатың.  
Шайқалмасын шаңырағың ешқашан,  
Гүлдей берсін берекелі отбасың.

Арман-мақсат орындалсын ойдағы.  
Күш-қайратың ортаймасын бойдағы.  
Арайланып атқан таңға қуанып,  
Нұрлы кештен жақсылық күт алдағы.

Қырық жылдай дәрігерсің -оташы.  
Қанша жанның тиді саған батасы.  
«Қолы жеңіл дәрігер» деп мақтаған,  
Жанға батқан жазылғанда жарасы.

Сәнді болсын жан-дүниенің көктемдей,  
Мамырдағы қызғалдақты бөктердей.  
Мәнді болсын Алла берген ғұмырың.  
Ақ аспаннан жақсылықты төккендей.

Алпыс жасың құтты болсын, Әбеке!  
Отбасыңа нәсіп етсін береке!  
Қосылып жасыңа жас, басыңа бас,  
Бола берсін Мерейтойлар - мереке!

12.11.2012

## АЙМАЛА МЕНІ

Аймала мені, аймала жаным ынтығып.  
Қаның бір қызып, жүрегің қысып бұлқынып.  
Бір тұтамдай қалды ма менің ғұмырым,  
Аймала мені, аймала жаным, құлшынып.

Махаббат сезім сыймайды ешбір өлшемге.  
Тек қана ғұмыр құдайдың берген өлшенген.  
Телегей-теңіз сезімге кетсем тұншығып,  
Айтпас ем менің арманым бар деп өртенген.

## НАЗ

Жауап неге жазбадың хаттарыма,  
Тұнық ойдың түбіне батпадың ба?  
Сағынған шалғайдағы жан жарыңа  
Жылы сөз жүрегіңнен таппадың ба?

Күтемін мен өзіңнен жылылықты,  
Мәрт мінез, асыл сезім, ұлылықты.  
Күтемін адами көп қасиеттер,  
Сегіз қырлы бір ғана сырлылықты.

Өмірде алдау, арбау болмаса екен,  
Жүрегім қаталдыққа тоңбаса екен,  
Шапағаттың аямай төгіп нұрын,  
Жасаған жақсылыққа оңдаса екен.

Жақсыны әр уақытта ұлықтадым,  
Жамандықты діліме дарытпадым.  
Сүйемін нәзік сезім, сұлулықты,  
Сүйкімді адамның бір қылықтарын.

## БАҚЫТ ДЕГЕН...

Бақыт деген -  
Татулықта бірлікте,  
Алға ұмтылған талпыныс пен тірлікте.  
Бақыт деген -  
Адастырмас өрлікте,  
Есте қалар елден асқан ерлікте.

Бақыт деген -  
Ғашықтардың көзінде,  
Аялаған жан анаңның сөзінде.  
Бақыт деген -  
Туған жердің төсінде,  
Сақталатын әрбір жанның есінде.

Бақыт деген -  
Ақ некелі төсекте,  
Адал болу, ермей ешбір өсекке.  
Бақыт деген -  
Қасиетті бесікте,  
Келін болып алғаш түскен есікте.

Бақыт деген -  
Жылуы мол жүректе,  
Қару асып ел қорғаған білекте.  
Бақыт деген -  
Аппақ таза ниетте,  
Арайлы күн көгілдір көкжиекте.

## ШЫНАРҒА

Келін боп түстің әпкемнің міне қолына,  
Арманым едің гүл бітсін сенің жолыңа.  
Құтты болсын аттаған алтын босағаң,  
Ақ тілекпен келіп тұрмыз тойыңа.

Келін болу үлкен сын ғой, әрине,  
Ізет етіп тұру қажет бәріне.  
Кішіпейілдік –кісіліктің белгісі,  
Сүйкімді бол үлкен-кіші, кәріге,

Иіліп нәзік сәлемдескін көргенде.  
Қабак шытпай шәй бергейсің келгенде.  
Мақтанайық өзінді айтып баршаға,  
Келініміз - көркем, деп және көргенді.

Шынаржаным, айналайын, шырайлым,  
Берсін сенің тілегінді тек құдайым.  
Кетті ғой атаң қызығыңды көре алмай,  
Ененді енді сыйлағайсың ұдайы.

## АЙДАНАҒА

Қарайсың сен таңдана,  
Жаңа туған, Айдана.  
Бұлтиясың таңдана,  
Айдай әсем Ай-бала.

Ата-ананды сыйлап өс!  
Желкілдеген гүлдей өс!  
Талпына бер, күн сайын  
Ақылыңа ақыл қос.

Оқу оқып, білім ал.  
Көкірегіңе түйіп ал.  
Ізетті бол, ибалы,  
Жақсылықты жиып ал.

Аллам саған бақ берсін,  
Таудай талап, тақ берсін.  
Сана, сезім, сергектік,  
Ұзақ ғұмыр, жас берсін!  
Әмин!

## АЙСАРА

Кіп –кішкентай Айсара,  
Қозы-лақтан ықпайтын.  
Жақсы көріп, айналып,  
Маңайынан шықпайтын.  
Бір күні ол көршінің  
Қорасына кіріпті.  
Ұнап кетіп торайы  
Тұмсығынан сүйіпті.  
Үйге келіп мақтанып  
Айтқан екен баптанып,  
Әжесі оны шыбықпен  
«Харамсың» деп қуыпты.

## СЫРҒАНАҚТА

Аппак дөңнен шанамен,  
Құлдилаиды құлыным,  
Екі беті алмадай  
Қызарған тәмпіш мұрыны.

Шымыр болып өсесің,  
Шыныға бер күн ұзақ.  
Ертең де бар есесі,  
Кетіп қалма тым ұзап.

Алыс кетсең алаңдап,  
Қайда менің балам, деп.  
Анаң сені іздейді.  
Тоңды-ау қозым, панам, деп.



## ҚЫЗ – ҚЫЗЫЛ ГҮЛ

Қыз туғанда қай қазақ шаттанбаған,  
Жігітті ел мақтаған, қыз жақтаған.  
Қызы бардың назы бар, қызың -өріс,  
Қазағым қыз баланы ардақтаған.

Қыз бала-үйдің сәні, елдің көркі.  
Қызыл гүл, қырмызы гүл-жердің көркі.  
Оң жақта отырғанда ата-ананың,  
Талайды тамсандырған қыздың бөркі.

Қызыл гүл самал желге майысады,  
Қыз өссе толған айдай толысады.  
Ақ бата алып жат-жұртқа аттанарда,  
Ата-ана, туған-туыс қайысады.

## КӨҢІЛ ТОЛҚЫНДАРЫ

Жан досым, амансың ба, қалың қалай?  
Көерміз қуаныштар әлі талай.  
Мәртебең, абыройың аса берсін.  
Жүргейсің алшаң басып, сағың сынбай.

\*\*\*

Сен менің жастығымсың алаулаған,  
Сезімім шаттығымсың азаймаған.  
Мың мәрте айтамын мен алғысымды,  
Тағдырға кездестірген сені маған.

\*\*\*

Керегі жоқ алтын, күміс бергеннің.  
Қызғанышпен өсек жиып тергеннің.  
Тіршілікте шын сыйласып жүре алмай,  
Өлгеннен соң жылап-сықтап көмгеннің.

## АЛҒАШҚЫ СЕЗІМ

Қас қағым  
Қайта оралмас іңкәр шағым,  
Жастығым  
Жұпар жұтқан жасыл бағым.  
Жүректе  
Сансыз перне діріл қағып,  
Жырақтан  
Іздейтін де сыңар сазын...

Өзіңмен  
Алғашқы рет кездескенде,  
Сезді жаным жылылық  
Жүздескенде.  
Балқыдым,  
Қорғасындай өз-өзімнен  
Толқыдым,  
Тебірендім тілдескенде.

Киналдым  
Жан-дүнием өзгергендей  
Симадым  
Балалыққа бойжеткендей  
Келер күнге  
Еліктей елеңдедім,  
Алаңсыз көңіліме  
Мұң біткендей.

Көрсем сені  
Қысылам, ұяламын  
Естісем дауысыңды  
Нұрланамын.  
Жүрегім  
Тынши алмай лүпіл қағып,  
Күлемін  
Шексіз, шетсіз қуанамын.

Тыңдашы  
Бір сәт тынып, айналайын.  
Өзіңе арнап,  
Құбылта ән салайын.

Мен тентек  
Тау суындай буырқанған  
Бол сен тек  
Тосқауылым аймалайын.

## НЕГЕ ҰМЫТТЫҢ?

Жаным менің, мені неге ұмыттың?  
Неге үздің дәнекерін үміттің?  
Махаббатты аямадың, таптадың,  
Ісі ме еді сендей дегдар жігіттің?

Айтшы маған, менен жақсы таптың ба?  
Жас жарыңнан рахат, ләззәт таттың ба?  
Әлде алданып жалған сезім, нәпсіге  
Өкініштен қайғы-мұңға баттың ба?

О, дариға, соның бәрін білемін.  
Өмір бойы саған бақыт тіледім.  
Тікенектей, әттең, сол бір өкпемді  
Жүрегімнен суыра алмай келемін.

## ӨЛЕҢ ЖАЗСАМ...

Өлең жазсам...  
Жан-дүнием жамандықтан арылар.  
Терең қазсам,  
Жүрегімнен сан құпия табылар.  
Өткен ғұмыр,  
Балғын кезім, жастық шағым оралар  
Жып-жылы бір  
Тәтті сезім өнбойыма таралар.

Өлең жазсам...  
Ой- санамды басқа әлемге жетелер,  
Армандағы  
Ханзаданы көз алдыма әкелер.  
Қай-қайдағы  
Құпия күш шың басына көтерер.  
Аспандағы  
Ай-жұлдызды қиналмай-ақ әперер.

Өлең жазсам...  
Бір серпіліп көтеріліп қалармын.  
Күн шуақты  
Шамшырақтай лаулап, маздап жанармын.  
Өлеңнен мен  
Сырласымды, кимасымды табармын.  
Тереңдерді,  
Қиын-қыстау, қызық жолды қалармын.



## ЖЫРЛАРЫМ

Жырларым менің – жүрегім менің,  
Сүйенішім тірегім менің,  
Тұнып тұрған тілегім менің,  
Түлеп ұшқан түлегім менің.

Қайғысы барды қуантсаң етті,  
Ұмыттырып жұбатсаң етті.  
Мұзы болса жанына батқан,  
Ерітіп мүлде уатсаң етті.

Жырларым менің жазыла берсе,  
Жандардың бәрі жадырап күлсе.  
Бірінің бірі қадірін біліп,  
Көруге әсте сағынып жүрсе.

# АҚЫНҒА

(АҚЫН АҒАМ БАЙТҰЯҚ ЖАНЫМБЕТОВҚА)

Кейбіреуге көрінер-ау - өлең жазу ойыншық.  
Жүрегіңе серік болсын - имандылық тек шындық.  
Өлең жазу - ерекше бір табиғаттың сыйлығы.  
Ақын жаны мөлдір таза - гүл үстінде таңғы шық.

Өлең жазып ой мен сана – аспандасын, өрлесін.  
Тұжырымды тың ойлармен жан – дүниең өзгерсін.  
Еркелетіп туған елің даналыққа теңгерсін.  
Көркем сөзден қайталанбас жыр өрнегін көрген соң.

Өлеңдерің өмірге іңкәр жүректерге жол тапсын.  
Ақындарға ақиқат пен өмір – дастан болмақ сын.  
Әлде қалай ой тасқыны таба алмаса арнасын,  
Ақын жолы қияметтің қыл көпірі болмақ шын.

Ой ұшқыны жанбай жатып, қапылыста сөнбесін!  
Қара бұлты жамандықтың төбесіне төнбесін!  
Шабыт келіп маза бермей ағыл-тегіл селдесін.  
Жүрекжарды жыр өрімдей жатсын тауып үндесін.

## ЗАМАНДАСҚА

Жақсы өлең жан азығы таптырмайтын  
Қайғының қара есігін аштырмайтын  
Көркем сөз, өлең мен жыр, ой маржаны  
Әркімге оңайлықпен алдырмайтын.

Ақынды үлкен кіші деп бөлеміз,  
Бірін –кәрі, біреуін жас көреміз.  
Ақындық сатып алар пұл емес қой,  
Ақын болшы, егер де жетсе өреңіз!

Ақындықтың өлшейтін мөлшері жоқ,  
Мөлшері жоқ, әрине, өлшемі көп.  
Кеш алып өз бағасын бұл өмірден  
Ақындардың жыламай өткені жоқ.

Өкінбеймін танымал болмадым деп,  
Өзгелердей сыбаға алмадым деп.  
Қалтарысты, бұралаң, қиын-қыстау  
Тар жолын ақындықтың таңдадым тек.

Қазақтың қарапайым қызымын мен,  
Ақынның тастап кеткен ізімін мен.  
Ешқашан қиындыққа мойымаған,  
Қайыспас қарағайдың тінімін мен.

Замандас, дат, айтамын құлағың сал:  
Ғұмырым өтіп жатыр уақытым тар.  
Жанашырым табылса жырларыма  
Бағасын берер деген үмітім бар.

## ОҚЫРМАНМЕН СЫРЛАСУ

Орақ тілді, от жүректі, ақын болу оңай ма?  
Түпсіз терең ой түбіне бату деген оңай ма?

Ақ қағазға ой төгемін, замандасым, сырласым.  
Кеудемдегі сандуғашым өзіңе арнап жырласын.

Көңіліңе көленке, түн, орнамасын, күрдасым.  
Жас –жүректе сан қызыл гүл махаббатсыз солмасын.

Ер-азамат өркендесе елдің жүгін көтерер.  
Аналардың алдындағы қарыздары өтелер.

Асқар, асқақ ар-намысты аласартпай жүрейік  
Келе жатқан мың жылдықтан тек жақсылық тілейік.

## СӨЗ ҚАДІРІ

Жалпақтағым, жалтақтағым келмейді.  
Жағымпаздық қолымнан еш келмейді.  
Турашыл жан туысына жақпаған,  
Жалған сөйлеп көлгірсігім келмейді.

Сөз қадірін кей адамдар білмейді.  
Ойымды әсте іркіп қалғым келмейді.  
Қазағымның сөзден өлсе атасы,  
Құдіретті Сөз ешқашен өлмейді.

Намысы жоқ адамдардан түршігем.  
Қуыс кеуде жанды көрсем күрсінем.  
Жанталасып ұпай жиған жылмыңдап,  
Шошимын мен мансапқордың түрінен.

Кіп-кішкентай пайдам болса еліме,  
Еңбекпенен тамса терім жеріме,  
Қазақ Елі өсе берсе көркейіп,  
Шаттанамын, мақтанамын әрине.

Өлең жазу ермек емес, білемін.  
Мың ойланып, жүз толғанып жүремін.  
Ақын аға, дәптерімді оқысаң,  
Әрбір жолы - соғып тұрған жүрегім.

Ақын аға, беріңіз батаңызды,  
«Ел көгерер батамен» деген атамыз да.  
Талпынып анда-санда жазғанымды,  
Бастыра алмай қиырда жатамыз ба?

Тұсау кесер, ағажан, мен берейін.  
Өзіңе арнап Арқадан гүл терейін.  
Құлыншақтай құлдырап желдей есіп,  
Қанатында шабыттың бір желейін.

## СУСЫНДАҒАН БҰЛАҒЫМ

Қазақ тілі сусындаған бұлағым,  
Әр сөзіңе елеңдейді құлағым.  
Көрік берген көңіліме сен менің,  
Тербеп кетсе жүрегімді бір ағын.

Қазақ тілі – анам менің үйреткен,  
Әкем жазып, жақсылықты жыр еткен.  
Атам менің әсем сазды ән салып,  
Әжем мені әлдилеген тербеткен.

Қазақ тілі дәриядай аумақты  
Сом алтындай, сырбаз сұлу салмақты.  
Бір сөзінен талай мағына табылар  
Толғандырар, ойландырар әруақта.

## **ӨЛЕҢДЕРІМ – ЖҮРЕГІМНІҢ ЛҮПІЛІ**

Өлеңдерім – жүрегімнің лүпілі.  
Мың құбылған тамырымның бүлкілі.  
Өлеңдерім - өр мінезді өзімдей,  
Жаратпайды жеңіл мінез, күлкіні.

Өлең жазам, ет жүрегім елжіреп,  
Шындық туы жыр жолында желбіреп,  
Шабыттансам, шаршамасам, тынбасам,  
Тоқтағанша, үзілгенше соңғы леп.

# ШЕШЕНСТАНҒА

## ИМАМ ШӘМІЛ РУХЫНА АРНАДЫМ

Шешенстан, мен біргемін өзімнен,  
Қайғы жұтып, қабырғасы сөгілген.  
Алқызыл қан Азаттықтың жолында,  
Текке кетпес, теңіздей боп төгілген.

Желеуімен «біртұтастық» Ресейдің,  
Шешендерді таптап, жаншып жеңерсің,  
Қанын судай ағызып сол халықтың,  
Тауларын да жермен жексен тенерсің.

Тауда туып, тауда өскен өр халық,  
Елін, жерін, салтын сүйген ер халық.  
Азаттықтың туын тігер күн келер,  
Жақтар болса өздерінді бар халық.

Қайғырамын, мұңаямын, жылаймын,  
Қуат берсін, алла өзіңе ылайым.  
Жер бетінде болса шындық, ақиқат,  
Мен куәсі Еркіндіктің болайын.

«Өз жерім» деп арпалысқан Ресейдің,  
Кім біледі, масқара боп кетпесін?!  
Мәңгі бақи ұрпақтары шешеннің,  
Зұлымдықты-геноцидті кешпесін?!



## ШЕШЕНСТАНҒА

Сансыз ой мені мазалар кейде түрткілеп,  
Көңілде сонда найзағай ойнар күркіреп.  
Назаланып, қайғысына Шешеннің,  
Отырамын бейбіт өмір шын тілеп.

Содыр ма, әлде еркіндік сүйген ел ме екен?  
Қаскүнем, әлде еліне адал ер ме екен?  
Себепсіз халық қолына қанжар ұстамас,  
Өзгелермен терезесі тең бе екен.

Еркіндік теңдік, әуелден ыстық тәтті ұғым,  
Қол жетсе оған сезінер халық шаттығын.  
Кеудесін тосқан бораған оққа елі үшін,  
Табылар ерлер, көрсетер әлі мәрттігін.

# ӘН

## БАУЫРЫМ ӘНШІ АЛТЫН ИМАНБАЕВАҒА

Ән аспанда қыран құстай қалықтап,  
Бірде шырқап, қия шыңға шарықтап,  
Түйіледі қыран құстай сорғалап,  
Бебеулейді, баяулайды алыстап.

Бірде өзінді самал желдей желпиді,  
Қайғы-мұңсыз жан-жүрегің елтиді.  
Бірде егіліп, тебіреніп, тербеліп,  
Сезінесің мың құбылған бір күйді.

Жүрек қылын шертер болса әсем жыр,  
Толқып кетер, санаңдағы сағым сыр.  
Жастық шағың еске түсіп, оралмас,  
Сағындырар саумал шақты тағы бір.

Әсерлі әнге төбе құйқаң шымырлар,  
Қағып жүрек, тоқсан тоғыз тамырлар.  
Көңіл босап, жүйкелерің жұмсарып,  
Қорғасындай балқып денең жалындар.

Әдемі әнде тарқамаған құмар бар,  
Әлде кімге тағылмаған тұмар бар,  
Махаббат-шер, үзілмеген үміт бар  
Мәлдір сезім, сарқылмайтын тұма бар.

## АЛТЫНҒА

Алтыным менің, айналайын, бауырым,  
Баға жетпес өнерпазым, аруым.  
Жаулап алдың асқақтаған әніңмен,  
Жан-жүрегін осы отырған қауымның.

Домбыраны серік қылдың бес жастан,  
Жасқанбадың қиындықтан ешқашан.  
Қаршадайдан көзге түстің әніңмен,  
Жарасымды мінезіңмен, сәніңмен.

Арман алға жетеледі қол бұлғап,  
Бойындағы сездің барын ән-бұлақ.  
Сарыарқадан Алатауға жол тарттың,  
Домбыраңның құлақ күйін сен бұрап.

Алматыдан таптың ұстаз қарымды,  
Көре білген, бағалаған барыңды.  
Өн бойыңа өнер-білім дарытқан,  
Дүл-дүл әнші Жүсекеңдей дарынды.

Отыз жылдай өнер қуып келесің,  
Ата-баба аруағы жебесің.  
Жүректерге ұялатып қуаныш,  
Айналаңа жан-шуағын себесің.

Тапқандайсың өміріңнің шын мәнін,  
Сезгендейсің бақытыңның бір барын.  
Жігеріңді қайрап алып, қажымай,  
Көрсете бер, бар екенін бір дарын.

Халқымыздың дарынды бір қызысың,  
Әкеміздің артындағы ізісің.  
Ел аман боп, бағалансын еңбегің,  
Жарқырасын, маңдайдағы жұлдызың!

## ӘПКЕМЕ

Ата-анамның тұңғышы, Шәкем менің!  
Жол бастап бәрімізді жетеледің.  
Қамқор апа «аға» да өзің болдың,  
Қолыңнан келгенінше мәпеледің.

Тіледік ылайық бір теңдесінді,  
Тауып бердің Құрмандай жездешімді.  
Екеулеп құрақ ұшып біз келгенде,  
Аузыңнан жырып бердің бермесінді.

Өзіңнің көйлегінді киіп өстік.  
Айтқаныңды көңілге түйіп өстік.  
Жүрсек те қай шетінде туған елдің,  
Жүрегіңнің жылуын жиып өстік.

Зейнет жасқа жетіпсің, жан бауырым.  
Артқа тастап ғұмырыңның ауырын.  
Бақытты бол, қосағыңмен қоса ағар,  
Аман болсын отбасың мен қауымың.

## БОТАГӨЗГЕ 60 ЖАС

Құтты болсын туған күн -екі отыз!  
Құттықтап шын жүректен келіп тұрмыз.  
Көңіл жас, денсаулығың мықты болып,  
Нәсіп етсін жаратқан жәйлі тұрмыс.

Армансыз жан болмайды дүниеде,  
Адамның арқау болар әр күніне.  
Асыл арман, ақ тілек орындалып,  
Аттай бер келер уақыт, келер күнге.

Той- думан, қуаныштар бола берсін!  
Үйіңе ұрпақтарың тола берсін!  
Тірлікте мәнді, сәнді ғұмыр кешіп,  
Бақ құсы шаңыраққа қона берсін!

Рахатын зейнетіңнің көре бергін.  
Нұр- шуақ балаларға төге бергін.  
Шүпірлеп айналаңа немерелер,  
Өсе берсін қуантып әжелерін.

## БОТАГӨЗ ӘПКЕМНІҢ РУХЫНА

Сен кеткелі қырық күн өтті, қырық түн,  
Кім білген қиып түсерін мына індеттің?  
Жер жүзіне ажал сепкен ғаламат,  
Қуәсі болдық қауыпты жаман бір дерттің.

Ботакөзім, қадырлы менің бауырым!  
Ата-анама Алла берген тәуірім.  
Өзінді бүгін іздегенмен таппаймыз.  
Тілейміз тек алдыңның жарқын жарығын.

Елуге жетпей жан жарыңнан айырылды.  
Ұялатты жүрекке қайғы, көзге мұң.  
Қайраттанып қарсы тұрдың тағдырға,  
Қамын жедің өзің түгіл өзгенің...

Қырық екі жыл ұстаздық еттің жалықпай.  
Өмір сүрдің ел-жұртыңмен тарықпай.  
Ұл-қызыңды ешкімнен кем етпедің,  
Немере, жиен шетінен алтын асықтай.

Ботакөзім, ақылды әпкем, бауырым!  
Ұмытпаймыз, тіршілікте, жарқыным!  
Жақсы істерің жолдас болсын өзіңе,  
Иманды бол, пейіште нұрың шалқысын!

*15.05.2021*

# АЙНҰР ЗИННУРҚЫЗЫНА

(ОН ЖАСҚА ТОЛУЫНА)

Туған күнің құтты болсын Айнұрым!  
Ботақаным, қошақаным көз нұрым.  
Өсе берші ата-анаңа еркелеп,  
Жақсы оқы, терең болсын білімің.

Ақ қағаздай таза болсын көңілің,  
Сәулесі мол жарқын болсын өмірің.  
Ақылға бай саналы бол, сабырлы,  
Достарыңа үлгі болсын тәлімің.

Қайратты бол мақсат, мүдде жолында,  
Өз тағдырың, өз бақытың қолыңда.  
Кіші пейіл, кеңпейіл бол атаңдай,  
Еш уақытта тартынба сен, тарылма.

Көрсек екен өскенінді бой жетіп,  
Жүргенінді жақсылыққа қол жетіп.  
Ғұмыр жасың ұзақ болсын, құлыным,  
Кішкентайым, айналайын, Айнұрым.

## БІЗДІҢ КӨШЕ

Біздің көше әдемі бір күйге енді,  
Күні-түні әсемделді, әрленді.  
Киров болып жүдеп-жадап тұр еді,  
Атын алып Жамбыл ақын түрленді.

Әрине бұл - Тәуелсіздік нышаны,  
Сүйсіндіріп, қуантады баршаны.  
Жұпар шашқан гүлзарлары көз тартып,  
Гүлдестеге толған жастар құшағы.

Қарттар да жүр көше бойлап қыдырып,  
Күйбең күйді бір сәт кейін ысырып.  
Дем алады әзілдері жарасып,  
Фонтандардың қасында сәл кідіріп.



# ҚАПЫДА ҚАЗА БОЛҒАН НАРИМАНҒА

## АҒАМ УӘЛИХАННЫҢ ҰЛЫ НАРИМАННЫҢ РУХЫНА АРНАЙМЫН.

Нариман, сен біз үшін нардай едің,  
Жас та болсаң бас болған дардай едің.  
Ақ көңіл, жаның таза аңқылдаған,  
Наурызда түскен ақ қардай едің.

Нариман Иманбайдың шөбересі,  
Үлгі алар әрбір жастың өнегесі.  
Еліне еңбек етіп жүре берсе,  
Халқымның көгерер ме еді көсегесі?!

Алғыр едің қыранның баласындай,  
Кең едің қазағымның даласындай.  
Зиялы, зерделі де, бекзат едің,  
Бағасын ерте ме, кеш алатындай.

Жарқ етіп, ерте сөнген жұлдызым-ай,  
Жағамдағы сән берген құндызым-ай,  
Алшаңдап өзгелердей жүре алмадың,  
Ғұмырың қысқа болды-ау, құлыным-ай.

Көңілде тұрар мәңгі күдік-күмән,  
Қызғаныштан кеттің бе, болып құрбан?  
Жақсыны көре алмайтын жамандар бар,  
Құлагердей тұлпарды белден ұрған.

Нариман, топырағың торқа болсын.  
Иманды бол, қабірің нұрға толсын.  
Жүргейсің ата-ананды желеп-жебеп,  
Артында қалғандарға ғұмыр берсін.

# ҰСТАЗЫМ ИШАНҒАЛИ ҚАСЫМОВТЫҢ ҚАЗАСЫНА

Әкемнің жолдасы еді бірге өскен,  
Жастық шақ, қызық күндер бірге кешкен.  
Қалжыңдап, отырыста ән салатын,  
Кездері көңілді бір кетер ме естен.

Зиялы ұстаздардың бірі еді,  
Ауылдың еркелеткен гүлі еді.  
Үлкенге іні, кішіге аға болып,  
Әрдайым сыйластықпен жүріп еді.

Ел қорғап, үлесін де қосып еді,  
Қол ұшын ауылдасқа тосып еді.  
Ғашық қып әсемдікке шәкірттерін,  
Сыйқырлы саз әлемін ашып еді.

Өз аға, нұрлы болсын қабіріңіз,  
Жәннәттан орын берсін Тәңіріміз.  
Бақидан желеп-жебеп арттағыны,  
Жалғассын ұрпақтармен ғұмырыңыз.

## ДӘРИГЕР АМАНГЕЛДІ ЖАҚСЫЛЫҚҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ

Көктем келді аққу қазы қаңқылдап,  
Көк аспанда қыран бүркіт саңқылдап.  
Арамызда Амангелді жоқ бүгін,  
Жүрмек емес ақ дидары жарқылдап.

Сен кеткелі күндер өтті, жыл жетті.  
Үзілді үміт, көңіл суып жүдетті.  
Есте қалған естеліктер елестеп,  
Сыздатады жұдырықтай жүректі.

Көктем келді өзің жақсы көретін,  
Шын қуанып, шат-шадыман күлетін.  
Бұл өмірдің қызығына тоя алмай,  
Алшаң басып, құрдастармен жүретін.

Тірі болсаң ана сүтін ақтар ең,  
Қанша жанды періштедей сақтар ең.  
Қанша жанның алғысына бөленіп,  
Қанша ананы бөпесімен мақтар ең.

Ата-анаң шақырса сен келмейсің,  
Түстеріне жиі-жиі кіргейсің.  
Жаның сенің жайлы болып жәннәтта,  
Бақидан тек желеп-жебеп жүргейсің.

# САЙЛАУБЕК ЫСҚАҚҰЛЫНЫҢ РУХЫНА

(ҚЫЗЫ ЛӘЗЗӘТТІҢ АТЫНАН)

Асыл әке, сенсіз міне жыл өтті.  
Сағынышпен, ойлауменен күн өтті.  
Сыңарынан айырылған аққудай,  
Қайран анам жылауменен күнелтті.

Ақ дидарың, жарқын жүзің елестеп,  
Келетіндей кейде тіпті елендеп,  
Жүреміз біз есік жаққа көп қарап,  
Айқара ашып кенет кіріп келер деп.

Алла өзіңді алып кетті не шара,  
Жүректерде қалып қойды бір жара.  
Ұлағатты ұстаз едің зиялы,  
Сыйлаушы еді, сүйоші еді бар бала.

Қырық жылдай еңбек етіп еліңе,  
Жүруші едің алшаң басып жеріңде.  
Иманды бол, нұрлы болсын қабірің!  
Табылғайсың тек жұмақтың төрінде.

*23 қараша 2005 жыл*

## АНАНЫҢ ЗАРЫ

Дина жаным, жалғыз қызым, құлыным,  
Көз алдымда желкілдеген тұлымың.  
Қас қағымда тастап кеттің сен мені,  
Көңіл қошым, көз жанарым жұлыным.

Сенсіз жаным құлазиды күйеді,  
Көңілімнің жоқ өзіңсіз сүйеуі.  
Талшыбықтай таралып сен өскенде,  
Тұралатты-ау бақытымның күйреуі.

Бағыштаймын дұға сенің атыңа,  
Мәрмәр тұғыр қойдым сенің басыңа.  
Ана шіркін ұмытар ма баласын,  
Келген сайын тұншығамын жасыма.

Жалғыз қызым, жан жүрегім қызығым,  
Ойлап па едім, көре алмаймын қызығын?  
Күнде келіп қабіріңнің басына,  
Естимін тек соққан желдің ызыңын.

Қызыл гүлім, қызым менің, қимасым,  
Қайтейін мен ажалға Аллаһ қиған соң  
Иманды бол, нұрға толсын қабірің,  
Балапаным балдай тәтті, Динашым.

## БАУЫРЫМ ЗЕЙНҰРДЫ ЕСКЕ АЛУ

Ата-анамның аңсап-күткен қос ұлының бірі еді.  
Әулетімнің қыздарына «ат байлайтын» іні еді.  
Отбасының азаматы, жан серігі жарының,  
Балалардың қамқоршысы, шуақ шашар күні еді.

Көз алдымда шыбық мініп шапқылаған күндері,  
Ертелі-кеш асыр салып ойнап-күліп жүргені.  
«Ортақ-көлдің» қайраңында армансыз бір салқындап,  
Анама арнап қырдың әсем гүлдерін де үзгені...

Туған жердің топырағына жылда келіп аунайтын.  
Ағайыннан жақсылығын іркіп әсте қалмайтын.  
Жан-жүрегін үзіп беріп жақсы көрген жандарға,  
Жатты жақын тартудан шаршамайтын, талмайтын.

Ата-ананың елу шақты ұрпақтары болғанмен,  
Жиендер мен жиеншарлар шаңырақта толғанмен.  
«Қыз- жат жұрттық» «Жиендер де ел болмайды» ешқашан,  
Самаладай самсап бәрі айналанда тұрғанмен.

«Орнында бар оңалар» деп жұбатады бар қазақ.  
Зейнұрынан әкемнің қалды бізге бір тұяқ.  
Он балаға тұратын азамат ол - бірегей,  
Керегемді кеңейтер Нұржаным бар шамшырақ.

Балта Керей Бексейіттің ұрпағысың, Нұржаным!  
Шаңыраққа ие болып, жалға атаң ұрпағын!  
Қамқор болып жан анаң мен қарындасың Айнұрға,  
Ұмытпа сен, кіндік қаның тамған жердің топырағын!

*02.04.2015 жыл*

## ЖЕР САТЫЛМАСЫН!

Жер ананың киесі бар, иесі.  
Сөзімнің бар түйіні мен жүйесі.  
«Етпе –деген- аманатқа қиянат!»  
Қазақ жері - ұрпақтардың үлесі!

Алпыс жастың асқарынан асқан соң.  
Жетпіс жасқа қадап қадам басқан соң.  
Дәуреніңнің, думаныңның өткені  
Шашыңа әкеп ақ күмісін таққан соң.

Өмір сүрдім мағыналы, маңызды.  
Ұмытпадым қарызды да, парызды.  
Артта қалды қиындықтар әр түрлі,  
Соның бәрі тағдырыма жазылды.

Ел-жұртыма еңбек еттім ерінбей,  
Еш адамға басымды имей, тіленбей  
Жақсылыққа жақын болдым әрқашан.  
Өз ортамда біреу болмай бірегей.

Желкілдеп өсіп ұрпақтарым келеді.  
Қайда жүрсем Жасаған мені жебеді.  
Қырық жылғы еңбегімнің зейнетін  
Ел-жұртыммен бірге көргім келеді!

Аман болсын гүлжазира сай-салаң.  
Қызылжарым- Атажұртым, кең далам!  
Бабалардың баға жетпес мұрасы-  
Саудаланып сатылмасын Жер-Анам!

# ЗӘУРЕШ ҚАЙЫРЖАНҚЫЗЫНЫҢ РУХЫНА

Зәурешім, сырласым ең асыл құрбым!  
Қырық жыл досым болдың, абысыным.  
Иманжүзді, ақжүрек, ақ көңілдім,  
Алдыңнан шықсын сенің жақсылығың!

Сағынамын жарқылдап жүргеніңді.  
Жадырап еш риясыз күлгеніңді.  
Кездескенде қуанып шын жүректен,  
Аңқылдап айтатын көп тілегіңді.

Ат нөпір туған-туыс, құда-жекжат,  
Айтады өзіне арнап мың салауат.  
Артыңда қалған Ермек, Жандос, Елдос,  
Жан-жарың Ғалымжанға болды аманат.

Зәурешім ақылды еді, арман қуған.  
Онымен санасушы ед туыс-туған.  
Бәріне қамқор болып, жаны күйіп,  
Қолдап, қорғап, қоғамдап жүріп-тұрған.

«Жақсының жаттығы жоқ» - деген қазақ,  
Айтқандай Зәурешіме тура қарап.  
Қонақжай, кеңпейілді, қарапайым,  
Тұратын бөтенді де, тартып, баурап.

Бүгін, міне, дұғаға келіп тұрмыз,  
Аллаға басымызды иіп тұрмыз.  
«Пейіштен орын берсін!»-деп өзіңе,  
Қол жайып, Жаратқаннан сұрап тұрмыз.

Зәурешім, жатқан жерің мамық болсын!  
Қабырың нұрға толып, жарық болсын!  
Үй-ішің, бауырларың сау-саламат,  
Сен көрмеген қызықты солар көрсін!

15.06.2019



## БОЛАТБЕКТИҢ ҚАЗАСЫНА

Қайран Бөкем, замандасым, құрдасым,  
Қымбат еді баршамызға бір басың.  
Азаматы едің, абзалы едің еліңнің,  
Қалап жүрген інжу-маржан бір тасын.

Ел үшін сен еңбек еттің ерінбей.  
Қиындыққа еш уақытта берілмей.  
Жақсылыққа жақын едің, жақсы едің,  
Жарқылдап сен жүруші едің кейімей.

Гүлзадаң мен Тахминаңды сүюші ең,  
Суығына тоңып, ыстығына күйші ең,  
Жиырма бес жыл отассаң да, жарыңмен,  
Күні кеше қосылғандай жүруші ең.

Қатерлі ісік батса дағы жаныңа,  
Үмітпен сен қарадың әр таңыңа.  
Қайраттанып қарсы тұрып дертіңе,  
Сеніп жүрдің жақсылықтың барына.

Тағдыр жүгі қаншама зор болса да,  
Қара түнек қақпанында қалсаң да,  
Соңғы демің таусылғанша күрестің,  
Сығырайған шырағдандай жансаң да.

Жанып кеттің көз алдымда, жан досым.  
Иманды бол, қабіріне нұр толсын!  
Тірі болсаң талай қызық көрер ме ең,  
Төрт мүшелді бірге тойлап жүрер ме ең?

Жасағанның ісіне бұл не шара!  
Жылай берме, берік бол сен, Гүлзада!  
Аман болып отау тіксің жалғызың,  
Емдейді уақыт, жазылар әлі жан жара.

*28.06.2000 ж.  
Қызылжар қаласы.*

## БОЛАТБЕКТИҢ ЖЫЛЫНА

Бекзат Бөкем, тірі болсаң не етер ең?  
Көрмеген бір қуанышқа жетер ең.  
Тахминаңның кішкентайын көтеріп,  
Мойныңа асып, көше аралап кетер ме ең?

Абзал Бөкем, тірі болсаң не етер ең?  
Қызметінде табыстарға жетер ең.  
Гүлзадаңмен қол ұстасып, сырласып,  
Қосағыңмен қоса ағарып өтер ме ең?

Алла сені қалап алды, қайтейік!  
Сен жетпеген жақсылыққа жетейік.  
Сенің жарқын азаматтық бейнеңді  
Ұмытпай біз еске сақтап өтейік.

Оңала алмай жан жарың жүр қайғыдан,  
Арттағы ізің, жалғыз қызың Тахминаң.  
Заринаңды жаңа туған кішкентай,  
Желеп-жебеп жүргейсің сен бақидан.

# БАУЫРЛАРЫМА

Бір жүргенде қадірлеп, кастерлеуге,  
Сараңбыз еркелетіп, мәпелеуге,  
Қалғанда орны босап, үңірейіп,  
Өзіңе шамаң жетер өкпелеуге.

Дүние - жалған, біз-қонақ, ертең жоқпыз.  
Өтсе өмірдің бір күні соған тоқпыз  
Бір туып, бірге жүрген болмаған соң,  
Заңына тіршіліктің біз де жақпыз.

Бауырлар, сағынамын әрқайсыңды,  
Бір көру өздеріңді арман сынды  
Жақсылық баршаңа тек ойлағаным  
Тұтады жаным жақын қай қайсыңды.

Әкемнің атына кір келмесін деп,  
Намысты ешкім қолдан бермесін деп,  
Тірлікте тырысамын бәрің үшін  
Бір жамандық жан анам көрмесін деп.

## ӨМІР ТУРАЛЫ

Өмірдің бізге артар сыны да көп,  
Бізге тартар сыбаға, сыйы да көп.  
Өмірдің ащысы да, тұщысы да,  
Жалғаны, ақиқаты, шыны да көп.

Атар таң көңіліңді алаңдатар,  
Күніне бір жылатып, бір жұбатар.  
Жүрерсің шалқып-толқып, үміт артып,  
Біткенше көрер қызық, тұзың татар.

Келмейді өміріме өкпелегім,  
Көрсем де талай қиын жекпе-жегің.  
Болса да қызығынан шыжығы көп,  
Келеді сол өмірді сүре бергім.

## ҚОСАҒЫМА

Туған күнің құтты болсын, қосағым.  
Аман болсын әруақытта ошағың.  
Жүз жыл бойы туған күнің тойланып,  
Тола берсін гүлдестеге құшағың.

Өзіңменен қуанамын, тасамын.  
Бақыт нұрын отбасыма шашамын.  
Асығамын елендеймін күн ұзақ,  
Сарғаямын, сағынамын, тосамын.

Өмір сүргін сәнді, мәнді, әдемі,  
Қуат алып күн нұрынан әсерлі.  
Көңіліңді торламасын қайғы-шер,  
Нәсіп болсын ерен еңбек еселі.

## ШАБЫТ

Шабыт деген қыз мінезді  
Тез өкпелеп қалады.  
Сырбаз ғана, тереземді  
Түнде менің қағады...

Шапшаң тұрып сол өленді  
Түсірмесем қағазға,  
Көпке дейін өкпелейді  
Келмей маған қалады.

Маужырап бір жатқанымда,  
Енді ғана тыныстап.  
Алтын айдың батқанындай,  
Өте берер жылыстап...

Осылайша ертелі-кеш,  
Сөз маржанын теремін.  
Қуат берсе құдірет күш,  
Гаухар тауып келемін.

Қуанамын келсе шабыт,  
Аралаймын Сөз елін.  
Олжалымын, қазына тауып,  
Ой әлемін кеземін.

## КЕЙБІР ЖАН

Қуыс кеуде, қауашақ,  
Жүрегі жоқ, жаны жоқ.  
Назары жоқ, назы жоқ.  
Еш нәрсеге халі жоқ.

Суық қабак, құнсыз сөз,  
Еш жылусыз, нұрсыз көз.  
Пендеге жоқ пайдасы  
Ынта жігер айласы.

Жоқ мақсаты, мүддесі,  
Қалған бейне мүрдесі,  
Тірі өлік тәрізді,  
Сүйретілген сұлбесі.

## АЗАМАТ ДЕП...

Туған елін анасындай шын ниетпен сүймесе  
Азамат деп санамаймын мен оны.

Ана тілін – қазақ тілін бір адамдай білмесе  
Азамат деп санамаймын мен оны.

Жетім, жесір назаланып жылағанын көрмесе  
Азамат деп санамаймын мен оны.

Рәсуа болып ел байлығы, шашылғанын сезбесе  
Азамат деп санамаймын мен оны.

Өз ұлтына ашымаса жан-жүрегі өзгеше  
Азамат деп санамаймын мен оны.



## КӨҢІЛ КҮЙЛЕРІ

Жандарды көрсем ниеті жаман,  
Жабырқап, жасып қаламын.  
Жақсыны көрсем жайдары, жайсаң,  
Жарқырап, маздап, жанамын.

Жылы бір лебіз естісем егер,  
Өркендеп, өсіп қаламын.  
Қарияны көрсем анама ұқсас,  
Күйін бір кешем баланың...

Тай - құлындай бірге өскен,  
Досымды көрсем қуанам.  
Сағыныштан жүрегімде,  
Сырлы бір, сазды туар ән...

Құлазып қалған көңілімді,  
Толтыруды немен білмеймін.  
Жанымда жан жоқ ай далада  
Қалғандай болып жүдеймін.

Жүрегім жылап тұрса дағы  
Жабығып тіпті жүрмеймін.  
Болымсызға көңіл қойып,  
Сәл нәрсеге күлмеймін.

Арман, мақсат алдымда көп.  
Жетемін бе білмеймін.  
Жан дауасын көңілімнің  
Табамын ба білмеймін...

# АҚЫН ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВАҒА

(Қ. БҰҒЫБАЕВАНЫҢ РУХЫНА)

Мен сияқты «Гаухартасқа» ғашық боп,  
Мен сияқты жақсылыққа асық боп,  
Кетіп қапсың мәңгілікке, жан апа,  
Өлең -жырды бұрқыратып жазып көп.

Өлеңдерің өлеңіммен үндескен,  
Ғашық болдым мен өзіңді көрместен.  
Мұңға толы жырларыңмен жанымды,  
Жүрегімді тебірентіп, тербеткен.

Ұстаз едің жан жарасын жазатын.  
Дәрігермін тән дауасын табатын.  
Екеуміз де ақын болып жаралдық,  
Сөз маржанын ой түбінен қазатын.

Ақын болу –елдің жүгін көтеру,  
Ақын болу- ардың жүгін көтеру.  
Ақиқаттың аппақ туын нық ұстап,  
Соған ғана өмір бақи жүгіну.

# САБЫРЖАН АҒАНЫ ЕСКЕ АЛУ

(С.ӘБІЛМӘЖИНОВТЫҢ РУХЫНА)

Иманжүзді, байсалды Сабыр ағам!  
Көз алдымда кездерің жадыраған.  
Эфирден күнде естіген қоңыр үнің,  
Жадымда жаңғырады қадірлі ағам.

Ұрпақтың ұлағатты ағасы едің.  
Інінің арқа сүйер панасы едің,  
Әкемдей жол көрсетіп ақыл берген,  
Мен де бір еркелеткен баласы едім.

Еліңе еңбек еттің ерінбедің.  
Мақтанып кейбіреудей керілмедің.  
Биязы, парасатты, инабатты,  
Қарапайым, сүйкімді, керім едің.

Әр таңға арайланған қуанушы ең.  
Қиындыққа жасымай жұбанушы ең.  
Жылуын жүрегіңнің бөліп беріп,  
Жақсылықты қуанып құп алушы ең.

Отбасының ұйытқысы берекесі ең.  
Жаншуағы, мерейі, мерекесі ең.  
Дарика апамыздың асыл жары,  
Шаңырақтың кеңпейіл керегесі ең.

Сабыр аға, аяулы Сабыр аға!  
Жаннаттың дәл төрінен табыл аға.  
Ұл -қызың өсіп, өніп өркендесін,  
Тәу етіп келіп жүрсін қабырыңа.

08.06.2008

## ДОСЫМ КҮЛТАЙ МАХМЕТОВАҒА

Туған күнің құтты болсын, ботакөзді Күлтайым!  
Күн тәрізді күлім қағып жүре бергін күн сайын.  
Алтын кірпік, айқабақ ең жас кезіңде сымбатты.  
Құрбылардың арасында сабырлы да салмақты.

Қайта оралмас мөлдір таза жастығымның көзісің.  
Болашаққа бірге аттанған армандасым өзіңсің.  
Қайғы- мұңға көп берілме балалармен жұбанып,  
Бауырларың аман болсын, жүре бергін қуанып.

Нәрестелер туып, міне, әже болдың ылайық.  
Құт - береке, бақ - дәулетің өсе берсін молайып.  
Шын жүректен тілеймін мен ұзақ өмір, мол бақыт,  
Балдай тәтті бала кезді есіңе алғай бір уақыт...

# ҚҰРБЫМ НӘЙЛАҒА

## (НӘЙЛА ӨМІРЗАҚҚЫЗЫ ҒАЙСИНАҒА)

Туған күнің құтты болсын, Нәйлажан!  
Достығымыз туыстыққа айналған.  
Жібекжан мен екеуіңе қарасам,  
Көргендеймін жастығымды айнадан.

Туған күнің құтты болсын, Нәйлажан!  
Жаны таза жадыраған, жайнаған.  
Жылдар жылжып өтсе дағы жыландай,  
Сұлу бейнең тұғырынан таймаған.

Махаббаттың оты сенсің лаулаған.  
Сералының жан-жүрегін жаулаған.  
Ұрпағыңның қызығына тоймайтын,  
Тілеймін мен ұзақ ғұмыр Алладан.

Алға бастар арман, мақсат көбейсін.  
Есейіп ұрпақ, көсегең сенің көгерсін!  
Қосағыңмен қоса ағарып жүргейсің,  
Ата-анаңның аруағы жебесін!

Туған күнің құтты болсын, құрбыжан!  
Дәрігерсің ел үмітін ақтаған.  
Бауырмалсың, мейірімді, қадірлі,  
Ағайын жұрт, туған-туыс мақтаған.

Нәйла, өзіңді елу жыл мен білемін.  
Еске алып сағынышпен жүремін.  
Бүгінгі күн шын жүректен өзіңе,  
Бақ-береке, зор денсаулық тілеймін!

*12.05.2018. «Мерке» санаториы*

# САПАР ДҮЙСЕНОВ АҒАМНЫҢ ШӨБЕРЕСІ ЕСКЕНДІРГЕ

(АТАСЫНЫҢ АТЫНАН ҚҰТТЫҚТАУ)

Туған күнің құтты болсын, Ескендір!  
Самал желсің қарт шағымда ескен бір.  
Кіп - кішкентай ғұмырымның жалғасы,  
Шығармаймын ешуақытта естен бір.

Айналайын балдай тәтті бөбегім.  
Сен - жас шыбық, мен – көзімін көненің.  
Ұзақ ғұмыр бақыт тілеп шөберем,  
Ақ бетіңнен мейірленіп өбемін.

Аман болсын ата - анаң өсе бер.  
Арман сені алға тартып жетелер.  
Азаматы азат елдің арайлы,  
Алда сенің міндетің көп өтелер.

Жылы жүрек, ақыл берсін Жаратқан.  
Нұр сәулесін аямасын ақ аспан.  
Өмір бойы оқы, үйрен, білім ал.  
Білімдінің әруақытта бағы асқан.

Атаң Сапар Сарыарқадан келіп тұр.  
Ақ батасын шын жүректен беріп тұр.  
Шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонып,  
Ақ жолыңа Алла қойсын төгіп нұр!

*Ақпан, 2007 жыл*

# АЛЬФРЕД НИКОЛАЕВИЧ ПРЯНИКОВҚА

(А. Н. ПРЯНИКОВ РУХЫНА)

Бүгінгі күн жетпіс беске толар ең.  
Достарыңның ортасында болар ең.  
Сырға толы әдемі бір жырларды,  
Назарына келген жұрттың салар ең.

Кере қарыс ақ маңдайың жарқырап,  
Аспан түстес көз жанарың жарқылдап.  
Ақ жүректен шыққан аппақ тілекті,  
Алдымызда тұрар ма едің бізге арнап.

Ұстазы едің жүздеген сен шәкірттің.  
Маманы ең әдебиет пен тарихтың.  
Жас ұрпаққа ашып білім есігін,  
Түсіндірдің сиқыр күшін әріптін.

Ақын едің Тәңір өзі жаратқан.  
Дүйім жұртты ауызыңа қаратқан.  
Шын жүректен шыққан сенің жырларың,  
Тыңдарманын тебіrentкен, жылатқан.

Ақын едің жақсылықты жырлаған.  
Күш-қайратты ел-жұртыңа арнаған.  
Жазғаныңнан жазарың да мол еді.  
Тағдыр бар ма оны бір сәт тыңдаған.

Ақын едің жаза берген талмастан.  
Сенің атың өлмек емес ешқашан.  
Жырларыңмен ұзарады ғұмырың,  
Алғы шептен көрінерсің қалмастан.

Ғашық едің мына ғажап өмірге.  
Ғашық едің қазағымның жеріне.  
Жаның сұлу, жүрегің кең болатын,  
Ғашық едің адамзаттың бәріне.

Сен жатырсың ауылымның өрінде.  
Өзің сүйген өңіріңнің төрінде.  
Жырларыңа ұзақ өмір тілеймін.  
Сақталатын оқырманның көңлінде.

## «АСЫЛ МҰРА» ОРТАЛЫҒЫНА 10 ЖЫЛ

«Асыл мұра» орталығы онға бүгін толыпты.  
Мерейтойдың иелері төрден орын алыпты.  
Құтты болсын айтамын мен шын жүректен қуана,  
Тың деректер таба берсін сусындатар халықты.

Өлкеміздің өткені мен бүгінгісін ақтарып,  
Ұланғайыр еңбектері қала берсін сақталып.  
Бабалардың аманатын әруақытта қастерлеп,  
Өсе берсін ұрпақтары сенімдерін ақтарлық.

Уақыт әркез өте берер белгі тастап артына,  
Қайта оралмас балалық шақ, жастық қалар артыңда.  
Бүгінгі күн айналады еншісіне тарихтың,  
Жазылған хат жоғалмайды ескерткіш ол халқыңа.

Таңат аға, асыл аға, ақылды да ардақты.  
Социал аға - дана, дархан, сабырлы да салмақты.  
Қайролла аға, дамыл таппас қажырлы ол қаламгер,  
Өнегелі, ұлағатты ұстазы ол аймақтың.

Баршаңызға тілейтінім жақсылық пен денсаулық!  
Алла берсін абыз жасын, дархан, дара, даналық.  
Аруағы желеп, жебеп Қожаберген жыраудың,  
Дес бермесін Шабыт аты жал-құйрығы таралып.

«Асыл мұра» жете берсін жарқын мақсат-мұратқа.  
Жақсы аты шыға берсін, биік белес қыратқа.  
Өткендердің ізгі істерін ұрпақтарға үлгі етіп,  
Баға жетпес еңбектері мирас болсын халыққа!



# ҚАЙРОЛЛА АҒАМА АРНАУ

(ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ҚАЙРОЛЛА МҰҚАНОВҚА)

Абыз жасқа аяқ басып келіпсіз.  
Қос ғасырдің өткелінен өтіпсіз.  
Екі қоғам екі түрлі өмірді,  
Таразылап осы жасқа жетіпсіз.

Өткеніне өңірімнің үңіліп,  
Дерегі мен тарихына жүгініп.  
Суыртпақтап тартқан сөздер бүгінде,  
Кітап болып тұр сөреде тізіліп.

Қожаберген атамызды тірілтіп,  
Қатпарланған тарих тінін жібітіп.  
Қазағымның жақсысы мен жайсаңын  
Қайтардыңыз қалған жұртқа ұмытып.

Өмір-өзен ағады дамыл таппай.  
Ілесіп жүре бергін қалыс қалмай.  
Ұлағатты ұстазы өңірімнің,  
Тың еңбек жаза бергін шаршап талмай.

Жаны жаз мейірімді, асыл аға!  
Бақ құсы қона берсін басыңызға.  
Жақсының хаты өлмейді, аты өшпейді,  
Жетіңіз Алла жазған жасыңызға!

# ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ҚҰДАМЫЗ ЕРҒАЖЫ ТЕМІРҒАЖЫҰЛЫНА

Құтты болсын алпыс жасың асқарлы,  
Арайлы күн жарқыратсын аспанды.  
Құдағимен қол ұстасып жүзге кел.  
Қорғап, қолдап жүре бергін жастарды.

Арман, мақсат алға тартсын әрқашан,  
Қызық көргін шаршамастан, талмастан.  
Отау тігіп қуанышқа кенелтсін,  
Жалғыз ұлың, жан жүрегің Асанжан.

Қыз балалар ата-ананың өрісі.  
Көркемдік пен сұлулықтың көрнісі.  
Сүп-сүйкімді Гаухар, Айша, Ажарың  
Сырлы сезім махаббаттың белгісі.

Аман болсын Гүлмира мен Айбарың.  
Көре бергін олардың көп тойларын.  
Жиендердің тойына деп атаған,  
Өсе берсін мыңғырап көп қойларың.

Аман болсын барша туыс-туғандар.  
Шаңырақта кіндік қанын жуғандар.  
Ақ дастархан жақсылыққа жайылып,  
Әр жыл сайын туған күнді тойлаңдар!

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл!  
Жаңа жылда төгілсінші жаңа жыр.  
Адамзаты бар әлемнің аман боп,  
Көрейікші жақсылықтар жаңа бір.

Арман-мақсат орындалсын әрқашан.  
Нұрлы болсын төбемізде ақ аспан.  
Ел тірегі ер-азамат аман боп,  
Жұрт болайық ынтымағы жарасқан.

Еңбегіміз табыстармен көркейсін.  
Елімізге ел қосылып көбейсін.  
Жүректерді кернеп мейірім, шапағат,  
Көңіл хошы көктемедей көгерсін.

Жаңа жылда шаңыраққа бақ қонсын!  
Қазағымның той -думаны көп болсын!  
Миллион жыл ұрпағымыз аман боп,  
Отбасында уайым -қайғы жоқ болсын!

28.12.2009

## ЖАҢА ЖЫЛ

Келіп қалды, Жаңа Жыл, келіп қалды!  
Өзімен жарқыраған алып таңды.  
Символы мәңгіліктің жасыл шырша,  
Хош иіс шайырымен мұрын жарды.

Бәріміз қарсы алайық Жаңа Жылды,  
Күй тартып, төгейікші өлең-жырды.  
Жүрек адал, ниет ақ болсын әр кез,  
Ақша қардай ораған жасыл қырды.

Аяздан соң көктем келсін жеріме,  
Жер бусансын диханшының теріне.  
Қамбаларға алтын астық құйылып,  
Құт береке қонсын менің Еліме.

Жаңа жылда туа берсін шарана,  
Бесік жырын әуендетсін бар ана.  
Қазағымның ұл-қыздары көбейіп,  
Симай жатсын гүлжазира далама.

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа Жыл!  
Күй кешейік Жаңа Жылда жаңа бір.  
Келер жерін кең ғып берсін Жаратқан,  
Жақсылығын ала келсін Жаңа Жыл!

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Жаңа жыл бәрімізге құтты босын!  
Айнала ғажайып бір күйге толсын.  
Жүректен жарып шыққан ақ тілектер  
Әркімнің көкейіне құс боп қонсын.

Әр үйдің шаңырағы нұрға толсын,  
Құт-береке бірлік пен тірлік болсын.  
Сапарлап жолға шықса жолы болып,  
Қыдыр ата жанында қолдап жүрсін.

Жанарда жастық оты жарқылдасын,  
Ұшқыр ой, қайрат-жігер сарқылмасын.  
Махаббат – ыстық сезім ортаймасын,  
Шаңырақ еш уақытта шайқалмасын.

Жаратқан жарты жанды бүтін етсін,  
Жамандық ескі жылмен бірге кетсін.  
Жаңа жыл мол қуаныш, бақыт сыйлап,  
Жаныңа жақсылықтың гүлін ексін.

Туған ел өркендесін, өсе берсін.  
Байлығы тасқын судай таса берсін.  
Көк байрағы желбіреп, көк бөрінің  
Биік шың, асулардан аса берсін.

Еңбек пен бақыт егіз қай уақытта,  
Талаптанып талпынсақ бір бағытта.  
Рухымыз еш уақытта аласармас,  
Ұмтылсақ адалдық пен адамдыққа.

Жаңа жыл құтты болсын, қандастарым!  
Заманы бір сырласым, құрдастарым.  
Бақытты ұзақ өмір нәсіп болсын,  
Жаны бір Отандастар, сыйластарым.

## ЖАҢА ЖЫЛ

Жаңа Жыл!  
Жаңа Жылда күй кешеміз жаңа бір.  
Алабұртып жүрек тулап лүпілдеп,  
Жаңа Жылдан күтеді әркім жаңа жыр.

Біреу тілер жаңа қоныс жаңа үй,  
Енді біреу сыңар тауып жар сүйю.  
Енді біреу қателігін мойындап,  
Жаңа Жылда қайта түлеп, жаңару.

Жаңа Жыл тек, жақсылықтар әкелсін!  
Әрбір жанға бақыт - құсын әперсін.  
Тондырса да қаңтардың көк аязы,  
Жүректерде махаббат - гүл көгерсін!

## ЖАҢА ЖЫЛ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Жаңа Жыл құтты болсын, замандастар!  
Ұлағатты үлкендер, балғын жастар.  
Жаңа Жыл алып келсін құт-береке,  
Жақсылық бола берсін алға бастар.

Жаңа Жыл құтты болсын бәрімізге,  
Қыдыр ата қонсын келіп төрімізге.  
Бейбіт өмір орнасын бар әлемге,  
Бақыт оты жарқылдасын көзімізде.

Баршаның көңіліне көктем қонсын.  
Жақсылармен әрдайым орта толсын.  
«Махаббатсыз өмір бос» деген Абай,  
Жүректі сырлы сезім керней берсін.

Жаулай берсін жүректі шын махаббат,  
Адами қасиеттер бізге қымбат.  
Қол созып қиналған мен кіріптарға,  
Алладан бәрімізге болсын сауап.

Ар-намыс туын биік көтерейік,  
Тіршілікте сыйласып бір жүрейік.  
Ортақ боп қайғы-мұң мен қуанышқа,  
Кезінде бірге жылап, бір күлейік...

Жаңа Жыл құтты болсын, отандастар!  
Есте қалсын ағарып атқан таңдар.  
Қарсы алып Жаңа Жылды ақ тілекпен,  
Жайылсын жақсылыққа дастархандар.

## АҚЫН АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ ЖАНЫНДА

Жастайыңнан көріп білдің пәлсәпасын өмірдің,  
Сезіп өстің қуанышын, қайғы-мұңын көңілдің.  
Бар ғұмыр мен күш-қайратты халқыңа арнап біржола,  
Қазақ үшін нәсерлетіп өлең-жыр боп төгілдің.

Дәл өзіндей адамзатты жырлай алмай келеміз.  
Данышпандық сөздеріңе әркез құлақ түреміз.  
Аталы сөз, адами көп қасиетті жырлаған,  
Ақын Абай, алып Абай екенінді білеміз.

Қазақ үшін армандадың әділетті қоғамды,  
Етпек болдың болашағын халқымыздың баянды.  
Жаман ғадет, жат қылықтан аулақтатып баршаны,  
Серік еттің өмір бойы қағазың мен қаламды.

Махаббатты жырладың сен мөлдір таза алғашқы,  
Баға жетпес құдіретті сырлы –сезім салмақты.  
«Татьяна әніменен» кең даланы тербетіп,  
Аппақ сезім ақ қанатты армандарға жалғасты.

Өсіп-өнді талай ұрпақ жырларыңмен сусындап,  
Әр бір сөзің қазақ үшін гауһартастай шын қымбат.  
Дана Абай, дара Абай, мақтанышы халқымның,  
Жанымызда тұрғандайсың риза болып жыр тыңдап.



## СЫНЫПТАСЫМ КЕНЖЕБАЙДЫҢ РУХЫНА

Азамат едің аяулы, асыл, зиялы.  
Сендей жанды ажалға кім қияды?  
Бүгін, міне, бір жыл өтіп қазана,  
Еске алып, дұға оқыды жанның біразы.

«Тумақ барда, өлмек бар» ғой қашанда,  
Алла жазған дүние есігін ашарда.  
Ғұмыр жасың қысқа болса амал не?  
Уақыт қажет қайғы-мұңды басарға.

Аз ғұмырды көпке балап жүреміз.  
Жақсы ісінді жасаған көп тіземіз.  
Асыл әке, адал жар боп өткенсің,  
Ата болып қуанғансың білеміз.

Алла саған бауырмалдық берген ед.  
Тумасаң да туғандай бір жүрген ек.  
Жер шетінде жүрсең де сен аңсайтын,  
Көңіл сазың достарыңмен бірге ед...

Бірге оқыған балалардың серкесі ең.  
Ұстаздардың жақсы көрген еркесі ең.  
Жүрегі үлкен, аңкылдаған ақ көңіл,  
Топ алдында түспеп еді еш еңсең.

Кете бардың ел-жұртыңмен сыйласып,  
Қалды артыңда туған-туыс жыласып.  
Атпаған таңың, көрмеген қызық-қуаныш,  
Балалармен жатсын тауып жалғасын.

Алтының сені жоқтайды, бір сәт тоқтайды.  
Жүрегінде мәңгі жарын сақтайды.  
Босап кетсе, көздің жасын көлдетіп,  
Балаларын жасытуға батпайды.

Жаның сенің жаннатта болсын, Кенжебай,  
Еске алсын әркез тірілер жиі ұмытпай.  
Иманың бірге, пейіште нұрың шалқысын,  
Жаныңда болсын Жаратқан құдірет бір құдай!

10.03.2012

# ОРАЗБИКЕ САҚТАҒАНОВАНЫҢ ӘКЕСІ ЖАНҒОЖА САДЫБЕКОВТЫҢ РУХЫНА

Жанғожа сырбаз жігіт, ер тұлғалы.  
Жүретін шын қуанып, үй болғалы.  
Жүрегін кернеуші еді мол махаббат,  
Бүлдіршін күлкісіне үй толғалы .

Қазақпыз қызды атаған «бибі», «бике»,  
Насиқа, Жұмабике, Оразбике.  
«Әке» деп жүгіргенде қарсы алдыңнан,  
Бақыттан бас айналып, босар жүйке.

Батима заты орыс, аты Анна,  
Қосылған ғашық болып Жанғожаға.  
Айырып қатал соғыс жан жарынан,  
Түсірген жүрегіне жанған қоза.

Жәкең кетті майданға ел қорғауға,  
Арқалап ашу - ыза ата жауға.  
«Ораламын, күтіндер жеңіспенен,  
Қауышамын ел - жұртпен аман-сауда»

Атысты, жауыз жаумен жағаласты,  
Қара жер қанмен бірге араласты.  
Көгілдір көктемінде қырық үштің,  
Жанғожа қапылыста қаза тапты.

Жанғожа, ұмытпайды туған елің.  
Әже болған қыздарың, жиендерің.  
Қырық жастан аспаған қайран әке,  
Ата болып алшаңдап жүрер ме едің?!

Бұйырды топырағы Россияның.  
Жері ғой Смоленскі бір қияның.  
Қойғанда бір құшақ гүл зиратына,  
Сездің бе, жібергенін Батимаңның?

Күйеу балаң Ғалымжан гүл апарған,  
Дұға - аманат жеткізіп балалардан.  
Рухына тәу етіп атасының,  
Оралған шын қуанып сол сапардан.

Әбсәмат күйеу балаң ел қорғаған,  
Берлинге ата жауын қуып барған.  
Қыздарың елің үшін еңбек етіп,  
Оразбикең зор құрмет, алғыс алған.

Оралды елге Рухың жеңіспенен,  
Хабармен «Жеңіс келді!» «Жеңіс!» деген,  
Қуанды асыл жарың Батимашың,  
Насиқаң, Жұмабике, Оразбикең.

## КЕНЕ АПАМНЫҢ ҚАЗАСЫНА

Жұдырықтай жүрегім бар кеудемде,  
Сыздап, қысып ауыратын әудемде.  
«Қуанған мен қорыққан да бір» деген,  
Шыдамайды қайғы-мұңды көргенде.

Қайтыс болды бір әулеттің анасы.  
Баршасының мейірімді панасы.  
Кіп-кішкентай сүйеніші шалының,  
Ақылшысы, сезімі мен санасы.

Бәйбіше еді бармағынан бал тамған,  
Шаңырағына талай жақсы кеп қонған.  
Жақсы келін, жақсы ана атанып,  
Ағамыздың жақсы жары бола алған.

Көсіліп ана соңғы рет жатыр төрінде,  
Отырмыз үнсіз қайғы-мұң орнап көңілде  
Дем алып қана жатқандай бір сәт тынығып,  
Арманын ойлап жете алмай кеткен өмірде.

Тоғыз бала толғатып туып өсірген.  
Болмаған күні ошақтың отын өшірген.  
Еріне сыйлы, еліне сыйлы, жан апа,  
Өмір бойы кетермісің көңілден.

Анамдай тура еркелеп Сізге келуші ек,  
Бірге жылап, бірге кейде күлуші ек.  
Мейірімді көздеріне үңіліп,  
Оттан ыстық ықыласын сезуші ек.

Иманыңыз жолдас болсын, жан апа.  
Кешіріңіз өтсе бізден бір қате.  
Топырағың торқа болып, жұмақтан  
Орын берсін Жаратқан күш бір Алла.

*17.11.2007 жыл*

# МЕКТЕП МҰРАЖАЙЫНА 35 ЖЫЛ

(СОКОЛОВКА АУЫЛЫ)

Амансың ба, ауылдасым, хал қалай?  
Елің тыныш, болсын әркез көңіл жәй.  
Өткеніңнен сыр шертетін ұрпаққа,  
Өркендесін мектебінде мұражай.

Мұражай - бұл қасиетті бір мекен,  
Көз алдында тұрар заман бар өткен.  
Тоғыстырар ғасырларды бір жерге,  
Таныстырар табыстармен қол жеткен.

Мұражайдан көреміз біз көнені,  
Ұрпақ үшін көп қой оның берері.  
Дағы қалған жауынгердің қолының,  
Қызықтаймыз тамашалап жебені.

Ел қорғаған батырлардың сауыты,  
Неше түрлі қару -жарақ қауыпты,  
Ескі соқа, дирмен тасы, құжаттар...  
Алып келер бір сәт саған тарихты.

Отыз бес жыл еңбек еткен қажымай,  
Ұлағатты ұстаз Виктор Огневой.  
Еңбегіңіз жана берсін, ардагер,  
Өсе берсін қанат жайып мұражай!

## МЕНІҢ СҮЙІКТІ ТЕЛЕАРНАМ ЖӘНЕ РАДИО...

Күнде көріп мақтанамын көксандықтан көгілдір:  
Қызылжардың нұр даласын, жыр қаласын, Есілін.  
Көк теңіздей желмен ойнап толқынданған егінін...  
Ашқандай бір күй кешесің жаннаттың сен есігін.

«Туған жердің тұлғаларын» сағынышпен еске алып,  
Қыздарымыз «Айғанымдай» ел билеген басқарып.  
«Біздің елдің жігіттері» ақылды ғой айбатты.  
«Көксандық...» та таныстырды тарих кенін ақтарып.

Әруақытта арқау етіп елдің мұнын, мұқтажын.  
Жалаулатып көсемсөзді қорқып, үркіп бұқпадың.  
Ел бастаған азаматтар құлақ түріп тыңдаса,  
Шындық туын аспандатып, желбіретіп жықпадың.

Радио мен теледидар, сірә, егіз туғандай.  
Қосарланып халқымызға жігер беріп тұрғандай.  
Атқан таңмен Әнұранды асқақатса аспанға,  
Жаратқанның нұр-сәулесі ақ жауын боп құйғандай.

Ондаған жыл тәрбиелеп Отансүйгіш сезімге,  
Жас ұрпақтың қайрат-күшін қайрап нағыз кезінде.  
Жамандықтан алыстатып, жақсылыққа жақын ғып,  
Салауатты өмір салтын үлгі еткен сөзінде.

Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын жыр етіп,  
Әдебиет, мәдениет абройын ту етіп,  
Қазақ Елін бар әлемге жәриялап жан-жақты,  
Теледидар таратады ақпараттар салмақты.

Радио мен теледидар елдің жақын досындай,  
Қуанады көріп, тыңдап болғанына осындай.  
Төрткүл дүние егер күнде өз үйінде орнаса,  
Табылар ма, басқа адам көзі ашық, жаны бай?

Теледидар ең қуатты ақпараттар құралы.  
Барлық әлем көз ілеспей қасыңа кеп тұрады.  
Әсерлі ән мен тәтті күйлер қапа болған шақтарда,  
Көңіліңді әсемдік пен жақсылыққа бұрады.

Тілшілерге бар айтарым - шын жүректен тілегім:  
Қалам тербеу, сөз бастаудың қиындығын білемін.  
Жазғандарың сүбелі де, жатық болып әрдайым,  
Көгерменнің тербей берсін жан - дүние, жүрегін.

Әр күн сайын ақпараттар құралдары арқылы  
Күә болам жадыратар жақсыға да, олқыға.  
Күдіретті Елім менің сағат сайын өркендеп,  
Жан түршігер жамандықты естіртпесін бірақ та.

Жасай берсін ең қуатты ақпараттар құралы.  
«Жақсы сөзі-жарым ырыс» көңіліңе қонады.  
Халқымыздың жоғын жоқтап, жырын жырлап жүретін,  
Радио мен теледидар бізбен мәңгі қалады.

*03.09.2010*

## ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА

Құтты болсын үйлену той –үй болу!  
Жүрек соғып көңілге әсем күй толу.  
Ұзағынан болсын осы қуаныш,  
Қуанышқа болмақ емес еш тою.

Ата-аналар, құтты болсын тойларың!  
Орындалсын арман, мақсат, ойларың.  
Балаларың бақытты боп үйленген,  
Жақсылықпен өтсін әр күн, айларың.

Ақ жол тілеп, есік ашқан балаға,  
Ауыл-аймақ, еңбектеген бала да.  
Келіп отыр құда-жекжат, бар туыс.  
Тілегі бір туыс сыртта қала ма?

Келін-жаным, құтты болсын босаған,  
Ақ жүрекпен, ақ ниетпен аттаған.  
Инабатты, ізетті бол, ибалы,  
Жан-жарынды әруақытта жақтаған.

Баршаңызға құтты болсын ақ отау,  
Шаттық толы, пәктік толы бақ отау.  
Тату-тәтті ғұмыр кешсін екі жас,  
Бір отаудан тарай берсін мың отау!



# СОКОЛОВКА АУРУХАНАСЫНА 70 ЖЫЛ

Хош келдіндер, дәрігерлер!  
Ертелі – кеш әбігерлер.  
Елеулі еңбек куәлері,  
Сыр шертеді жәдігерлер.

Жетпіс жылдың аясында,  
Емдеп кәрі, баласын да.  
Жүздеген жан еңбек еткен,  
Аурухана, емханада.

Құтты болсын мерейтойың,  
Қимас біздің достарымыз!  
Жана берсін еңбектерің,  
Аман болсын бастарыңыз!

Өсіп -өніп бала -шаға,  
Тоймаңыздар тамашаға.  
Ауырмандар, ауру болу  
Дәрігерге жараса ма?

Әр қайсыңа асыл тілек,  
Жеке - жеке арнар едім.  
Дүниенің бар асылын,  
Сіздер үшін таңдар едім.

Өздеріңмен кездескенде,  
Әзіл – қалжың айтпақ едім.  
Шын жүректен, әріптестер,  
Жырдан шашу шашпақ едім.

Туберкулез десе бізге,  
Павел Саныч елестейді.  
Фтизиатр біріншіні,  
Аймақтағы кім білмейді?

Қартайды ғой Дурасовтың,  
Емдеп жазған балалары.  
Өзі бірақ әлі жап-жас,  
Қутың қағып жүреді әлі.

Біздің шағын перзентхана,  
Қанша ананы бақытты еткен.  
Наталья Борисқызы  
Кірін жуып кіндік кескен.

Соколовка аумағында,  
Аяқ асты ауырғанда.  
Ешуақытта іс бітпейді,  
Оспановқа бармағанда.

Жүрек шаншып, балтыр сыздап,  
Келе қалса науқастары,  
Өз орнынан табады әр кез,  
Крахмалева Ларисаны.

Жедел жәрдем күні-түні,  
Дамыл таппай зырылдайды.  
Фельдшер Галина Макарқызы  
Қартайса да бір тынбайды.

Надежда Ручинская –  
Терапия медбибісі.  
Қоңыраудай дауысы бар,  
Қолы жұмсақ, жүзі жылы.

Қазақстан - алтын ұя,  
Баршамыздың Отанымыз.  
Кездесейік амандықпен,  
Сиремесін қатарымыз!

28.07.2006

## ТӨРТ МҮШЕЛІ ЖАС

Қас қағымда келіп қалды төрт мүшел.  
Төрт мүшелмен шашқа қырау ақ түсер.  
Жылдарменен жарысып біз жүргенде,  
Жас ұлғайып, ақыл толып, ой өсер.

Қыз бала боп аштық өмір есігін.  
Ана болдық түзеп бала бесігін.  
Түлеп ұшқан әр бір бала ұядан,  
Асқақтатсын анасының есімін.

Ұмай ана аруағы қолдасын!  
Жаратқан күш бар ісімді оңдасын!  
Күш сарқылып, кемімесін қуатым.  
Көбейсін тек сенім артар жолдасым!

## БЕС МҮШЕЛІ ЖАС

Шыбынсыз жаз, аптап ыстық, шыжып тұрған шілдеде,  
Көрші-қолаң жүгірісіп, жиналыпты әу демде.  
Таңсәриде бебеулетіп толғақ қысып анамды,  
Әкем сыртта отырыпты ойы кетіп әрнеге.

Ұлды болу арманы ғой әрбір ата-ананың.  
Жалғастыру ұрпақтарды- аманаты бабамның.  
Алтын күнмен арпалысып сол уақытта туыппын,  
Үшінші қыз шаңырақта-үшіншісі баланың.

Шаңырақтың иесі тек ұл бала боп тумадым.  
Жорта бірақ айта алмаймын әке жолын қумадым.  
Өзі беріп кетпесе де қасиетті қаламын,  
Алла маған берген екен таудай оның талабын.

Әкем мені еркелетіп «балапаным» деуші еді.  
Жақсылықтың жаршысы, жамандыққа қарсы еді.  
Түні бойы толғанып қалам тербеп отырса,  
Күні бойы жүгіріп елдің қамын жеуші еді.

Жаны да жас, өзі де жас қоштасқанда өмірден.  
Кетпек емес өртеп тұрған өкінішім көңілден.  
Білікті де, білімді дәрігерлер болғанда...  
Ақ дидарын көрер едім шаңырақтың төрінен.

Бес мүшел жас артта қалып орта жасқа жетіппін.  
Өнерім мен өмірімді бәйгеге мен қосыппын.  
Адастырмай алып жүрді Алла мені әруақыт,  
«Тәубе» деймін, шүкіршілік Жаратқанға айтып мың.

Ана болдым мейірімді Айбар менен Айдынға.  
Балдай тәтті немерелер өсіп жатыр алдымда.  
Көмегімді аямадым үлкеннен де, кішіден.  
Қадірімді білген жанға қасиет бар қанымда.

Арман- мақсат болары шын жұмырбасты пендеде.  
Арманым жоқ сусын берсе өз қолынан шөбере.  
Жалықпаспын көре берсем жақсылығын ұрпақтың.  
Жаратқан күш ғұмыр бойы тілегімді берер ме!?

## ҚОС ҚАЙЫҢ

Көз алдымда жайқалады қос қайың  
Иіп тұрған бір-біріне бастарын.  
Қос ғашықтай қол ұстасқан көрінер,  
Қоштаса алмай тамшылатқан жастарын.

Табиғаттың құдыреті жаратқан  
Қос қайыңды шын жүректен жаратқам.  
Жалт-жұлт еткен жапырағы теңгедей,  
Сыбдыр қағып елеңдеткен, қаратқан.

Қос қайыңды, қос ғашыққа балаймын.  
Көзімді алмай сүйсінемін, қараймын.  
Сұлулық пен махаббатқа ылайық  
Табиғаттың үндестігін қалаймын.

## АҚЫНҒА АРНАУ

Құтты болсын туған күнің, қаламгер!  
Еркелеткен ақындарын туған ел...  
Рухы биік қазағымның намысын  
Жалау етіп, жарқыратып жаза бер!

Құтты болсын туған күнің, қаламгер!  
Ардақтаған ақындарын туған ел...  
Жаратқан күш қолдап, қорғап өзінді,  
Қыран құстай жыр әлемін шарлай бер!

Құтты болсын туған күнің, қаламгер!  
Ұмытпаған ақындарын туған ел...  
Көңіліңе көрік беріп Қызылжар.  
Атанғайсың абыз ақын ақтаңгер.

Құтты болсын жетпіс жастың қадамы!  
Алда талай алар асу, қамалың.  
Бойда қуат, күш-қуатың сарқылмай,  
Ойың ұшқыр, үшкір болсын қаламың.

Жазғаныңнан жазарың көп болсын тек.  
Толқып ақын, толғанып көп, тер төкпек.  
Жазған жырлар жүректерде жаңғырса,  
Гүлденеді, түрленеді сол еңбек.

Жазған жырдың оқырманы көбейсін!  
Көсегең тек жақсылықпен көгерсін!  
Оттан ыстық ықыласы баршаның  
Шабыт қосып, ақындыққа дем берсін!!!

## ЖИЕНШАРЫМ АСЫЛХАНҒА

Бүгінгі күн қуанышың теңіздей боп тасқан күн!  
Ақ аспаннан Алла нұрын аямай бір шашқан күн.  
Асылханың жаны сүйген жарын тауып лайық,  
Жаңа өмірге жас тілекпен алға қадам басқан күн.

Бүгінгі күн қазақ халқы Тәуелсіздік алған күн!  
Маңдайдағы бақ жұлдызы жарқырап шын жанған күн.  
Шаңыраққа шаттық толып, асып-тасып қуанып,  
Жүректері аттай тулап, жарылардай соққан күн.

Қос қуаныш құтты болсын, Аяужан мен Талғатжан!  
Күә болсын бақытыңа батқан күн мен атқан таң.  
Жас отауың сәнді болсын ұрпақтармен көркейіп,  
Болсын жастар ана сүтін, әке үмітін ақтаған.

Құтты болсын жас келіннің аттап басқан қадамы!  
Адал болсын, ақ сүт емген, инабатты, ибалы.  
Әйел ердің ақылшысы, қолдаушысы болғанмен,  
Ері оның теңдесі жоқ асқар таудай қорғаны.

Шын жүректен бақыт тілеп келіп қалдым мен бүгін.  
Шешем ылғи айтушы еді «Қайыржаным-өз қызым».  
Өпкетайым, той-думаның ортаймасын ылайым,  
Сезінемін көтергендей ата-анамның бар жүгін.

*17.12.2014 жыл. Қызылжар қаласы.*

## НАҒАШЫМА

Нағашым Байқасов Фазыл отыз жасында «халық жауы» атанып 1937 жылы үштіктің үкімімен 10 жылға сотталған, кейін ақталған болатын, сол кісінің және мыңдаған басқа да жазықсыз құрбан болғандардың рухына арнаймын.

Құрбаны болды саяси қуғын-сүргіннің.  
Бермесін бізге тауқымет тартқан бір күнін!  
Жансызы атап көз көрмес Жапон елінің,  
Екінің бірін теліген «жауға» жұртының.

Орда бұзар отызға толған тойында,  
Күш-қайраты кернеп тұрды бойында.  
«Қызыл қырғын» қырып салған қынадай,  
Болмап еді түсінде де, ойында.

Қарындасы тоғыз жаста болатын.  
Ағасынан қолдау, қорғау табатын.  
Түн жамылып келген сұсты адамдар,  
Өмір бойы көз алдында тұратын.

Ия, тінтілген үйдің есігі қалды ашылып.  
Кітап, киім, ыдыс-аяқ шашылып.  
Үрейленіп, бала-шаға шырылдап,  
Алпыстан асқан әке тұрды ашынып.

Соңғы рет құшып кішкентай қызын Ләззатын.  
Соңғы рет сүртіп жарының мөлдір көз жасын.  
«Жыламаңдар, жаңсақ мені соттамас,  
Қайтып келем, - деді - Мені тосыңдар!

Бес жылдан кейін қазасы оның жетіпті.  
Әкесіз Ләззат шетінеп ол да кетіпті.  
Жан-жары қаңғып, ошағы сөніп мәңгіге -  
Содан бері жетпіс бес жыл өтіпті...

«Қызыл қырғын» ауыр тиді халқыма.  
Нардың жүгін қалдырды зор артына.  
Ана-жесір, бала-жетім, жүйрік-тұл.  
Зиялылар азайды Ел басында.



Елім алып Тәуелсіздік түледі.  
Қуанғаннан жарылардай жүрегі.  
Қуғын-сүргін, қанды қырғын болмасын!  
Орындалсын барша халық тілегі!

# ЖАРАТҚАНҒА ЖАЛБАРЫНУ

(НАТАЛЬЯ АНАТОЛЬЕВНА ЧЕРНУХАҒАНЫҢ РУХЫНА)

Әр адамға қол бұлғайды шығар биік, бір тұғыр.  
Асқақ арман орындалмақ аман болса жер жұмыр.  
Кей уақытта өте шығар өкіндіріп өксітіп,  
Қас пен көздің арасында бір тұтамдай бұл ғұмыр.

Жаратқан күш маңдайыңа тағдырыңды жазса егер,  
Пенделерміз озбайтұғын, жазымышқа шын көнер.  
Бұл дүниеде сүйген құлын қатты қинап құдірет,  
Жазылмайтын, оңа алмайтын қатерлі ісік дерт берер...

«О, Жаратқан, аяшы оны, мейірімінді төге көр!  
Жан-жүрегім киналады, тілегімді бере гөр!  
Кәрі анасы зар жылайды, жетілмеген ұлы бар.  
Арашалап ажалынан дертке шипа бере гөр!

Істелмеген көп істері қалмасыншы артында,  
Көрмеген көп қызықтары бар ғой оның қаншама!  
Ортамызға қайта оралып, жүрсін әлі талай жыл,  
Әже болсын немересін апаратын бақшаға!» -

Деп тіледім, Жаратқанға жалбарындым, сиындым.  
Ауруына қарсы тұрар қуат сұрап қиылдым.  
Ажал төніп тұрса дағы үкілі үміт қол бұлғап,  
Бөлшегіндей болып алды бұл қасірет миымның.

Не десек те, шипасы жоқ, дауасы жоқ дерт болды.  
Жаратқан күш елу төртте ғұмыр жасқа шек қойды.  
Атпай қалды арайланып нұрлы әсем күндері...  
Өспей қалды бақшасында өзі ұнатқан гүлдері...

Наталья Анатольевна, әріптесім Наташа!  
Кешіре гөр, тұра алмадық ажалыңа араша.  
О дүниенің жақсылығын, рахатын тілейміз.  
Жаның тыныш болсын сенің, табылғайсың жаннатта!

*12.01.2012-23.03.2012*

# САПАРҒАЛИ УАЛИҰЛЫ ЖОЛАУШЫТЕГІ – АСЫЛ АҒАМЫЗДЫҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 40 КҮН

«Аға» десем, аңқылдаған ағам еске түседі...  
«Аға» десем, мейірімді ағам еске түседі...  
Бып- биязы, салиқалы, сабырлы,  
Болмысы оның сал-серідей кісі еді.

Жаны таза, жақсылыққа жақын да.  
Білуші еді ғұмырының парқын да.  
Саралайтын асыл сөздің бағасын,  
Толғанатын ана тілі хақында.

Ата-баба шежіресін таратқан.  
Ұрпағына ой салдырып қаратқан.  
Өткені мен бүгінгісін жұртының  
Барша елдің керегіне жаратқан.

Құштар еді өмірге де, өнерге.  
«Жоқ» дегенге көңіл, шіркін, сенер ме?  
Күмбірлетіп домбыраның қос шегін,  
Отырғанын енді жеңгем көрер ме?

Тәнті қылған қоңыр сазды әнімен.  
Жұртты өзіне тартушы еді жанымен.  
Отырыстың кіргізетін ажарын,  
Думандатып, дуылдатып сөзімен.

Ғашық еді жеңгемізге Қозыдай.  
Жүрді бірге құшақтары жазылмай.  
Алла берген ұл-қыздарын өсіріп,  
Ғұмыр кешті тарықпай да тарылмай.

Туса дағы ата-анадан жалғыз ұл,  
Есті болды, жаны таза, жанашыр.  
Ағайынға сыйлы болды сүйкімді,  
Достары көп сыры да бір, жыры бір.

Естігенде өмірден ол озды деп,  
Атпай таңы, батпай күні қалды деп.  
Қанша жанның қабырғасы қайысып,  
Қанша халық қайғы жұтып, келді елеп.

Азды-көпті артына із қалдырған.  
Жақсы істері табылсын тек сауаптан.  
Жатқан жері жарық болсын ағамның,  
Жаратушы орын берсін жаннаттан!

*22.09.2016*

# КҮЙШІ СЕРІКБАЙ БӘРИҰЛЫ АҒАМЫЗДЫҢ 80 ЖАСҚА ТОЛУЫНА АРНАУ

Келді, міне, туған күн ақ таңымен.  
Есте қалар көңілді шақтарымен.  
Құттықтаймын Серікбай ағамызды  
Сексеннің сеңгірінен асқанымен!

Күш-қуат Алла берсін өзіңізге,  
Қыдыр Ата отырсын төріңізде.  
Қуаныш таси берсін кемерінен,  
Сексенді нәсіп етсін бәрімізге!

Кешегі Бәри атам балалары,  
Өнерпаз Серікбай мен Кәрібайы-  
Күй десе ішер асын жерге қояр,  
Қос күйші болды елдің күн мен айы.

Кәрібай ерте кетті дүниеден.  
Тірлікте алғыс алды дүйім елден.  
Ғұмыры қысқа болды –бәрі Алладан.  
Еңбегі ұмтылмайды еткен ерен.

Баяннан шықты талай өнерлі жан.  
Жазушы, журналистер, ғалым адам.  
Суретші, әнші, күйші жолы дара,  
Ишанғали, Қуат пен Шери ағам.

Суретші, сахнагер Шери ағам.  
Мәдениет ошағын өзі құрған.  
Махаббат, сұлулыққа сүйсіндіріп,  
Өнерге талай жастың бетін бұрған.

Туған жер, кіндік кескен Баян Елі.  
Қу мен қазы үн қосқан Маса көлі.  
Куәсі балдай тәтті балалықтың,  
Көз алдымда шаңдатқан көшелері.

Туған күн құтты болсын тағы, тағы!  
Ағамның орындалсын армандары!  
Нағима жеңгемізбен қол ұстасып,  
Жүз жасап, аман болсын балалары!

*04.10.2017 жыл*

# АРНАУ

## ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ ТОЛЫБАЙҰЛЫНА АРНАЛҒАН МҮШАЙРАҒА

Сырттай нәзік болғанмен,  
Қажымас менде қайрат бар.  
Сәулелі менің санамда.  
Қорқытар жауды айбат бар.

Күн түссе елдің басына  
Намысын қорғар қызымын,  
Қожаберген атамның,  
Артында қалған ізімін.

Толғанып, толқып мен бүгін  
Шабытымды шақырдым.  
Қожаберген атамның  
Аруағына табындым.

Еске алар болса ел-жұрты  
Татитын оған ұлы бар.  
Күңіреніп салған әнінде  
Халқымның қайғы-мұңы бар.

Іңгәләп жылап туғаннан  
«Елім-ай» әнін естідім.  
Өміршең өлмес әуенмен  
Тербелді менің бесігім.

Қожаберген атамыз  
Үш жүзге аты жайылған.  
Ұрандап алға ұмтылып,  
Қалмақтың бетін қайырған.

Қыран құстай саңқылдап,  
Қылышы күнге жарқылдап,  
Зәресін алған дұшпанның  
Ағынды судай арқырап.

Қалың қолын қалмақтың  
Ескі тондай сөккенін,

Қасиетті қара жер  
Қызыл қанға бөккенін  
Ұмытар ма ел бүгін?!

Өзі жыршы, өзі әнші  
Халқының жоғын жоқтаған.  
Қорғаны болып елінің,  
Ақ сүтін ана ақтаған.

«Елім-ай» әні жыраудың  
Ұрпаққа қалған ұран боп.  
Қазағымның көгінде  
Шарықтап ұшқан қыран боп.

Ертеңін ойлап елінің,  
Жыртысын жыртқан майталман.  
Тегеуірінді жауды тойтарып,  
Керейдің жерін қайтарған.

Өмірі мен өнері –  
Ұрпаққа болар өнеге.  
Шайқалмай қалған шаңырақ,  
Ақ босаға, кереге.

Қожаберген бабамдай  
Ержүрек ұлдар көп болсын!  
Қызыр қонсын жеріме,  
Еліміз әр кез тоқ болсын!

Егеменді Елімнің –  
Желбірей берсін байрағы.  
Асып, тасып мол байлық,  
Көркейе түссін аймағы.

Жыраудан қалған артында  
Байтақ жер бізге аманат.  
Айналдым сенен туған Ел!  
Болмасын сенде жаманат!

*23 сәуір 2001 жыл*



# АРЫСЫМ! АЗАМАТЫМ!

## ТАНЫТҚАН АҚЫНДЫҚТЫҢ ҒАЛАМАТЫН. МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ ТОЛУЫНА

Қазақтың атын шығарған,  
Көңілінде кеткен мың арман,  
Мағжандай дара дарынды  
Сағынып, жылап еске алам.

Ұлттың мақсат, арманын  
Асқақтатқан өмірде.  
Жасындайын жарқылдап,  
Поэзия көгінде.

Көңілге көрік, сән берген,  
Алашқа қуат, әл берген.  
Жадыратып жаныңды,  
Әлдилеген, тербеген.

Кісіліктің төрінен  
Әр уақытта көрінген.  
Жүректерге жол тапқан,  
Аталы, нәрлі сөзімен.

Дүлділ ақын, жез таңдай,  
Келбетті, көркем, кең маңдай.  
Жаны жарқын, ары пәк,  
Кіршігі жоқ ешқандай.

Ғасырлардың құрдасы,  
Көркем сөздің ұстасы.  
Үлкен-кіші ақынның  
Пайғамбардай ұстазы.

Тұранның ұлы жыршысы,  
Жаңа өмірдің жаршысы.  
Өтпеді оны айналып,  
Жақсы мен жаман тартысы...

Еркіндік, теңдік, дербестік,  
Армандаған алты Алаш.  
Азаттық үшін ақынның,  
Ғұмыры өтті тайталас.

От шашқан қара көздері,  
Дем берген өткір сөздері.  
Жазықсыз текке күйдірген,  
Езілген елдің ездері.

Ел басына күн туған,  
Күннің бетін қан жуған.  
Зар заман шақта ер Мағжан,  
Белдесуге бел буған.

Арманға жеттік біз бүгін,  
Қазаққа туды жақсы күн.  
Егеменді ел құрдық,  
Көтеріп намыс, ер жүгін.

Халықпен бірге күйзеліп,  
Қуанып бірге, түрленіп.  
Қасқайып Мағжан тұр бүгін,  
Әулие, таза түрге еніп.

Қауыштық міне өзімен,  
Сусындап асыл сөзімен.  
Сағыныш отын маздаған,  
Көргендейміз көзінен.

Қайтқандай ұзақ сапардан,  
Қарсы алып, халық қуанды.  
Өлгені қайта тіріліп,  
Жырларын оқып жұбанды.

Аман болсаң, Ел мен жұрт,  
Өркендер, өсер өнерің.  
Дарынды, текті ұл мен қыз,  
Туарына сенемін.

Арманда кеткен ақынның,  
Үмітін біздер ақтайық.  
"Елім" деп өткен Мағжанды,  
"Ұлым" деп бүгін жоқтайық.

Ауырмасын жүрегің,  
Талмасыншы білегің.  
Ұлыларды ұлықтап,  
Ұмытпайтыныңды білемін!

# ШАТТАНАМЫН

(ЖАЗУШЫ Ғ.МҮСРЕПОВТЫҢ  
100 ЖЫЛДЫҒЫНА)

Шаттанамын  
Арайланған таңыма.  
Мақтанамын  
Ел мен Жердің барына.  
Жарылардай  
Жұдырықтай жүрегім  
Буырқанып тасып тұрған қаныма.

Бүгінгі таң  
Ғабит аға туған күн.  
Жүз жыл  
Бұрын кіндік қанын жуған күн.  
Дара дарын,  
Ұшқыр ойлы қаламгер,  
Болатынын  
Сол уақытта білген кім?

Ақ қайыңды.  
Қарағайлы өлкеде.  
Айтыңдаршы  
Ақын болмау мүмкін бе?  
Тіл жетпейтін  
Тілсім сұлу табиғат,  
Ой салады  
Сыр сыйлайды әркімге.

Академик,  
Драматург, жазушы,  
Еңбек Ері,  
Ақын, өлкетанушы...  
Айта берсем,  
"Сегіз қырлы бір сырлы"  
Ту ғып өткен  
Асқақ мақсат-намысты.

Ғабит ағам -  
Көркем сөздің шебері.  
асыл мұра-  
Өшпес оның өнері.  
Мен үшін ол  
"Темірқазық сияқты  
Бағыт-бағдар өнегелі өмірі.

## КЕЗДЕСУ КЕШНЕ АРНАУ - ЦГМИ 1976

Құтты болсын кездесу-кеш, түлектер!  
Қартаймасын, лүпілдесін жүректер!  
Қырық жылды артқа тастап қауышып,  
Шексіз, шетсіз қуаныңдар, күліңдер!

Көз алдымда жастық шақтың үрдісі.  
Құлағымда құрбылардың күлкісі.  
Бозбалалар көз салатын ұрланып,  
Байқамауын қалаушы еді бір кісі.

Естен кетпес студенттік күндерім...  
Дайындықпен ұйықтамаған түндерім.  
Деканымыз Владимир Четверкин-  
Ұмытпаймыз қамқор болып жүргенін.

Алты жылда оқудан бас алмадық.  
Неше түрлі дерттің түрін талдадық.  
Арман қуып келген жап-жас балалар,  
Өмір жолын дәрігер боп жалғадық.

Ұмытылмайды ұстаздардың баршасы.  
Маман болдық-тек солардың арқасы.  
Ғұмырымыз сіз бен біздің өлшеулі.  
Ұстаздардың ойсырапты-ау ортасы...

Бірге оқыған жолдастар да азайды.  
Олар бізге суреттен тек қарайды.  
Ажалымен арпалысып науқастың  
Арашалап алып қалған талайды...

Тілеймін мен тірілерге бақ-қуат!  
Өткендерге имандылық, салауат!  
Ұрпақтарға бізден кейін оқитын,  
Алтын бесік - біз оқыған аманат!

## ДҮНИЕ ЖАЛҒАН

Ажалдан бұрын адам өле алмайды,  
Алдында не тұрғанын біле алмайды.  
«Тоқташы, тоқтай тұршы»-деп жалынсам,  
Уақыт-деген «жалмауыз» тіл алмайды.

Өмір өтіп барады, өмір өтіп,  
Солғын тартып, сезімнің сәні кетіп,  
Уақыт бізді тықсырды кәрілікке,  
Қуғандай алдына сап дүркіретіп.

Секунд, минут, күн, жылдар зымырайды,  
Күн туады үнемі түріп Айды.  
Көбі кетіп өмірдің азы қалды,  
Жастық дәурен артына бұрылмайды.

Сағынып жастық шақты жүремін де,  
Кейде еңіреп, кей кезде күлемін де.  
Өкінбеймін өтсем де бұл өмірден,  
Қалсам болды біреудің жүрегінде...

Үміт, арман алысқа жетелейді,  
Жасаған күш жанымды жебелейді.  
Бакытты бір шақтарым маза бермей,  
Елестеп көз алдымда көлбеңдейді...

## ӨЛЕҢІММЕН ӨЛМЕЙМІН

Махаббат сезім- тұңғыық, терең өлшеусіз.  
Дүние- жалған, болса ғой ол да өлшеусіз.  
Алдамшы ажар, баянсыз байлық не керек,  
Күндердің күні қалса егер адыра, иесіз?

Иесіз қалар миллион теңге, миллиард.  
Жақсы ғой егер кіршіксіз қалса ар- ұят.  
Өкініш болар өтелмей қалса қарызың,  
Одан да ауыр өтелмей қалса парызың.

Алдамасын білеміз түсі суық ажалдың,  
Қармағына баршаны ілерін сол тажалдың.  
Қарсы тұрар өлімге қаруым бар қарымды,  
Өйткені мен анамнан ақын болып жаралдым.



## СЫРЛАСА АЛМАЙ ӨТЕРМІЗ

Сыйласа алмай, сырласа алмай өтерміз.  
Өтті жазым, келіп қалды қоңыр күз.  
Жарқ етіп бір соңғы сәтте елестеп,  
Жұлдыздардан асып әрі кетерміз.

Жаным тәннен ажыраған сәтінде.  
Нұры қалсын махаббаттың бетімде.  
Ынтық болса өмірбойы үзіліп,  
Қаларым шын сүйген жанның есінде.

Өзі өлсе де жаны өлмейді деген бар.  
Шыбын жаным басқа әлемде табылар.  
Тіршілікте шырқалмаған әндерім,  
Бақшасында сол әлемнің салынар...

# АДАМНЫҢ ЫСТЫҚ КӨҢІЛІ

Адамның ыстық көңілі  
Ерітпей кімді қоймаған?!  
Ықылас, мейірім, мәрттікке  
Ешқашан адам тоймаған.

Жанының ыстық жылуын  
Біреуге біреу арнаған.  
Біреуі жетіп арманға,  
Тағдырдан бірі озбаған...

## **БАТЫРЛАР КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!**

Бүгінгі күн батырлар мерекесі  
Батырлары ержүрек ел еркесі.  
Бес ғасыр туын жықпай туған елдің,  
Сақтаған ұрпағына бел- белесін.

Батырлар мерекесі құтты болсын!  
Денсаулығы әркімнің мықты болсын.  
Ел тыныш, халқым аман, аспан ашық,  
Шекара берік қорған кілтті болсын!

Ел қорғар ер- азамат жауынгерлер,  
Туғанда ел басына қиын күндер.  
Шырылдап ұл туғанда шаңырақта.  
«Ел қорғаушы туды» деп қуанған ел.

Ер- азамат ел жүгін көтереді,  
Бар парызы сонымен өтеледі.  
Қиындыққа төзімді қара нардай,  
Алға тартып халықты жетелейді.

Махаббаттың тұтқасы- Ер- азамат,  
Шаңырақтың шаттығы- Ер- азамат.  
Аман болып жүріңдер әруақытта,  
Еліміздің қамқоры- Ер- азамат!

## ЖАҚСЫ ЖАНДАР

Жақсы жанның жүрегі- күн, нұр шашар.  
Көңілінде қызғалдақ бар гүл ашар.  
Жайсаң жанның айдарынан жел есіп,  
Абыройы, мәртебесі шын тасар.

Көздерінен көрінетін шуақ нұр,  
Жаны сұлу жақсыларға құлақ түр.  
Жаттығы жоқ жақсылардың біз үшін,  
Ақыл, кеңес, өнегесі – шырақ бір...

Жақсылар тек жақсылыққа сенеді.  
Айналадан тек жақсылық көреді.  
Кісіліктің биігінен табылып,  
Жаныңа тек ізгілікті егеді.

Жақсылармен жүздесуге асығам.  
Қуат алар жүрегінің отынан.  
Жақсылардың шапағатын сезініп,  
Риза болып, қуанып мен отырам.

Жақсы жандар жамандардан көбірек.  
Солармен тек заман қызық көрінбек.  
Жақсылыққа жақын барша халыққа,  
Жаратқанның аппақ нұры төгілмек!

## ӨМІР - ӨЗЕН

Өмір - өзен.  
Ешбір жанға дес бермес.  
Тағдыр-кеме.  
Зымырайды көз көрмес.  
Сызығы бар мінген адам аспайтын.  
Құпиясы ол.  
Жаратқанның біз білмес.

Өмір-күрес.  
Арпалысып жүргенде,  
Болды күндер жылаған да, күлген де.  
Қатар жүрер бір қуаныш, бір қайғы,  
Жеңу керек соның бәрін білгенге.

Алға ұмтылдым.  
Алға, алға, тек алға!  
Тағдыр- кеме ұрылмады жарларға.  
Алға қойған мақсат-мүдде қалмады.  
Жеткізді ғой Жаратқан көп арманға.

Уақыт- қатал.  
Бір орнында тұрмайды.  
Ғұмырыңды білдірмей тек ұрлайды.  
Сағым қуып жүргеніңде сандалып,  
Қалған қиын несібеден жүрдай боп.

Тілеймін мен аманшылық, саушылық.  
Отбасына құт-береке, жақсылық.  
Ұзақ ғұмыр, бақыт тілеп баршаңа,  
Жүректерге жырдан берем нұр құйып.

## КІНДІК ҚЫЗЫМ ЗАРИНАҒА

Туған күнің қайырлы құтты болсын!  
Көңілің көлдей шалқып, нұрға толсын!  
Қызықтап Тәңірханмен екеуіңді,  
Ата-анаң, асыл әжең аман болсын!

Қалаймын жарық айдай толғаныңды.  
Қарапайым, қадірлі болғаныңды.  
Бойжетіп, ақыл-оймен қадам басып,  
Әр нені таразыға салғаныңды.

Әжеңнің жұлдызысың маңдайдағы.  
Еркелетіп туғаннан аймалады.  
Жақсылық, ұзақ ғұмыр нәсіп болып,  
Атаңның орындалсын армандары.

Алғыр бол қыранның сен баласындай.  
Кеңпейіл қазағымның даласындай.  
Талабың таудай болып, нұрға бөлен,  
Мықты бол аламанға шабатындай.

Жаратқан ақ жолына салып жүрсін!  
Адастырмай әрдайым алып жүрсін!  
Парасат, біліміңмен дараланып,  
Абыройың, мәртебең артық тұрсын!

Кіндік шешесі- Марал Зейнел-Ғабиқызы .  
Атасының досы- Абай Бейсембайұлы.

*07.09.2013 жыл.*

## АЯЗҒА

Құтты болсын көтерген шаңырағың!  
Әсиямен сен бүгін бас құрадың!  
Түтіні түзу ұшып жас отаудың,  
Баянды болсын сенің бақ-тұрағың!

Атыңа «Отағасы» лайық бол!  
Адаспа, шықса алдыңнан айырық жол!  
Салмақты, салиқалы, сабыр сақтар,  
Ағайынның алдында қадірлі бол!

Тең құрбың үлгі алардай саналы бол!  
Ата-анаңның қамқоры қамалы бол!  
Жанашыры, сүйеніші арқа сүйер  
Жарыңның жадыратар самалы бол!

Аязжан, сен де менің ұлымдайсың.  
Жүрегімнің бөлшегі қанымдайсың.  
Әсия екеуіңе отырған жұрт  
Алладан бақыт тілеп қолын жайсын!

*21.08.2015 жыл*

## АСИЯҒА АНАСЫ АЯЖАННЫҢ ТІЛЕГІ

Қызым менің, қызғалдағым, қырмызым!  
Маңдайдағы жарқыраған жұлдызым!  
Алға басқан қадамыңа гүл бітіп,  
Жүз жыл сенен аямасын күн нұрын!

Аяласын Аяз сені ардақтап,  
Танып, біліп жүрміз оны біз мақтап.  
Жаны таза жақсы бала сияқты  
Жүргейсіндер әр ісінді салмақтап.

Жақсы көріп бір-бірінді сыйлаңдар!  
Ата-анаға қуаныш тек сыйлаңдар.  
Жақсылыққа жақын болып әрқашан,  
Алға ұмтылып бір орында тұрмаңдар.

Өмір- өзен, өтеді де кетеді.  
Асыққандар арманына жетеді.  
Мақсатсыз жан қанаты жоқ құсқа тең,  
Жігерлі бол өзгермейтін өзегі.

Барған жерге тастай батып судай сің!  
Жас келінге болары анық талай сын.  
Ата-енеңнің көңілін тап, ренжітпе.  
Әруақытта қиындыққа шыдай біл!

Алла сені қолдап жүрсін лайым.  
Келтіріп жүр үй-ішіңнің шырайын.  
Қол ұстасып жаның сүйген Аязбен,  
Бақытты бол! Бақытты бол! Қарағым!

*18.07.2015 жыл*



## ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ

Ей, Адамдар!  
Түсінбеймін мен неге?  
Мазалайды қалың ойлар мендегі.  
Сұғанақтар сұқса қолын қалтаға,  
Сужұкпастай жылмыңдайды, ол неге?

Ақпараттар ағып жатыр күн-түні:  
Қылмыскерді ұстап күнде шыңғыртып,  
Үш мың жеген қамалады үш жылға,  
Үш миллион жегендер жүр зырғытып.

Жымқырғыш та, жымысқы сұм әкімдер,  
Табылады қазағымның хақын жер.  
Астық, көмір, ақша жеген көп қулар,  
Жүр бүгінде халқым үшін «төгіп тер».

«Амниция туралы Заң» шыққалы  
Қанша бастық құтылды екен тұзақтан?  
Коррупция серкелері қуанды-ау,  
Көз ілмеген қорқыныштан ұзақ таң.

Ей, Адамдар!  
Ойланамын әлде де...  
Таңданамын, түсінбеймін мен неге?  
Әділет күш бар ма, мынау жалғанда,  
Жолын табар айналмаудың пендеге???

# АМАНТАЙ СӘБИТҰЛЫНЫҢ 61 ЖАС МҮШЕЛТОЙЫНА АРНАУ

Туған күнің құтты болсын, бауырым!  
Арта берсін абройың, қадірің.  
Денсаулығың мықты болып әруақыт,  
Аман болсын шаңырағың, қауымың.

Қосағыңмен шын сыйласып тұра бер.  
Жақсылықпен тұрмыс дәурен құра бер.  
Бала-шаға, немерелер көбейіп,  
Ондаған жыл ортасында бола бер.

Алла берсін шаңыраққа шын бақыт.  
Балаларың бірі-жақұт, бірі-ақық.  
Өсе берсін ұрпақтарың өнерлі,  
Асуларға бола берсін жолы ашық.

Орындалсын барша тілек арманың,  
Жолында оның шаршап бір сәт талмағын.  
Қуанышпен атқан таңды қарсы алып,  
Сезбей-ақ қой алпыс жастың салмағын.

Софияңмен алтын тойға жете бер.  
Мүшелдерден еш қиналмай өте бер.  
Кең пішілген кеңпейілді қалпыңда  
Күліп-ойнап, жайраң қағып жүре бер!

*17.10.2009 жыл*

## МҮТӘЛЛАП АҒАНЫҢ 75 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ҚҰТТЫҚТАУ

Ақ қайындар аралында сөз жетпейтін көрікті,  
Сіз туғалы жетпіс бес жыл жылжып, сырғып өтіпті...  
Нәсіп етіп Алла Сізге сөз өнерін - ақындық.  
Зор қасиет басқада жоқ азық етіп беріпті.

Ақындық ол-қанмен келер, сүтпен сіңер қасиет.  
Жазылады өлеңмен көп арттағыға өсиет.  
Халқымызда дара дарын, шешен жандар көп болғай,  
Аспандағы шоқ жұлдыздай жарқырап бір көрінбек.

Балалықтың бал шағында ерте ер жетіп есейген.  
Елмен бірге соғыс жүгін иығымен көтерген.  
Қиындықтың бәрін жеңіп, артқа тастап бүгінде,  
Ана үміті-ана еңбегі толығымен өтеген.

Шалқар шабыт таси берсін толқып, тулап теңіздей.  
Жүре бергей жетпіс бестің ауырлығын сезінбей.  
Жыр жолында шаршамаңыз, сүрінбеңіз, талмаңыз,  
Жалындаған жастық шақтың жарқыраған кезіндей.

Ақын аға, көз көрген әкемнің Сіз қаламдасы.  
Қадірлесі, бір жүрген замандасы.  
Жазғаннан жазарыңыз көп болсын тек,  
Алдағы ширек ғасыр аман болшы!!!

## ЖЕЗДЕМ ҚҰРМАН МӘКІМҰЛЫ АХМЕТОВТЫ ЖОҚТАУ

Жезде, өзіңмен қоштасуға келіп тұрмыз.  
Күйзеліп, қайғы жұтып, налып тұрмыз.  
Күйеу болып келгеніңде қуанған ел,  
Қабырғамыз сөгіліп жылап тұрмыз.

Қайын жұрт хан көтеріп шын сыйлаған.  
Болып ең бір баласы нұр сыйлаған.  
Өзінді бізден жақсы көруші еді.  
Жерге қойып ішер асын қайран анам.

Әкем де бауырына басып еді.  
Әр уақыт жолға қарап тосып еді.  
Алғашқы қуанышы ата-анамның,  
Бәрінен бағаң сенің асып еді.

«Марон» деп еркелеткен, қайран жездем!  
Қайырымды, сабырлы, сырбаз жездем!  
Үнемі қамқор болып жүруші едің,  
Аға-іні, бауырларға артыңа ерген.

Бәріміз көз алдында өсіп едік.  
Әруақыт жақсылықты сезіп едік.  
Сегіз бажа ішінде серкесіндей,  
«Генералдай» өзінді көріп едік.

Арманға жеткен адам бар ма екен?  
Армансыз адам тегі болмайды екен.  
Шөбере сүйсе дағы көп емес қой,  
Шақыру келсе бірақ қоймайды екен...

Алланың жазғанына шара бар ма?!  
Үмітпен тек қараймыз келер таңға.  
Өткенге иман тілеп қол жаямыз,  
Тіріге бере гөр деп ғұмыр-дария.

Зейникамал, әпкетай, берік болғын!  
Жүз жасап, ұрпағыңа серік болғын!  
Көрмеген көп қызығын жан жарыңның  
Өзіңе нәсіп етсін Жаратқаның!

# ҚАЛАШ АҒА МЕН РӘШ АПАЙДЫҢ ТОЙЛАРЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Ағатай, құтты болсын сексен бес жас!  
Аман болсын отбасы, мал менен бас!  
Отырсыз ортасында ордалы үйдің,  
Қаумалап туған-туыс, құрбы-құрдас.

Өмір-күрес, өмірде қиындық көп.  
Қажырлы, қайратты адам женеді тек.  
Еліңізге ерінбей еңбек етіп,  
Алдыңыз сый-сияпат, алғыс, құрмет.

Еділбай ағамыздың шөбересі,  
Арғы ағамыз Керейдің Көшебесі.  
Құттықтап келіп тұрған Қызылжардан,  
Ініңіз Абай Оспан немересі.

Қызылжарда бір қауым еліміз бар,  
Орман, тоғай, көгілдір көліміз бар.  
Жіберген туғандардың өзіңізге,  
Ыстық ықылас, тілегі, сәлемі бар.

Айтады аман болсын асыл аға,  
Ағаң болса алдында жетпес баға.  
Қалаш аға, жеңешеміз- Рәш апамен,  
Жасаңыз қол ұстасып жүзден аса!

*19.06.21жыл*

## ДАЛАМ МЕНІҢ-МЕКЕНІМ ҚҰТ ДАРЫҒАН

Кең далам, кемел далам, көркем далам!  
Өзіңе ғашық болып өткен бабам.  
Түбінде әр жусанның алтын, күміс,  
Көз тіккен байлығыңа көрші- қолаң.

Мекенім құт дарыған, дархан далам!  
Сарыаркам-шаңырағым шайқалмаған.  
Өрбіген төсіңдегі төрт түлік мал,  
Жерімнің қасиеті ортаймаған.

Көсіліп жатқан сұлу, керім далам!  
Дарыттың ұлттың рухын өзін маған.  
Қазақтың пейіліндей кең байтағым,  
Мәңгілік жасай бергін, болмай талан!

Жерімнің түгін тартсаң майы шығар,  
Өзгеден байлығымен биік тұрар.  
Қорықпай бабалардың назасынан,  
Опасызды жер сатқан аруақ ұрар!

Бір сүйем, бір қадамын жауға бермей,  
Шайқасқан жан аямай дамыл көрмей.  
Бас ием аруағына бабалардың,  
Қайтпаған қотанына жауын жеңбей.

## О, ДҮНИЕ!

Қазағыма қайтаршы отты рухты!  
Болды ғой соңғы кезде көңіл күпті.  
Жеріме қара қытай дендеп кіріп,  
Қазаққа әкелді ғой қасіретті.

Жәйлап жатыр қаламды, даламды да,  
Көріп соны қамығып, қалам мұңға.  
Тосқауыл қоймай билік бассыздыққа,  
Жем болып барамыз біз қытай-сұмға

Соғыссыз жаулап жатыр қара қытай.  
Көшіп жатыр қолына алтын, мұнай.  
Қомақты жер телімін алып жатыр,  
Жауап жоқ сұрағанға «Неге бұлай?»

Кең далам, көркем далам, керім далам!  
Қымбатсың қасиетті Жерім маған!  
Ұрпақтың қарғысы атсын, тасқа айналсын,  
Бөлшектеп Жерді сатып жатқан харам!

## АРАЙЛЫМ МЕН ЖАНБОЛАТТЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА

Бүгінгі күн- ата-ананың орындалды арманы.  
Бүгінгі күн- шын қуанып, көңілінің толғаны.  
Күн тәрізді бір шаңырақ көтеріліп төбеге,  
Жаратқан күш разы болып екі жасты қолдады.

Дауылбай мен Күлбағыштың кызы қонып қияға,  
Көкен құда жайрандайды ұлы қонып ұяға.  
Құтты болсын ақ отауы қол ұстасқан жастардың.  
Сырлы сезім, нұрлы сезім- махаббаттың тұрағы.

Қызылжардан ақ тілекпен келіп тұрмыз қуанып,  
Жүрегімнің түкпірінен ақ маржандай жыр алып.  
Құда-жекжат, туған-туыс отыр, міне, ортада,  
Екі жастың бақытына куә болып жиналып.

Қабыл болсын ата-ананың ақ батасы ылайым!  
Шаңыраққа құт-береке берсінші тек құдайым.  
Арман-мақсат орындалып, табыстарға жетіндер,  
Сапарларың сәтті болсын, Жанболат пен Арайлым!



## АҚЫН ТОҚТАР ЗИКИРИНГЕ

Ақын аға, ақылды аға, салмақты,  
Ақын жаны сегіз қырлы, жан жақты.  
Асуынан алпыс бестің асыпты,  
Ақындардың бірегейі ардақты.

Ақындарды әлем таныр хатынан.  
Мен де танып, оқуға әсте асығам.  
Поэзия - оның сүйген ғашығы,  
Сырласатын ұзақ түндер жасынан.

Бала жастан қалам тербеп келеді.  
Ой түбінен жыр маржанын тереді.  
Жырларына арқау етіп ел-жұртын,  
Жан-жүрегін бөліп-жарып береді.

Жүрегінен шыққан әрбір жырына,  
Жан жылуын орап қойған секілді.  
Қуанса да, қайғы-мұңға батса да,  
Әрбір сөзі Иран бақтай көрікті...

Рухы биік азамат жаны жайсаң.  
Дарытқан қайрат күшін Күн мен Айдан,  
Аузына Жаратушым сөз салғанда,  
Суыртпақтап сыр тартар әрбір жайдан.

Тоқтар аға!  
Оңғарсын жолыңызды Алла Сіздің!  
Алыңыз асуларын тоқсан, жүздің.  
Өзіңіз таңдап алған жыр жолында,  
Тер төгіп, алшаң басып жүре бергін! Амин!

## СОҢҒЫ ТІЛЕК

Қазсын менің қабірімді  
Туған жердің төрінен.  
Табылайын әкем жатқан,  
Ауылымның өрінен.

Ешбір қызға бұйырмаған,  
Ата-баба қорымы.  
Өзім айтқан жерде болсын,  
Сүйегімнің орыны.

## АУЫЛЫМ ОРТАҚКӨЛІМ – АТАМЕКЕН

Ортақкөл ауылы өте бір әдемі жерде орналасқан. Айналасындағы ақ қайың мен жасыл терек араласқан қалың ормандар, балығы шоршыған, аққу-қазы сән берген, айдын шалқар көлдер, шөбі шүйгін шалғындар мен астықты алқаптар көз сүріндіреді, таң қалдырып, тамсандырады.

Біздің елдің табиғатының сұлулығына тамсанып, таң қалған жазушы Қоғабай Сарсекеев әкемінің туғанына жетпіс жыл толуын атап өткен салтанатты жиында «Мұндай сұлу табиғатта туып өскен Зекеңнің жазушы болмауы мүмкін емес еді» - деген болатын. Қос көл «Ортақкөл» мен «Жалтыршаның» қамысы жайқалып, балығы шоршып, толқыны жағаны ұрып, алуан түрлі құстардың шуылы бір ғажап симфония ойнап тұрғандай әсер қалтырады. Судың беті айнадай жарқырап көрінеді. Жаз бойы әкем көлге ау салып шелек-шелек балық алып келетін. Сап-сары алтындай жылтыраған балықтарды қызықтап мәз болатынбыз. Күзде үйрек, қаз атып әкелетін. Қансонарда із кесіп қоян ататын. Көлдің сыртындағы дөңнен бала кезімізде жидек теретінбіз. Әрі қарай үзік-үзік ормандар кетеді. Қойнаулары толған бүлдірген, иісі мұрын жарған түрлі гүлдер мен жоңышқалы қалың шөп өсетін. Бір қызығы әрбір орман мен шоқ ағаштардың өз аты бар еді. Олар: алдымен ауызға түсетін- әкем дүниеге келген Амандық қажы қыстауы, Орта-ағаш, Төлеген, Ақшалғын, Қойқамалған, Қасқырлы, Қасқақой, Божбан, Итіке, Жуалышоқ, Жамантал, Атбақан, Өзек, Тақыртомар, Оспан қыстауы, Шиелішоқ, Шадыра, Тайлақ, Қызылағаш, Қарашоқ, Қапан, Бүйрекшілік, Ақсиыр, Әжімбай, Әбілмәжін қыстауы, Құтыш қыстауы-ауылдың дәл қасындағы томар, Гәлі және т.б. Айтып сөз жетпейтін көркем де, шұрайлы өлкемді үнемі еске аламын, сағынамын. Осы ормандардың орналасқан жерлерін ауыл ақсақалдары жаңылмай дөп басып айтатын. Қазір оны білетін адамдар да қалмады.

Ауыл туралы ойласам, ең алдымен бала кезімде көзім көрген мейірімді ақ сақалды аталарым мен ақ жаулықты әжелерім еске түседі. Мұқыжанов Қабылқайыр мен Әнес ағаларымның анасы Бадиқас әжем, Әбилдин Дүйсекей мен Қонақов Бейсекей ағаларымның анасы Шамшия әжем, Өлбергенов Тоқтар ағамның анасы Айтжан әжем мен Кәжен атам, Есембайқызы Қазине апам мен Смағұлов Бейсембі атам, нағашы әжем Бәди Ақшалқызы, Мәкен Зикирин ағамның анасы Мырза әжем, Өмірзақовтардың анасы Қайша әжем, Мусин Өзбек атам мен сол үйдегі әжем, Жамық атам мен Балжан әжем, Мусин Нұрмұқан атам мен Какә әжем, Жанысов Төлеш атам, Елеманов

Неғметжан атам, Смағұлов Қабдыраш, Көкенай ағаларымның анасы Күләбдан әжем, Бекжанов Есқак атам мен Торғын апам, Қоңқабаев Жұмағали атам мен Рәш апам, Жағыпар Хұсаинов ағамның анасы Нүрзилә әжем, Төлепов Нағашыбай (Әтке) атам мен Шарипа апам, Есентаев Таспай атам мен Рабиға әжем, Омаров Оспан атам мен шешемнің «кіндік шешесі» Бәтия апам, Жанысов Төлеш атам, Әбілмәжінов Мәркен атам мен Қайыныш апам – бәрі көз алдымда тұра қалады. Олар айт мерекесінде қаздай тізіліп жүруші еді. Жеке-жеке тоқталсам жақсылықтарын айтып бір кітапқа сыйғызу мүмкін емес. Жарықтықтарды кезегімен келген ажал бір-бірлеп алып кетті ғой... Артта қалған ұрпақтары аман болсын!

Нағашыларымның ұлы атасы Жұмағұл қажы он тоғысыншы ғасырдың ортасында өмір сүріп, ұзақ та, қатерлі қажылық сапарға аттанып, мұсылмандық парызын өтеп келген екен. Ол кісі Абай Құнанбаевпен шамалас болған. Оның шөбересі Мақанов Сембай көп жыл имам болып зейнетке шықса да, құдай жолында жүр. Рақила әжемнің баласы мен келіні айырылысып кетіп, Сембайдың алты айлық кезі, келіні милициямен келіп өзімен алып кетпекші болғанда, машинаның алдына көлденең түсіп жатып алған екен. Әжем өзі бағып өсірді. Менің бір жастағы кезімде анамның емшегін бірге емген кездеріміз болыпты. Анам аяушылық білдірсе керек.

Біздің Ортақкөл ауылының тарихы өте ертеден бастау алады, 1932 жылы «Ортақкөл» колхозы болып құрылған алғашқы колхоздардың бірі. Сол жылы менің атам Иманбай Қаражігітұлы алғашқылардың бірі болып колхозға мүшелікке өтіпті. Менің шешем Кәмеш Байқасқызы сонау өткен ғасырдың отызыншы жылдары біздің ауылда не болғанын айтып отыратын. Ол кезде өзі өте жас болғанымен үлкен кісілердің айтқаны есінде қалса керек. Аштық кезінде ауылда жағдайлары нашар отбасы мүшелерінің ісіп-кеуіп қайтыс болғандарын айтатын. Аштық демекші, анамның өз шешесі төртке толғанда қайтыс болады. Нағашы атам екінші рет 1932 жылы, аштық жылы, Қарағанды жақтан Жаңарқадан біздің өңірге ауып келген Тоқа руынан, Күшікбай ауылынан Ақшалқызы Бәди әжеме үйленеді. Ол кісі он саусағынан өнер тамған шебер адам болатын. Маған тоқыған әдемі алашасы әлі күнге елу жыл өтсе де өңін бермей келеді. Ол алашаны мен мектепте жүрген кезде тоқыған еді жарықтық. Иманды болсын! Анам тоғыз жасында 1937 жылы ең үлкен ағасы жазықсыз жаламен «халық жауы» атанып сотталып кеткенін көзімен көрген екен. Нағашы атам Байқас Төлебайұлының отбасын асырап отырған үлкен ұлы Фазыл колхоз кеңсесінде есепші болып еңбек еткен. «Контрреволюционер, жапон тыңшысы» деген жаламен, өзінен басқа тағы үш адам: Мырзабаев Жанымбет, Қанафин Мұқыш, Божарқов Дала-

бай-төртеуін «үштіктің» үкімімен 1937 жылы 3-қазанда нағашымды 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, қалғандарын ату жазасына кесіп, сол күні атып тастаған. Ал анамның ағасы бес жыл өткен соң түрмеде қайтыс болған. Қайда жерленгені белгісіз.

Отызыншы жылдардың аяғында «Ортақкөл» колхозының жас жігіттері механизаторлық курстарда оқып, ауылға алғаш қашау доңғалақты тракторлар айдап әкелген. «Фарзон», «Интернационал», кейін «Эльпульт», «Катерпляр» деген үлкен жыланбауыр тракторлар болыпты. Бұрын бір тілді соқаға ат, өгіз жегіп мардымсыз жұмыс жасайтын диқан қауымының қуанышында шек болмады. Ауыл адамдары көктемде егін сеуіп, жазда пішен шауып, күзде егін орып, қыста қар тоқтатып, жыл он екі ай дамыл таппайтын. Бір жылы менің жеті-сегіз жас кезімде қыста шөп тапшы болып, Ортақкөл көлінің қамысын қыста шауып малға бергенін ұмытқан жоқпын.

Сол отызыншы жылдары «Ортақкөл» колхозынан ФЗУ -ға «фабрично-заводское ученичество» 1930-50 жылдары жас қыздар мен жігіттерді оқуға алып кеткен. Алты айлық курстарда кәсіби мамандыққа оқытқан. Әскерге шақырғанмен бірдей, міндетті түрде, бару керек болған. Мұқызжанова Үміт апамыз сол жақта тұрмыс құрып, Атбасар деген жерде қалыпты, елге Базарайым, Базаралы деген балаларын ертіп келіп – кетіп жүрді. Ал Рамазанов Файзрахман ағай хабар-ошарсыз кетті. Анасы Мамаева Бижамал әжем өле-өлгенше ас-суын дайындап тосумен болды. Қарындасы Рамазанова Тотай елуінші жылдары баладан қайтыс болыпты. Файзрахман ағамызға не болғанын ешкім білмейді. Жап-жас қыздарын ФЗУ-ға жіберу ата-аналарына оңайға түспесе керек, Мырзабаев Жанымбет ағамыздың қызы Үмітететкенді ертең алып кетеді деген түні, менің әкемнің ағасы Базар көкеме ұзатып жіберіпті. Қыздарының жат жерде қаңғып қалғанын ата-анасы қаламаған. Кейін «ФЗО -фабрично-заводское обучение»-деген болыпты, 2-3 жыл оқытып завод-фабрикаларға мамандар дайындайтын болған.

Преснов ауданындағы қырық үйлі «Ортақкөл» колхозы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде егін және мал шаруашылығымен айналысқан. Отыздан артық адам майданға аттанады, соның ішінде әкемнің 1922 жылы туған ағасы Иманбаев Назар, анамның төрт бірдей ағалары: Байқасов Жағыпар, Қойлыбаев Қалинұр, Байқасов Құдайберген, Қасымов Қамзалар болды. Әкемнің ағасы Иманбаев Назар атты әскер құрамында 106 дивизияның 269 полкінде қатардағы жауынгер болып қызмет істеген. 1942 жылы жиырма жасында Украинада «Харьков қазандығы» аталған қантөгіс алапат шайқаста хабар-ошарсыз жоғалып кетті. Небары 20 жасында опат болды. Әкем көзі тірісінде қанша іздесе де бір хабарын ала алмады. Әкемнің хаттарына

«Ондай адам соғысқа қатысқан жоқ» - деген жауап келген. Алдында «Жауынгердің отбасы жеңілдіктер алуға құқылы» - деген анықтама жіберген. Байқасақ, ол мемлекеттік құпия болыпты. Сонымен қатар Қосшығұлов Нұржан, Құрсабаев Шәкен, Жұмин Имантай, Жақыпов Қасым (Кассе Себеро), Малдыбаев Қалижар, Нұралин Ережеп, Омаров Есқақ тағы басқалар майданнан оралмады. Олардың есімдері бұрынғы Приишим кеңшарының оталығы Повозочное ауылының ортасындағы ауыл бағындағы ескерткішке жазылған. Ескерткіш 1975 жылы соғыс аяқталғанына отыз жыл толуына орай орнатылған.

Біздің көршіміз Жақыпова Қазине апам менен екі жас үлкен 1949 жылы туған әпкем Ботагөздің кіндік шешесі еді, мен туғанда да «Кәмеш ұл туса, Зейнел-Ғабидың қара шанасын қалап аламын» - деген екен, болмады. Бұрын бір рет те кіндік кесіп көрмеген Күлзира апам бәкісін беріп, қолының сыртынан ұстап зорлағандай етіп, менің кіндігімді екеулеп бірге кескен екен. Оның үстіне Күлзира апам Серікке аяғы ауыр болған ғой. Қазақ аяғы ауыр әйелге кіндік кестірмейді. Айтайын дегенім, Қазине апамның төрінде қара қобыз ілініп тұратын. Ол майданға кеткен күйеуінікі десетін. Оның жары Қасым Жақыпов 1906 жылы туған 1941 жылы 24 июльде майданға аттанып оралмаған. Жалғыз ұлы Декабрь «Декаш» ағам ержетіп, Ырысты жеңгемізбен көп жыл отасып, ауыр науқастан қайтыс болды. Қазине апам жүзден асып екі жыл бұрын дүние салды. Бір жыл бұрын Қасым ағамның тағдыры туралы елге хабар жеткенмен, бір өкініштісі оны Есембайқызы Қазине апам да, Қасымұлы Декаш ағам да естімей кетті. Қасым Жақыпов 1943 жылы хабарсыз кеткен. Ол оған дейін Югославияда партизандар құрамында неміс фашистеріне қарсы күресіп, сонда қаза тапқан, 1943 жылы Словенияда Повир селосында құпия түрде жерленген. Словенияда оны Кассе Себеро(-Солтүстіктің Қасымы) деп атаған екен, әскери дайындықтан өткізіп, оны барлаушы ретінде Югославияға жіберсе керек.

Ауылда соғыстан бір қолынан айырылып мүгедек болып келген Өзбеков Сейдахмет (Бөкпен) ағай пошташы болды, тағы басқа соғыс ардагерлері: Жүкітов Оразбай ағай –механизатор болып істеді. Менің жалғыз нағашым Байқасов Жағыпар соғыстан кейін Австрияда Вена қаласында бір жыл әскери комендатурада қызмет істеп, 1946 жылы елге оралып, басқармалар курсы бітіріп әр жерде басқарма, агроном, зоотехник болды, 46 жасында қайтыс болды. Өзбеков Есләм бастауыш мектепте мұғалім болып, бізге оқу-білім, жақсы тәрбие берді. Зикирин Нұрпейіс (Нүкен) ауылнай болып қызмет атқарды. Өмірзақов Әжібай ағамыз майданға аттанып, соғыс біткен соң Мәскеу қаласында тұрды. Орыс әйелі, ұлдары болған. Тегі, қайтыс болған күнде сүйегімді қалай да елге жеткізіңдер десе керек, тоқсаныншы

жылдары Владимир деген ұлы елге әкеліп, жерлеп кетті. Мақанов Омар соғыстан кейін колхозда жұмыс істеді. Ол кісінің қолында Сталиннің алғыс хаты болған.

Ауыр шайқастарда Кеңес әскерлерінің бір қатары тұтқынға түсіп, фашист концлагерлерінде болғандары бар. Біздің ауылдан Хұсаинов Жәкен ағамыз және Баян ауылынан Жанқайыр Бұқпаұлы Есіркепов тұтқынға түсіп, қашпақшы болғанда ұсталып қалады. Ұйымдастырушылардың бірі болған Жанқайырды дарға асады, сөйтіп ол асқан ерлікпен, жауға басын имей қаза тапқан екен. Камералас жігіт Сейтенов Смағұл да оған куә болыпты. Жәкен аға елге келгеннен кейін әкеме сол қайғылы оқиғаны әңгімелеп берген. Әкемнің «Кек» деген мақаласы бар.

Ия, соғыс демекші, сол жылдары ауылдың жағдайы нашарлап кетті. Ер –азаматтар жаппай майданға аттанып, ауылда бар ауыртпалық әйелдердің еншісіне тиді. Малға да, жанға да ауыр жылдар болды. Қыстан мал көтерем болып шығып, өлгені өліп, өлмегені соқаға жегуге жарамай, сауып отырған сиырларды соқаға жегуге тура келді. Колхозда ұстаханада Мусин Нұрмұқан (Күйік) атам ұста болыпты, соқаның тісін, аттың тағасын, жұмысқа керек құрал-саймандарды өз қолымен жасай береді екен. «Ортақкөл» колхозында сауын сиырлар да болғаны белгілі. Әкемнің туған апасы Бибіш апатайым алдыңғы қатардағы сауыншы болған, колхозда әйелдер кеңесін басқарған.

Шешем колхозда он төрт жасынан еңбек етті, әсіресе, соғыс кезінде өгіз айдап жер жыртқаны бұғанасы қатпаған жасөспірім қызға ауыр тиген. Ауылдың барша қыз-қырқындары өгізбен жер жыртып, егін егіп, қол шалғымен пішен шауып, күрекпен қар тоқтатып, аралап отын дайындап дамыл таппаған. Қақаған суыққа қарамастан қыста егіс алқабының үстіне қар тоқтатуға барып, белдері қайысып қалың қарды күрекпен қазып, кісі бойындай қар кесектерін тұрғызып кетіп отырған. Қолтыққа тыққан таба наны мен бір шиша сүтін күн ұзақ қорек қылған. Анамды жас сәбиінің барына қарамастан колхоздың жұмысын істеуге мәжбүрлеген. Жұмысқа бір күн шықпай қалғаны үшін «халық жауының қарындасы» деп Семейге жер аудармақшы да болған. 1948 жылы тамыз айында үш күн бойы колхоз басқармасы Байсарин Қуанышбай колхозшылар жиналысын ашып талқылап, ақыры кешірім берген. Ауыл адамдары жылап-сықтап сұрап алып қалған екен. Әке-шешем бірге кетпекші болып түйіншектерін жинап дайындалса керек. Заң қатты. Жер аударып жіберуі әбден мүмкін еді.

1950 жылы 23- тамызда біріктіру, ірілендіру мақсатымен «Ортақкөл» колхозын «Баян» колхозына қосты. Басқармасы -Тұралин Сексенбай, орынбасары- Нұрғожин Сұраған болды.

Ауыл адамдары соғыстан кейін де, 1954 жылға дейін қиыншылықтан көз ашпады. Тың игеру кезінде 1954 жылдың ақпан ай-

ында алғашқы «ДТ-54», «С-80» тракторлары келді. Тракторшылар: Смағұлов Қабдыраш, Жамықов Оразай, оның келіншегі Балғыз, Нұрмұқанов Қабир, оның келіншегі Күлпәш, Жамықов Әкім, Өмірзақов Нағашыбай, Жамықов Әбдір, Қалижаров Қайырбек (Қақпай), Мұқыжанов Әнес, Мақанов Қоспан, Қонақов Бейсекей, Жанысов Тенкен, Жанысов Көшер, Жанысов Қайкен, Жамықов Жолбай екі жылда 5 мың гектар жер жыртқан екен. Бес мың гектар жерден жыл сайын 75 мың пұт, ал отыз жылда 2 миллион 250 мың пұт астық өндіріліпті. Кейін ауыл механизаторларының саны жастармен толды: Жақыпов Декабрь (Декаш), Әлбергенев Тоқтар, Жамықов Аманбай, Жамықов Ақжан, Баймағамбетов Серік, Төлепов Рамазан, Жамықова Алтын, Мұқыжанов Серікбай, Нұрғалиева Марал, Жанысов Жұматай ел мүддесі үшін жан аямай еңбек етті.

Біздің Ортақкөлде механизаторлар әулеті Жамықовтар болған. Әкелері Жамық Мұсаұлы мен шешелері Балжан апай елдің алдыңғы қатарлы отбасы болды. Үлкен ұлы- Ермұқан аға елге жанашыр, мейірімді адам еді, колхозда бригадир болды. Әкем төсек тартып жатқанда біздің үйге көп қамқорлық жасаған. Одан кейінгі ұлдары: Әкім, Әбдір, Оразай, Жолдыбай, Аманжол, немерелері Аманбай, Алтын, Игібай, Киікбай тағы басқалары – шетінен механизатор болды. Бір отбасынан 14 механизатор шыққан, атақты механизатор Аманжол Жамықов екі рет «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған, оның зайыбы Зәйни Есембайқызы (Жақыпов Қасымның балдызы, көзі тірі, Ортақкөлде тұрады) көп жыл қой шаруашылығында еңбектен қол үзген жоқ.

1957-58 жылдары алғаш ауылымызға электр жарығын қосты. Ауыл шетінде дырылдап мотор тұратын, түнгі он екіге дейін ғана жарық жағылады, ауылда той болса ғана таң атқанша қосылып тұратын. Балаларға көшеге ілген шамдары қатты ұнайтын, шам жарығы түскен жерде жүгіріп ойнайтынбыз.

Тағы бір жұрт білмейтін бір естелікпен бөлісуді дұрыс көрдім. 1959 жылы біздің ауылға студенттермен бірге композитор Исмағамбетов Мәделхан Мұқанұлы астық жинау науқанына келді. Ол кісі Мәскеу қаласында 1934-41 жылдары Чайковский атындағы Мемлекеттік консерваторияның теориялық- композиторлық факультетін вокал және опера әншісі мамандығы бойынша бітірген. Музыка училищесінің белді ұстазы еді. Әкем екеуі «Баян жастарының вальсін» жазған болатын.

Ақ селеулі далада жатқан тынып  
Атандық шабуылға көктем күні.  
Ғасырлық тыңды тіліп тракторлар  
Шырқалған еңбек әні, жастық үні.



Қайырмасы: Бізде достық махаббат  
Бізде өмір дастаны  
Бізде өмір аспаны  
Біз - Баянның жастары

Бастаған еңбек күнін жарық таңнан  
Тың игеріп, мал баққан, білім алған  
Тракторшы, бақташы, сауыншылар,  
Шопандар еңбегіне ел таңданған.

Қайырмасы: Ән қалқыған аспаны  
Әнді сүйген жас жаны  
Әнмен бірге ер жеткен  
Біз - Баянның жастары.

Еңбекте тұр қуаныш, достық, бақыт.  
Еңбектен біз махаббат, достық таптық.  
Жайлауда, егінжайда, жазғы таңда  
Айтылмайтын жүректің сырын аштық.

Қайырмасы: Махаббат әні шырқалған,  
Әсем ғой шіркін жаз таңы!  
Әсем ғой біздің жаңа ауыл,  
Әсем ғой шіркін жастары!

Бұл әннің нотасы жоғалып кетті білемін. Мен қалада мектеп-интернатта оқып жүргенде ол кісі бізге де музыка үйретіп жүрді. Мәделхан аға үйреткен ақын Мұса Жәлелдің сөзіне жазылған «Сағындым» деген тамаша татар әнін айтып жүремін.

1961 жылы «Баян» мен «Ортақкөл» Приишим совхозының құрамына кірді. Директоры Донченко А.В. болды. Хрущевтің кезінде бидайдан басқа жүгері (дала аруы), күнбағыс та өсіретін. Ауылда бастауыш мектепте үшінші сыныпта оқып жүргенде жүгеріні арамшөптен тазалауға бізді де жіберген. Кеңшарға қосылғаннан кейін өте келеңсіз жағдайға тап болдық. Сол жылы жазда құдығы жоқ, суды Жалтырша көлінен немесе Ортақкөл көлінен ішетін ауыл тұрғындарының келісімінсіз Ортақкөл көліне 20 мың үйрек жіберілді. Көл ауылдан бес жүз метр жерде орналасқан. Айнала сымнан жасалған тормен көлді қоршап тастады. Көл жақтан жел ессе дем алу мүмкін емес, ауыл сасыды. Үйректердің нәжісі мен өлекесінің иісі жер-көкті алып тұрды. Желмен бірге құстың жүн-жұрқасы да қарша борайды. Сөйтіп жағасы құмдау көл батпаққа айналды. Су

ішу мүмкін болмады. Ауыл тұрғындары арасында түрлі жұқпалы аурулар пайда болды.

Дәрігерлік пункт болмады, алпысыншы жылдарға дейін аналарымыз үйде босануға мәжбүр болды. Көрші Айтжан әжем әйелдерге жақсы көмек беріп, босандырып алатын. Анамыз алты баласын үйде босанды. Сіңлім Ардақ дүниеге келгенде, туысымен бөстекке орап тастады, біз көргіміз келіп көрпенің арасынан сығалап қарасақ, аяғы сіреңке қорабына сиятындай кіп-кішкене, өзі қып-қызыл екен.

Алпысыншы-жетпісінші жылдары Ортақкөлде қой шаруашылығына көп көңіл бөлінді. Әр жылда ерен еңбектерімен ел құрметіне бөленген шопандар: «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Көшер Жанысов, «Ленин» орденді Қойшыбай Құрсабаев, Нәси Уәлиев, Әбдір Жамықовтар туралы айтпауға болмайды, көмекшілері: Мұқыш Нашарбаев, Ербұлан Зикирин, Жанысов Ғабит, Қаппас Негметжановтар да еңбек етті. Мектеп бітірген жылы өзім де сол адамдармен қой қоздатуға қатысқанмын. Әке-шешеме көмегім тиді, бір жағынан қой шаруашылығының қыр-сырын таныдым. Ветеринар-техниктің де оң қолы болып, жас қозылардың денсаулықтарын қадағалау маған өте ұнады. Мені совхоз есебінен Омбы қаласына мал дәрігерлік оқуға жібермекші де болды. Бір күлкілі оқиға болды. Сақманда жүргенде он бес жасар нағашыларымның баласы Мақанов Жамбыл менімен бақастанып ерегісе берді. Менің одан екі жас үлкендігім бар, желкелеп қоямын. Бір күні қозы жамырату кезінде маған ерегесіп бір қора қозыны босатып жіберді, мен де жібердім, бәрі араласып кетті. Өзер жинап алдық. Оның ісі - нағыз қияңқылық. Мен оған реңжігенім сонша, желкелеп алмақшы болдым. Ол қызыл былғары тысы бар малақай, үстіне қара халат киетін. Дәл сондай киімі бар, бойы да сондай адамды желкеге бір пердім. Ол кісі айналып қарағанда, ұрғаным Мұқыш ағам болып шықты. «Аға, кешіріңізші, мен сізді Жамбыл екен деп қалдым» - дедім. Содан естіген адамдар шектері қатып күліп, оны Мұқыш ағамның құрдастары «Мұқыш етпесінен түсіпті» - деп қосып қойыпты. Ауылдастар бертін келгенше айтып, анекдот қылып күліп жүрді. Өмірде не болмайды?

Қой шаруашылығында болған төтенше жағдай туралы айтпауға болмайды. Біздің ауылда 1972 жылы 22-сәуірде тал түсте қой қорадан өрт шығыпты. Қатты жел тұрып электр сымдарын тұйықтағаннан қой қорасының төбесіндегі сабан жана бастаған. Шопан Жанысов Көшер – «Қақпаларды ашып, дереу малды шығарыңдар!»- дегенмен үріккен мал ұйығып шыға қоймаған. Шопандар мен ауыл адамдары отқа сүңгіп қойларды сүйрелеп шығара бастайды. Смағұлов Қабдыраш, Қаппасов Әскер, Жамықов Жолбай, Жамықов Әбдір, Өзбеков Мырзахмет, Жанысов Текен, қозыларды шығаруда Жанысова Маркеш,

Смағұлова Нүрикалал от шарпығанына қарамай ерлік көрсеткен. Қойлар далаға шұбырып шыға бастайды. Жанталасып жүріп үш жарым мың қойды аман алып қалады. Бар болғаны 15-20 минутта қой қорасының төбесі ортасына түскен екен. Төрт жүзден артық мал күйіп кетіпті. Бұл оқиға ауыл адамдарының есінде қалды.

Ауылымызда отбасында он бала туып өсірген аналарымыз аз болмады. Үкіметтен «Батыр ана» марапатын алған аналарымыз: Негметжанова Қадиша, Мұқыжанова Көкен, Иманбаева Кәмеш, Мақанова Дәметкен, Қалижарова Зәуре, Зикирина Күлзира, Жүкітова Шәмен. Жандары жаннатта болсын! Аналарымыздың ұстаған ас-суы керемет болатын. Олардың жасаған құрт-майлары, сапырған сары қымыздары, сүрленген қазы-қарталары тіл үйретін. Дала пешке отқа қақтап пісірген таба наны, сары майға шайқаған бауырсақтары сондай хош иісті және өте дәмді еді. Таяққа шаншып алып бауырсақты жүгіріп жүріп жей беретінбіз. Қайран қайталанбас балдәурен балалық шақ! Ауылда әйел біткен жаз шықса өрмек құрып, алаша тоқып, киіз басып жататын. Әжем Ақшалқызы Бәди жіп иіріп, алаша тоқу, киіз басу, сақар сабын мен сағыз қайнатуды өте жақсы білетін.

Ауылда бастауыш мектеп жұмыс істеді. Мектепте көп жыл ұстаз болған Жағыпар Хұсаинов, Есләм Өзбеков, Бикен Хұсаинова, талай балаға оқу-білім, тәлім-тәрбие берді. Біліммен бірге жандарына шуақ орнатқан ұстаздарын шәкірттері ешқашан ұмытпайды. 1958 жылы өзім қатарлы оншақты баламен мектеп табалдырығын аттадым. Олар: Абилямжинова Үмітжан, Зикирина Өрік, Зикирина Мейіз, Жамықова Шайза, Өзбеков Сұлтан, Жанысов Жұматай және мен. Ортақкөл бастауыш мектебін бітірген соң балалар оқуын Баян орта мектебінде жалғастырып, әрі қарай жоғарғы және арнайы орта білім алатын оқу орындарына түсетін. Үлкен ағаларымыз Амангелді Камалиұлы Базарбеков, Жолан Ермұқанұлы Жамықов, өзімнің жиенағам Ноян Есқақұлы Омаров ауылдан оқу іздеп кеткен алғашқы жастар болды. Әкем-Зейнел-Ғаби Иманбаев (1924-1987) Баян орталау мектебінде 1939-41 жылдары оқып, өте-мөте алғырлығымен, зеректігімен көзге түскен. Бір жылда 5-6 сыныптарды бітіріп, 7 сыныпқа көшкенмен, үздік оқыған екен. Біздің ауылдан менің әкем жазушы болды, ауыл өмірін әкемдей жазған жазушы жоқ қой деймін. 1960 жылы СССР жазушылар одағының мүшесі болып қабылданды.

Ауылдың байырғы тұрғыны ағаштан түйін түйетін керемет шебер Еламанов Негметжан атамыздың інісі Еламанов Әбдірахим (1916-1970)-селекционер-зоотехник, ауылшаруашылық ғылымының докторы, ауылшаруашылық министрінің орынбасары бола жүріп, ағасының немерелеріне қамқорлық көрсетіп, Назира мен Дәметкенге Қыздар институтына түсіп оқып, жоғары білім алуларына ықпал етті.

Біздің үйдің жеті баласы жоғары білім алды, әр түрлі мамандық иелері болды. Зейникамал (Шәйкен) – Баян орта мектебін үздік алтын медальмен бітірді, жоғарғы білімді дәрігер болып еңбек етті, Қарағанды медицина институтының түлегі, қайтыс болды. Ботагөз де Баян орта мектебін алтын медальмен бітірді, ұстаз, оқу ісінің озаты, Петропавл педагогика институтының түлегі, ұлағатты ұстаз болды, өзім «Қазақстан денсаулық сақтау ісіне үлес қосқаны үшін» төсбелгісімен марапатталған қырық жыл еңбек еткен дәрігермін, Целиноград мемлекеттік медицина институтының түлегімін, Софья-талантты архитектор, Целиноград ауылшаруашылығы институтының түлегі, Ардақ - фельдшер-акушер, өнерлі, домбыраға қосылып ән салады, әкеме тартып өлең жазады, Алтын -Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, әнші, журналист, Қуаныш- медбике, Зейін - талантты құрлыс инженері, Қарағанды политехника институтын бітірген, Зейнұр - агроном, экономист, екі институт тәмамдады, ерте қайтыс болды, Аяжан - тіл маманы, аудармашы. Сол сияқты ауылдағы әр отбасы балаларына шама-шарқынша жақсы тәрбие, білім беріп, бәрі жақсы адам болып ержетті. Омарова Қайыржамал Баян орта мектебін алтын медальмен бітіріп, Алматыда шет тілдер институтына түсті. Ағылшын тілінің мұғалімі мамандығын алып, көп жыл Есіл ауданында Николаевка орта мектебінде еңбек етіп, зейнетке шықты.

Ертеде бастауыш мектепте мұғалім болған, кейін дүкенші болып өмірінің жартысын өткізген менің нағашы апам Мұрзағұлова Күлбаршын Сартайқызын әлі күнге ауылдастары айтып жүреді. Қысы-жазы ауылдастарына қажет ас-су, киім-кешек тасып, әсіресе, қыста от жағылмайтын дүкенде тоңып –жаурап саудасын жасай беруші еді. Үлкен жүректі мейірімді адам еді. Менің әпкем Ботагөзді үш жасынан бауырына салып, тұрмысқа шыққанша қамқор болған. Оның ізбасары Шәрбан Смағұлова-Неғметжанова да көп жыл тұтынушылардың алғысына бөленді.

Біздің ауылда клуб болмады. Концерт, кино келсе бидай сарайында тамашалайтын. Мен 1969 жылы алғашқы клуб меңгерушісі болып жұмыс істедім. Кеңшар ауылға бір үй салғызып, жартысында екі отбасы тұрды, жартысы өнбойына ұзынша келген клуб болды. Кешкілік жастар сонда барып үстел үстіндегі билиард ойнайды, шағын кітапхана жасадық. Балалар мен жасөспірімдерді жинап концерт, спектакль ұйымдастырамын. Бәріне ұнап, аналарымыз келіп тамашалап, нағыз театрда отырғандай риза болады. Бірде бай-құлақтардың қолынан қаза табатын жастардың көшбасшысы комсомол қыз туралы спектакль қойып, көріп отырған апаларымыз жылап та қалған. Тасболат Өзбеков деген жасөспірім бала өскен соң әртістік оқуға барамын

деп армандайтын. Өскенде ата-анасы қарсы болып жібермеген еді. Қатты өкінетін. Мен де өкінемін.

Ауыл мәдениетіне менің әкем - жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев үлкен мән беріп, әрқашан ауылдастарымен әңгіме дүкен құратын. Көшенің тазалығы, көшеттер отырғызу, қиды ауылдан аулақ белгілі бір жерге төгу, дәретханалар жасау, құдық қазу, ауылды таза сумен қамтамасыз ету, радио желісін тарту, дәрігерлік пункт ашу, арақ пен темекіге қарсы күресу туралы жалықпай кеңес жүргізетін. Ауылдастарының салауатты өмір салтын ұстануына көп көңіл бөлген. Әкеме облыс орталығына немесе сол кездегі Қазақ Республикасының астанасы-Алматыға көшуді ұсынғанмен, ол өзінің Атамекенін тастап ешқайда кетпеді. 1974 жылы 50 жасқа толуына байланысты әкеме Приишим совхозының орталығында салынған жаңа үй берілді. Үйіміз мектептің дәл жанында орналасқандықтан әкем мектепке жиі бас сұғатын, ата-аналар комитетін басқарды. Тұрмысы нашар отбасылардың балаларына қамқорлық жасайтын. Совхоздың шаруашылықтарын аралап, мәліметтер жинайтын. Еңбек ерлерінің жасампаздығын тілге тиек етіп, көптеген репортаждар, мақалалар жазатын. Тыным таппайтын.

Мен де туған ауылыма жаным ашып оншақты жыл бұрын ауылдастарымның құдықсыз отырғанын тілге тиек еткенмін. Содан соң оларға тоқпен жүретін насосы бар құдық жасалды. Ауылда отырған отбасыларға әруақыт амандық-саулық, береке-бірлік, татулық тілеймін, әр шаңырақтың түтіні түзу ұшып, ұрпақтары көбейе берсін! Ортақкөлдiң әлi күнге «Ортақкөл» болып тұруына мұрындық, түпқазық болып отырған сүйiктi ауылдастарыма басымды иемiн, алғысым зор. Ауылдар азайып жатыр. «Болашағы жоқ» деген желеумен қанша ауылдар құрып кеттi. Ол ауылдарды сондай мүшкiл халге түсiрген кiм? Өзiмiз. Туған ауылына жаны ашымайтын, қиындыққа төтеп бере алмайтын азаматтар елiн, жерiн тастап қалаға көшiп кеттi емес пе? Үдере көшкен елге тоқтау айтар үкiмет басындағылар да көрiнбейдi. Ауылдарда мектеп, кiтапхана, медпункт, клуб бiрте-бiрте жабылып, халық көшуге мәжбүр болады. Қалада құлайын деп тұрған үйлердi сатып алады немесе жалдайды. Сөйтiп ит өмiр жалғаса бередi...

Тәуелсiздiк-тәттi ұғым. Отыз жыл өтсе де қарапайым халық әлi еңсесiн көтере алмай жүргенi жанға батады. Ауылдарды орнына келтiру – басты мiндет. Ауылдар көркеймей - Қазақ Елi көркеймейдi.

*(Бұл естелік қысқартылып «Егемен Қазақстан» газетіне басылды, 23қазан 2020жыл «Сағындырған ауылым»)*

# АҚЫН М. З-Ғ. ОСПАНОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫ МЕН ӨМІРІ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР

## Кітаптар

1. Оспанова Марал Зейнел – Ғабиқызы. “Қызылжарым”. Алматы қаласы. “Ғылым” баспасы. 2002-жыл.
2. Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдығына арналған жинақ “Қызылжардан ескен леп” Қызылжар қаласы 2003-жыл /Солт. Қаз. Баспасы./
3. “Бәйшешектер” ақын әйелдердің өлеңдер жинағы. “Подснежники”. Петропавл қаласы “Сев. Каз”. баспасы 2004-жыл
4. Жазушы Зейнел – Ғаби Иманбаевтың 80 жылдығына арналған “Қалам қадірін ұстаған біледі” Петропавл қаласы “Есіл” баспасы 2004-жыл.
5. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Сырлы сезім» Петропавл қаласы «Полиграфия» баспасы 2006.
6. Марал Оспанованың мақаласы Ә.Ғалеевтің «Өмір арнасы ұрпақ жалғасы» атты шежіре кітабінде басылды, 2006 жыл
7. Марал Оспанованың «Олар ұмытылмауға тиіс» атты мақаласы, И.Қасымовқа арнаған өлеңі Т.Сүгірбаевтың «Ауылым аты-Баян» атты кітабіне басылды, 2008 жыл.
8. Марал Оспанованың «Олар ұмытылмауға тиіс» атты мақаласы, «Ақталған есімдер» немесе «Возвращенные имена» кітабында басылды, Петропавл қаласы. 2008 жыл.
9. Марал Оспанованың бір топ өлеңдері орыс тілінде ақын Альфред Пряниковтың «Живу среди людей» атты кітабында басылды. Петропавл қаласы. 2010 жыл.
10. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Жақсының аты өшпес» жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаев туралы. Петропавл қаласы. 2011жыл.
11. Зейнел-Ғаби Иманбаев «Балаларға арналған қызықты әңгімелер». Петропавл қаласы. 2013жыл, құрастырған-М.З-Ғ.Оспанова.
12. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Қоңыр дәптер» Петропавл қаласы. 2014жыл.
13. Марал Зейнел-Ғабиқызы кітап «Краса и гордость Северного Казахстана», 2-том «Жаны сұлу жан анам», Петропавл қаласы. 2014 жыл.
14. Марал Зейнел-Ғабиқызы кітап «50 жыл ғұмыр-дастан» естелік «Мектебім-алтын бесігім», өлең «Мектебіме», арнаулар «Кенжебайға», «Баянға», «Күлтайға» 2018 жыл, Петропавл.
15. Марал Зейнел-Ғабиқызы кітап-оқулық «Өзін-өзі тану» 6-сыныптың, «Сұлулық туралы» 34-35 беттер 2018 жыл Алматы.

## Газеттер

1. Оспанова М. З-Г. «В стране равенства и счастья»  
/По ленинскому пути – 2.12.1982г/
2. Оспанова М. З-Г. «Приглашаем на диспансеризацию»  
Заметка. /По ленинскому пути – рай, газета – 29.04.1986г/
3. Оспанова М. З-Г. «Земля у нас одна»  
/По ленинскому пути – 19.12.1992/
4. Оспанова М. З-Г. «Чем опасен бруцеллез»  
/По ленинскому пути – 24.03.1993/
5. Оспанова М. З-Г. «Осторожно: бруцеллез!»  
/По ленинскому пути – 15.04.1994/
6. Оспанова М. З-Г. «Великий пост ораза»  
/По ленинскому пути – 17.02.1996/
7. Оспанова М. З-Г. «Великий пост»  
/Маяк – 9.01.1998/
8. Оспанова М. З-Г. “Жарқын болашақ үшін”  
/Маяк – 9.01.1998г/
9. Оспанова М. З-Г. «Білгенге – тәуелсіздік тайғақ кешу»  
/Солтүстік Қазақстан – 5.12.1999/
10. Оспанова М. З-Г. «Пән кабинеті де шағын кафедра»  
/Солтүстік Қазақстан – 5.01.2000г/
11. Марал Зейнел – Ғабикызы «Маскүнемдік – дерт»  
/Солтүстік Қазақстан – 1508.2000г/
12. Оспанова М. З-Г. «Полимиелит»  
/Солтүстік Қазақстан – 19.09.2000г/
13. Оспанова М. З-Г. «Ит иттігін істемей қоймайды»  
/Солтүстік Қазақстан – 10.05.2000г/
14. Оспанова М. З-Г. ”Аялдама сәндікке қойыла ма?”  
/Солтүстік Қазақстан – 7.07.2000г/
15. Оспанова М. З-Г. “Представитель ВОЗ посетили Бишкуль”  
/Маяк – 15.09.2000г/
16. Оспанова М. З-Г. “Золотые руки”  
/Маяк – 11.05.2001г/
17. Оспанова М. З-Г. “17-маусым медицина қызметкерлерінің  
кәсіптік мерекесі”  
/Маяк – 15.06.2001г/
18. Оспанова М. З-Г. “Еркін де еркелей сөйлеудеміз”  
/Солтүстік Қазақстан – 30.07.2001г/
19. Оспанова М. З-Г. “Мемлекеттік тілді шектеуге болмайды”  
/Солтүстік Қазақстан – 9.04.2002г/

- 20.Марал Зейнел-Ғабиқызы “Әділеттік кісілікке негізделген”  
/Егемен Қазақстан - 13.08.02г/  
21.Марал Зейнел-Ғабиқызы “Тәтті ұғым тудыратын түсінік”  
/Солтүстік Қазақстан – 19.12.2002г/  
22. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Аты шықпайтындай атау жамау керек пе” /Солтүстік Қазақстан – 4.04.2003/  
23. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Ой толғау”  
/Қызылжар және қызылжарлықтар –20.05.2003г/  
24. Оспанова М. З-Г. “Торда бұлбұл да сайрамас”  
/Қызылжар және қызылжарлықтар – 1701.03г/  
25. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Темекі қандай табысқа жетелейді”  
/Солтүстік Қазақстан – 30.04.2003г/  
26. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Олар ұмытылмауға тиіс”  
/Солтүстік Қазақстан –15.10.2003г/  
27. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Өмірге құштар еді”  
/Солтүстік Қазақстан – 01.01.2004г/  
28. Оспанова М. З-Г. “Родом из Ортақколь”  
/Северный Казахстан – 13.11.2004г/  
29. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Қамқорлықсыз қалған ауыл”  
/Солтүстік Қазақстан – 01.03.2004г/  
30. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Кеуденде сәулең сөнбесін”  
/По ленинскому пути –29.07.95г/  
31.Марал Оспанова «Мы, сестра, еще с тобой станцуем»/Сев  
Каз. 28.05.04/  
32.Марал Оспанова «Үмітің үзілмесін» /Солт Қаз 5.07.04/  
33.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Жазушының жоқтауы» (Солт. Қаз)  
26.08.2005.  
34.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Сырласыма сүйенемін».газет (Солт.  
каз) 25.05.2005  
35.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Ұстазым, менің ұстазым» (Солт.  
Қаз) 14.10.2005.  
36.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Сәтті сапар» (Солт.Қаз) 08.03.2006.  
37.Марал Зейнел-Ғабиқызы « Көңілге көктем орнады» ( Солт.  
Қаз) 22.03.2006.  
38.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Талантына тәнтімін» (Солт.Қаз)  
07.08.2006.  
39. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Дәрігерлерді тоғыстырған мереке»  
(Солт. Қаз.) 14.08.2006.  
40.Марал Зейнел-Ғабиқызы «Аты-жөніміз қашан дұрысталады?»  
(Солт.Қаз.) 08.12.2006.  
41. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Аударма сапасы алаңдатады» (Солт.  
Қаз) 19.02.2007.



42. Марал Зейнел-Ғабикызы «Қашан таза болады» (Қызылжар нұры газеті) 24.04.2007
43. Марал Зейнел-Ғабикызы «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» (Солт.Қаз ) 11.05.2007 жыл.
44. Марал Оспанова «Қарттарға құрмет» (Солт.Қаз) 24.09.2007 жыл.
45. Марал Зейнел-Ғабикызы «Кейіпкерлерімен бірге ілгерілеп кеткен жан әкем жәйлі сыр шертсем...» (Солт. Қаз) 19.10.2007 жыл.
46. Марал Зейнел-Ғабикызы «Жат қылықтарға еліктеген қыздар болашаққа нені өнеге етпек?» ( Солт.Қаз) 9-қараша 2007 жыл.
47. Марал Зейнел-Ғабикызы «Қолжетерлік» пе әлде «қолжетімдік» пе? (Солт. Қаз) 07.04.2008.
48. Марал Зейнел- Ғабикызы «Өзің сыйлай білмесең-өзгеге өкпе артпа» /Солт.Қаз. 03.10.2008/
49. Марал Оспанова «Профилактика ишемической болезни сердца» газета «Неделя» 28.11.2008.
50. Марал Зейнел-Ғабикызы «Әжелердей-әдепті, аналардай-ақылды болсын қызымыз» Солт. Қаз.12.12.2008жыл.
51. Марал Зейнел-Ғабикызы «Шошқаның қазысын» көріп шошыдық» ( Ана тілі ) 29.02.2009 жыл.
52. Марал Оспанова « Как гром среди ясного неба» /Неделя СК/ 20.02.2009г.
53. Марал Зейнел-Ғабикызы «Қызылжарым менің!» /Ана тілі/ №11, 25.03.2009.
54. Марал Зейнел-Ғабикызы «Сұлулық» /Ана тілі/ №11 30 апрель-6 май 2009
55. Марал Зейнел-Ғабикызы «Ауызсуды аңсап отыр» /Солт. Қаз/10.07.2009
56. Марал Зейнел-Ғабикызы «Ауызсуға жарымаған ауылым» / Ана тілі/ 6-19.08.2009
57. Марал Зейнел-Ғабикызы «Ардагерлерді ардақтайық» /Солт. Қаз/ 25.09.2009
58. Марал Зейнел-Ғабикызы «Рельспен құрсауланған мектеп енді қанша тұрмақ?» Солт.Қаз 04.03.2010 жыл.
59. Марал Зейнел –Ғабикызы «Татулықты танытқан» Қызылжар нұры, 19.03.2010 жыл.
60. Марал Зейнел-Ғабикызы «Соттасқыш адамды жұрт жүйкесі жұқарған деп ойлайды» сұқпат Ербақыт Амантайұлына Солт.Қаз. 02.09.2010 жыл.
61. Марал Зейнел-Ғабикызы «Жұмыс берушілердің әлімжеттігі ұлымның көңіліне ауыр тиді» Солт.Қаз. 04.10.2010 жыл.

62. Марал Зейнел-Ғабиқызы Оспанова «Не доводит до инвалидности» газета «Неделя СК» 22.04.2011 жыл
63. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Адал еңбекті бағалай білейік» Ана тілі №3 19-25.01.2012жыл
64. Марал Зейнел-Ғабиқызы ««Бір түрлі билбордтар нені жарнамалайды?» Ана тілі газеті№41 11-17.10.2012жыл
65. Марал Оспанова «Грозная болезнь века» Все будет хорошо газеті 14.02.2013 жыл.
66. Марал Оспанова «Вернуть к труду» Сев.Каз газеті 05.0.2014 жыл
67. Марал Оспанова «О специальных социальных услугах» Газета Квартал 16.06.2015г
68. Марал Оспанова « Специальные социальные услуги» Газета Квартал 25.02.2016г
69. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Жігерсіз шашы несі?» мақала «Ана тілі» газеті 16-22.02.2017жыл.
70. Марал ЗЕЙНЕЛҒАБИҚЫЗЫ «Сағындырған ауылым» Егемен Қазақстан газеті 23 қазан 2020

## Өлеңдер

1. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Өзім туралы”  
“Жойылсын соғыс”  
“Сыр ақтарам”  
“Сөз ешқашан өлмейді”  
“Қазағым”  
/Көкшетау – 15.10.1998г/
2. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Елім менің, халқым менің”  
/Маяк – 12.12.1997г/
3. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Келініміз көргенді”  
“Жұлдызың болсын жоғары”  
/Көкшетау – 27.01.1999г/
4. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Асығамын күн сайын...”  
“Мен сүйемін”  
“Жүрегімнің лүпілі”  
/Көкшетау – 8.08.2000г/
5. Марал Зейнел-Ғабиқызы “Қуат берсін күдірет”  
/Солтүстік Қазақстан – 22.03.2000г/
6. Оспанова М. З-Г перевод с М. Жумабаева  
Пряников А. Н. “Возлюбленной”  
“Что такое любовь”  
/По ленинскому пути – 17.08.1993г/
7. Оспанова М. З-Г “Елім менің”  
“Өзім туралы”  
“Сыр ақтарам”  
“Биение сердца”  
“Спешу каждый день”  
“Я люблю”  
“Обними меня”  
“Смятение души”  
/Маяк- 16.02.2001г/
8. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Аналар тойы»/ Қызылжар және Қызылжарлықтар/ 21.03.2003.
9. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Ізdediң бе?»

«Тілегім»  
«Өкінемін текке өткен күндер менен айларға»  
/Солт.Қаз/ 23.09.2005.

10. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Бақыт деген...»  
«Көктем»  
«Қыз қызғалдақ»  
«Асығамын»  
«Көкшіл сәуле көкке қарай жарасқан». (Қаз.әдебиеті гәзеті) 17.  
02.2006.

11. Марал Оспанова «Ұстаздарыма» (Солт.Қаз.)  
06.10.2006.

12. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Далада»  
«Мен өзінді»  
«Көңілімнің көктемі»(Солт.Каз) . 10.11.2007.

13. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Әйел –ана, әйел –жар»(Қызылжар  
нұры) 8 наурыз 2007 жыл.

14. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Ашық аспан, ақ жол тілеп еліме»  
Ана тілі газеті. қаңтар 2012жыл.

15. Марал Зейнел-Ғабиқызы «Ұстаз. Мәдениет қайраткері. Өлкетанушы» Қайролла Мұқанов туралы кітапта «Ұлағатты ұстазы өлкеміздің»- өлең. Петропавл қаласы.2012 жыл.

## Марал Зейнел-Ғабиқызы туралы жазылғандар

1. Ж.Әлімбаев «Қатар соққан қос жүректің жылуы» /Солт.Қаз/ 10.10.1987 жыл.
2. Т.Жарова «Заповедую песню» /По Ленинскому пути/ 01.12.1990 жыл.
3. Т.Жарова «Прописные истины» /По Ленинскому пути/ 13.04.1991 жыл.
4. Альфред Пряников «Молодость души» /Маяк/ 16.02.2001 жыл.
5. Қайролла Мұқанов «Өлеңдері-жүрегінің лүпілі» /Қызылжар және қызылжарлықтар/ 01.05.2003 жыл.
6. Т. Дроздецкая «Строчки мои» /Сев.Каз/ 25.10.2006 жыл.
7. Кітапша «Тағлымы биік қара шаңырақ -75 жылдық тарихтың бір белесі» мектеп түлегі Марал Иманбаева туралы деректер мен сурет. 2005 жыл.
8. Т. Дроздецкая «Груз любви»/Сев.Каз/ 25.10.2006 жыл
9. З.Әкімжанов ««Сырлы сезім» -сүмбіл өлең» /Солт. Қаз/15.12.2006 жыл.
- 10 Александра Даль «Первый Евразийский Саммит деловых женщин» журнал /Мой город/ №1 (15) 2006 жыл
- 11 Алма Жүсіпова «Жүрегім жырды қалайды» /Қызылжар нұры/ 07.03.2008жыл.
- 12.Қайролла Мұқанов «Өлеңдері-жүрегінің лүпілі» кітап «Өлке тұлғалары» Петропавл қаласы. 2008 жыл.
13. Любовь Хомяк «Не будь сыном отца, а будь сыном народа» / Неделя/ газеті 06.03.2009 жыл
14. Қойшыбай Шәниев «Өнер көгіндегі қос қарлығаш» Шал ақын аудандық газеті «Парыз» 17.07.2009 жыл.
15. Тоқтар Зікірін «Маралдың дәптеріне жазылған жыр» кітап «Көңіл көкжиектері» Алматы. 2009 жыл.
16. Ербақыт Амантайұлы «Ақын екі шумақ өлеңін 2 миллион долларға бағалады» газет «Алаш айнасы» 02.06.2010 жыл.
17. Ербақыт Амантайұлы «2 миллион долларға бағаланған екі шумақ» / Сол.Қаз/ 08.06.2010жыл.
18. С.Жолаушин «Бике елі және оның шежіресі» М.З-Ғ туралы деректер Петропавл қаласы. 2011 жыл.
19. Болат Сағындықов «Марал ақын қарындасыма», кітап «Өмір жыры» Петропавл қаласы 2011 жыл.
20. Т.Сүгірбаев «Қызылжар өңірінің зиялы қауымы» 2 том Оспанова М.З-Ғ туралы деректер 245- бет. Петропавл қаласы.2011 жыл.

21. З.Әкімжанов «Сұлу суреттер, мінсіз бейнелер кескінделген шығармалар иесі еді» рецензия жазылған кітап- «Жақсының аты өшпес» Солт.Қаз газеті 28.07.2011 жыл

22. Марат Ермұқанов «Орлы любят высоту» /Сев.Каз/ газеті 30.07.2011 жыл.

23. Алма Абильмажинова «Шашу для Президента» /Сев.Каз/ газеті 01.12.2012 жыл.

24. Книга «Краса и гордость Северного Казахстана» статья «Спешу каждый день» о М.З-Г Оспановой написала А.Абильмажинова.

25. Книга «Имена в истории С.К» 2-том. Написано о М.З-Г.Оспановой г.Петропавловск.2014.

26. Газета «Қызылжар нұры» 27.03.2015 жыл «Алғыс арқалаған дәрігерлер отбасы» мақала авторы Канат Атаманов.

27. Газета «Қызылжар нұры» 29.07.2016 жыл «Оқырмандармен кездесті» авторы Жанаргүл Мейрам

28. Газета «Северный Казахстан» от 30.07.2016г «Любви все возрасты покорны» автор Лев Мамбетов.

## Жарнама

Кәсіпкер В.М.Семидоцких «Богатырский продукт» кәсіпорынында «Барон» макарон бұйымдарының қабына «Елім менің» атты өлеңінің екі шумағын басқан, 2008-20012 жылдарда дүкендерде сатылды. Кәсіпкерге 50 жыл пайдалануға құқық берілген.

## **Мен туралы теле-радиохабарлар**

Телехабарлар:

1. Көксандық күмбірі
  2. Сәлем Қызылжар
  3. Ұрпақ денсаулығы
  4. Диалог
  5. Өнерпаз болсаң
  6. Табыс кілті
- Тағы басқа презентациялар

## **Радиохабарлар:**

1. «Көңілашар» Алматы
2. екінші Петропавл облыстық радиодан



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	5
Ата заңым ардақтым.....	6
Өз елімді қалармын.....	8
Отаным десем.....	9
Тәуелсіздік күніне.....	10
Тәуелсіздік баянды болсын!.....	11
Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын!.....	12
Тәуелсіздік күніне.....	13
Ел үшін еңбек ету - зор абырой!.....	14
Елім менің.....	15
Желтоқсан батырларына.....	16
Тәуелсіздікке арналған салтанатқа.....	17
Қазақстан – алтын ұям.....	19
Далама.....	20
Ел астанасына арнау.....	21
Қызылжарым.....	22
Қызылжар туралы.....	23
Қызылжарым.....	24
Қызылжарым.....	25
Тілегім менің.....	26
Тіл туралы.....	27
Қазақ тілі - елімнің ертеңі.....	29
Ана тілі.....	31
Қазақ тілі.....	32
Ана тілім - қазынам.....	33
Әкемді еске алу.....	34
Әкені аңсау.....	36
Әкем түсіп есіме.....	38
Әкеме.....	39
Бас иемін әкеме.....	40
Анама.....	41
Әйел-ана, әйел-жар.....	42
Анама.....	43
Ошақтың отын өшірмей.....	44
Ана тілегі.....	45
Ана бақыты.....	46
Анам Камеш Байқасқызына.....	47
Анама.....	49
Анам қайтыс болғанына 40 күн.....	50
Туған жерге сағыныш.....	51

Жұлдыздар .....	52
Жолдар, жолдар .....	53
Қимасым .....	54
Қазағым .....	55
Тілегім .....	56
Сағынамын .....	57
Ыстықкөл .....	58
Мектебіме .....	59
Мектебім .....	61
Ұстаздарыма .....	62
Наурыз айы .....	63
Наурыз келді .....	64
Наурыз жырлары .....	65
Наурыз .....	66
Наурыз .....	67
Наурыз жыры .....	68
"Өзінді, жаным, осындай шығар деп едім" .....	69
Наурызға .....	70
Көктем келсе .....	71
Көктем .....	72
Көктем келді .....	73
Жаз келді .....	74
Жаз келді .....	75
Күз .....	76
Күз көрністері .....	77
Қыс таяу .....	78
Қыс көрнісі .....	79
Ауылым .....	80
Имандылық .....	81
Қоңыр дәптер .....	82
Қос қанатым .....	83
Айбарға .....	84
Айдыңға .....	85
Айбарға .....	86
Асылханым .....	87
Айдосқа .....	89
Айдос бірге толғанда .....	91
Ердарға .....	92
Ердарға 1 жас .....	93
Асылжанның 1 жасқа толғанына .....	94
Немерем Қайсарға .....	96
Әр балаға арнау .....	97

Көңіл күйі .....	98
Жалғыздық туралы.....	99
Мен неге мұңаямын.....	100
Бала досқа .....	101
Айтарым бар.....	102
Өзгешемін .....	103
Танымаймын мен айнадан өзімді .....	104
Өмір туралы.....	105
Өмір өткелдері.....	106
Бақыт туралы.....	107
Тілегім.....	108
Өзім туралы .....	109
Қайран ағаларым.....	110
Жеңіс күніне .....	111
Әжем Бәди Ақшалқызына .....	112
Өсиетім.....	113
Арыма.....	114
Өзім туралы .....	115
О, тіршілік! .....	116
Сырласу.....	117
«Сағынышы мендей ме екен баршаның» .....	118
Өкінемін текке өткен күндер менен айларға .....	119
Іздейтінім - ізгілік .....	120
Жыртысымды жырtpасын .....	121
Бала ғашық.....	122
Балалық шақты еске алу.....	123
Сарыарқада сары күзде туып ең.....	124
Арманшыл қыз .....	125
Балағашық.....	126
Туған күн құтты болсын!.....	127
Іздедің бе? .....	128
Керуенбасым.....	129
Өмір жәйлі ой.....	130
Мен өзіңді.....	131
Жақсы екен.....	132
Жаныңда болсам.....	133
Алғашқы қар Алматыда .....	134
Нұрлы сезім Алладан.....	135
Мен сенің шынарыңмын .....	136
Шымбұлақта .....	137
Сезім.....	138
Махаббат мұңы.....	139

Махаббат - нұрлы дүние ғаламат.....	140
Тілегім.....	142
Сыр.....	143
Құрбыларға.....	144
Әсемдікті қимаймын.....	145
Арман.....	146
Асығамын.....	147
Өмір заңы.....	148
Бакуге барғанда.....	149
Шіркін-ай!.....	150
Көңілімнің көктемі.....	151
Жастық шақ.....	152
Ару қыз.....	153
Сүйіспеншілік туралы ой.....	154
Алдамшы сезім.....	155
Сенсің жаным.....	156
Білмеппін.....	157
Сені іздедім.....	158
Абайға.....	159
Абайдың 60-қа толу тойына арнау.....	160
Аймала мені.....	161
Наз.....	162
Бақыт деген.....	163
Шынарға.....	164
Айданаға.....	165
Айсара.....	166
Сырғанақта.....	167
Қыз – қызыл гүл.....	168
Көңіл толқындары.....	169
Сен менің жастығымсың алаулаған... ..	170
Керегі жоқ алтын, күміс бергеннің... ..	171
Алғашқы сезім.....	172
Неге ұмыттың?.....	174
Өлең жазсам... ..	175
Жырларым.....	176
Ақынға.....	177
Замандасқа.....	178
Оқырманмен сырласу.....	179
Сөз қадірі.....	180
Сусындаған бұлағым.....	181
Өлеңдерім – жүрегімнің лүпілі.....	182
Шешенстанға.....	183

Шешенстанға.....	184
Ән.....	185
Алтынға.....	186
Әпкеме.....	187
Ботагөзге 60 жас.....	188
Ботагөз әпкемнің рухына.....	189
Айнұр Зиннұрқызына.....	190
Біздің көше.....	191
Қапыда қаза болған Нариманға.....	192
Ұстазым Ишанғали Қасымовтың қазасына.....	193
Дәрігер Амангелді Жаксылықұлын еске алу.....	194
Сайлаубек Ысқақұлының рухына.....	195
Ананың зары.....	196
Бауырым Зейнұрды еске алу.....	197
Жер сатылмасын!.....	198
Зәуреш Қайыржанқызының рухына.....	199
Болатбектің қазасына.....	200
Болатбектің жылына.....	201
Бауырларыма.....	202
Өмір туралы.....	203
Қосағыма.....	204
Шабыт.....	205
Кейбір жан.....	206
Азамат деп.....	207
Көңіл күйлері.....	208
Ақын Қанипа Бұғыбаеваға.....	209
Сабыржан ағаны еске алу.....	210
Досым Күлтай Махметоваға.....	211
Кұрбым Нәйлаға.....	212
Сапар Дүйсенов ағамның шөбересі Ескендірге.....	213
Альфред Николаевич пряниковқа.....	214
«Асыл мұра» орталығына 10 жыл.....	215
Қайролла ағама арнау.....	216
Кұдай қосқан құдамыз Ерғажы Темірғажыұлына.....	217
Жаңа Жылға тілек.....	218
Жаңа Жыл.....	219
Жаңа жылға тілек.....	220
Жаңа Жыл.....	221
Жаңа Жыл құтты болсын!.....	222
Ақын Абай ескерткіші жанында.....	223
Сыныптасым Кенжебайдың Рухына.....	224
Оразбике Сақтағанованың әкесі Жанғожа Садыбековтың рухына.....	225

Кене апамның қазасына.....	227
Мектеп мұражайына 35 жыл.....	228
Менің сүйікті телеарнам және радио.....	229
Үйлену тойына.....	231
Соколовка ауруханасына 70 жыл.....	232
Төрт мүшел жас.....	234
Бес мүшел жас.....	235
Қос қайың.....	236
Ақынға арнау.....	237
Жиеншарым Асылханға.....	238
Нағашыма.....	239
Жаратқанға жалбарыну.....	241
Сапарғали Уалиұлы Жолаушытегі – асыл ағамыздың қайтыс болғанына 40 күн.....	242
Күйші Серікбай Бәриұлы ағамыздың 80 жасқа толуына арнау.....	244
Арнау.....	246
Арысым! Азаматым!.....	248
Шаттанамын.....	251
Кездесу кешіне арнау - ЦГМИ 1976.....	253
Дүние жалған.....	254
Өлеңіммен өлмеймін.....	255
Сырласа алмай өтерміз.....	256
Адамның ыстық көңілі.....	257
Батырлар күні құтты болсын!.....	258
Жақсы жандар.....	259
Өмір - өзен.....	260
Кіндік Қызым Заринаға.....	261
Аязға.....	262
Асияға анасы Аяжанның тілегі.....	263
Жемқорлық туралы.....	264
Амантай Сәбитұлының 61 жас мүшелтойына арнау.....	265
Мүтәллап ағаның 75 жасқа толуына құттықтау.....	266
Жездем Құрман Мәкімұлы Ахметовты жоқтау.....	267
Қалаш аға мен Рәш апайдың тойлары құтты болсын!.....	268
Далам менің-мекенім құт дарыған.....	269
О, дүние!.....	270
Арайлым мен Жанболаттың үйлену тойына.....	271
Ақын Тоқтар Зикиринге.....	272
Соңғы тілек.....	273
Ауылым Ортақкөлім – Атамекен.....	274

**Ақын М. З-Ғ. Оспанованың  
шығармашылы мен өмірі туралы деректер**

Кітаптар.....	285
Газеттер.....	286
Өлеңдер.....	290
Марал Зейнел-Ғабиқызы туралы жазылғандар.....	292
Жарнама.....	294
Мен туралы теле-радиохабарлар.....	295
Радиохабарлар:.....	295





**ОСПАНОВА**  
**Марал Зейнел-Ғабикызы**

**ӨЛЕҢДЕРІМ-ЖҮРЕГІМНІҢ ЛҮШЛІ**

Верстка: Ржавина Е.В.

Сдано в набор 20.06.2021 г.  
Подписано в печать 12.07.2021 г.  
Формат 60X84 1/16.

Бумага офсетная. Печать офсетная, 19 усл.п.л.

Отпечатано в ТОО «Издательство «Северный Казахстан»  
150001, г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5